

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР  
ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ» ИНСТИТУТЫ**

**«ҚҰҚЫҚТАНУ» КАФЕДРАСЫ**

**АБДУКАРИМОВА Ж.С.**

**І-ШІ САТЫДАҒЫ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ  
ЕКІНШІ БАСЫЛЫМ, ТОЛЫҚТЫРЫЛҒАН, ҚАЙТА ӨНДЕЛГЕН  
(050301 «ЮРИСПРУДЕНЦИЯ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ОҚЫТЫЛАТЫН  
СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ)**

**АКТАУ, 2011**

УДК 347.91/95  
ББК 67.71я7

**СЫН ПІКІР БЕРУШІ:   з.ғ.д., профессор Ағдарбеков Т.А.  
                                  з.ғ.к. Паридинова А.Е.  
                                  з.ғ.к. Ауешова Б.Т.**

**Абдукаримова Ж.С.**

І-ші сатыдағы сот ісін жүргізу тәртібі: Оқу -әдістемелік құралы. –Ақтау.  
Ш.Есенов атындағы

Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті  
2011. -119 бет.

ISBN 9965-697-92-2

Оқу-әдістемелік құралы азаматтық іс жүргізу құқығындағы І-ші сатылық сот ісін жүргізудегі негізгі мәселелерге арналған. Мұнда сот ісін жүргізудің теориялық және тәжірибелік негізгі ережелеріне талдау берілген.

Оқу әдістемелік құралда студенттерге арналған азаматтық іс жүргізу құқығының дәрістік сабақтарда оқытылатын сұрақтарда қолданатын, семинар және практикалық сабақтардың тақырыптарында керек материалдар; көмекші және студенттердің өзіндік жұмысын орындауға қажет мәліметтер қамтылған.

ББК 67.71.я7

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің Оқу әдістемелік кеңесінің шешімімен басылымға жіберуге ұсынылған

**1203021300  
00(05)-05**

ISBN 9965-697-92-2

© Ш. Есенов атындағы.КМТЖИУ, 2011г.

## Кіріспе

Азаматтық процесс кез келген қызмет түрі сияқты жүйелі түрде жүзеге асырылатын белгілі бір іс-әрекеттердің жүйесін білдіреді. Азаматтық іс жүргізуге қатысты бұл іс-әрекеттер сатылар арқылы жүргізіледі.

Іс жүргізу сатысы – белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталған процессуалдық әрекеттерді біріктіретін сот өндірісінің бөлігі болып табылады.

Мен осы жұмыстың екінші бөлімінде көрсеткенімдей азаматтық іс жүргізу сатыларының түрлері туралы мәселеге қатысты түрлі ғалымдар түрліше түсініктер беріп, белгілі бір іс жүргізу жұмыстарын саты түсінігіне енгізсе, енді біреулері оларды сатыға жатқызумен келіспейтіндіктері туралы түрлі пікірлер білдірілді. Бұл пікірлер азаматтық процесс сатыларын айқындауда әлі де қарама-қайшылықтар барлығын көрсетеді.

Кеңес өкіметі ыдырағаннан кейінгі аз ғана уақыт ішіндегі экономиканы реформалау мен шаруашылық жүргізудің нарықтық моделіне өту жөніндегі кең көлемді шараларды жүзеге асыру тәжірибесі – мемлекеттің әлеуметтік – экономикалық процестерге араласуы – объективті қажеттілік екендігін түпкілікті түсінуге мәжбүр етті. Қазақстан Республикасы азаматтық іс жүргізу құқығында оның сатыларының маңызы, оның аталған құқық саласындағы иеленетін орнының дәрежесі жаңаша көзқарас тұрғысынан кешенді түрде қарастырылды. ҚР Конституциясының 76-бабы талаптарының сақталуының бірден-бір кепілі – іс жүргізуді заң талаптарына сәйкес дұрыс әрі негізді жүргізу, оның ішінде әрбір іс жүргізу сатысын тек қана қағаз жүзінде емес, іс жүзінде де өз ретімен, дұрыс іске асырудың маңызы ерекше екендігі айқындалып қарастырылды.

«Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасында» сот жүйесін жетілдіру нәтижесінде түрлі сот инстанциялары функцияларының қосарлануы жойылуға тиіс делінген. Осыған сәйкес еліміздің сот жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша азаматтық іс жүргізу кодексіне азаматтық іс жүргізу сатыларына қатысты енгізілген соңғы өзгертулер мен жаңалықтардың бұрынғы азаматтық іс жүргізу кодексімен салыстырғанда артықшылықтары мен ерекшеліктері қарастырылды. Бұрынғы азаматтық іс жүргізу кодексінің азаматтық іс жүргізу сатыларына байланысты кем тұстары қазіргі қолданыстағы кодекспен салыстырылып, талдау жасалынды.

Сондықтан бұл жұмыста аталған мәселелерді әдебиетпен қамтамасыз етудегі орын алып отырған кемшілікті республикамыз бойынша мәліметтер негізінде түзетуге әрекет жасалынған. Оқу-әдістемелік құралда мазмұндық құрылымы «ҚР азаматтық іс жүргізу құқығы» пәнінің бағдарламасына сәйкес болып келеді. Бұл кітапша жоғарыда аталған пәнді оқып-үйренуге арналған оқу құралдарының алғашқы бөлімі ғана.

## 1. Тарау. Оқу пәнін оқытудағы жалпы әдістемелік нұсқаулықтар

Соңғы жылдардағы жүріп өткен тарих сүрлеуі, еліміздің еңсесін түптеп көтеруіне негіз болатын кезең. Кеңестік дәуірдегі даулы мәселелерді созбақтатып жіберетін ішкі тамырсыз құрылымнан, дауды нақты шешуге бейім тәуелсіз сот жүйесіне бет алдық.

Ішкі тұрақтылық қандай да бір ел болмасын тиімді. Ел өрісінің алға жылжуына септігін тигізетін қоғамдық күш сыры ішкі тұрақтылықта. Қазіргі ішкі тұрақтылықта сот жүйесінің атқарып келе жатқан ізгі еңбектері, игі істері ұшан теңіз.

Азаматтық іс жүргізу - бұл азаматтық-құқықтық мамандандудың студенттері үшін кәсіптік арнайы заң тәртібі. Оны білу жоғарғы заң және орта арнайы оқу орындарындағы студенттер үшін, яғни жеке және заңды тұлғалардың азаматтық-құқықтық мүдделерін қорғау бойынша практикалық жұмысын жоспарлауға өте қажет. Олар күнделікті қызметтерінде өздері күрделі мәселелер бойынша шешімдерді дербес қабылдайды, азаматтық процессуалдық заңмен реттелген іс жүргізудің тәртібі мен әрекеттерін орындау, тағы да нысаны мен мазмұны кейде заң актілерімен реттелген заң құжаттарын құруды орындайды. Сондықтан да азаматтық құқық теориясын терең қабылдау, азаматтық іс жүргізу заң актілерінің нормаларын білу мен оны практикада қолдану - азаматтық процессуалдық заң актілерінің қатаң бақылануы мен дұрыс қолдануда сәтті, сапалы практикалық қызметтің міндетті шарты болып табылады.

Азаматтық іс жүргізу - жеткілікті түрде күрделі оқу тәртібі. Оны зерттеудің қиындығы біздің пікірімізше мына жағдайлардан көрінеді.

Біріншіден, барлық заң тәртібі сияқты азаматтық іс жүргізу заң актілерінің бағалау категориясында кең қолданылумен абстрактілі мағынаға ие. Абстрактілі тәртіптер анықталған, онда қоғамдық қатынастар орын алған.

Екіншіден, оқу курсының барлық тақырыптары бір-бірімен тығыз байланысты, бір бүтінді құрайды, әрқайсысы жеке ішкі логикасы мен жүйелері бар.

Үшіншіден, азаматтық іс жүргізу - азаматтық процессуалдық заңмен бекітілген өндірістегі процессуалдық әрекеттердің белгіленген тәртібі және азаматтық істерді қарау мен шешу туралы шешім қабылдауды іске асырады. Бұл тәртіп өзіне жағдайлар, негізділік, кезектілік және де заңмен реттелетін басқа да ережелер. Сондықтан да азаматтық іс жүргізуді зерттеуде жеткілікті есте сақтау қабілеті болу қажет, өйткені оқу материалының көп бөлігі элементарды сақтауды талап етеді.

Азаматтық іс жүргізуді зерттеу кезінде бұрынғы өткен оқу материалымен байланысын анықтау керек және мазмұны жағынан өткен оқу тәртібіне сүйенеді. Бұл жоспарда азаматтық құқыққа ерекше көмекті мемлекет және құқық теориясы, құқық қорғау органдары, қылмыстық сот өндірісі береді.

Азаматтық іс жүргізуді зерттеудің негізіне оқу бағдарламасы жатады. Бағдарламаның мағынасы оқу біткенге дейін әр студенттің оқу тәртібі бойынша алатын білім көлемін көрсетеді. Ол оқытушылар үшін де бағыт-бағдар болады.

Азаматтық іс жүргізу және басқа сабақтардың дәрістердің тыңдаушылардың барлығы қатысуы тиіс және әрқайсысы белсенді қатысып, әр сабаққа тыңғылықты дайындалу керек, оқу бағдарламасы мен тематикалық жоспар мен бекітілген бақылаулық, курстық және басқа жұмыстар адал және дербес орындалуы қажет.

Тыңдаушыларға әр материалды қабылдаудың негізгі нысаны болып өзіндік жұмыс болып табылады.

Азаматтық іс жүргізуді ғылыми әдебиеттерге сүйенбеу зерттеу мүмкін емес. Ғылыми мақалалармен танысу азаматтық іс жүргізу заң актілерінің қалыптасу кезеңінде маңызды орын алады, өйткені олардың заң актілерінің өзгеруіне жедел назар аударады. Ғылыми еңбектерді (мақала, монография, оқу құралы) зерттеуде олардың авторлары туралы мәліметтерді, ғылыми еңбектердің негізгі ережелерін, қағидалы дискуссиялық көзқарастарды ұмытпай есте сақтау керек.

Құқықтанушы мамандығын иеленуші студенттің өзінің заң кітапханасы болу қажет.

Азаматтық іс жүргізу курсы зерттеу соңы емтиханды тапсырумен бітеді. Курстық және мемлекеттік емтихан азаматтық іс жүргізу теориясын зерттеудің қорытындыларын жүргізу, азаматтық іс жүргізу заң актілерін және азаматтық процесті соттың практикалық қызметі мен азаматтық істерді қарау мен шешудегі басқа қатысушыларын көрсетеді. Емтиханға дайындалу үшін күш жігер, физикалық және интеллектуалдық күшті, оқу курсының материалы бойынша аналитикалық тәсіл жасауды талап етеді. Оның мазмұнына азаматтық іс жүргізу заң актілеріне өзгерістермен енгізілген өткен материал бойынша қайталау, білімнің тереңдеуі, азаматтық іс жүргізу құқығының Жалпы және Ерекше бөлім нормаларын қолдану енгізілген.

Курстық және мелкеттік емтихандарды студенттер билет бойынша тапсырады. Билет сұрақтарына жауаптары анық, логикалық және максималды нақты болу керек. Студенттер емтихандарда өздерінің азаматтық іс жүргізу нормаларының нақты қолдану әдістері мен тәсілдерін көрсетеді.

Азаматтық іс жүргізу бойынша емтиханды қабылдауда өкінішке орай тыңдаушылардың көбісі азаматтық іс жүргізудің Жалпы бөлімінің сұрақтарын толық біле алмайды. Оларға мына сұрақтар жатқызылады:

- азаматтық іс жүргізудің ғылым ретінде түсінігі;
- азаматтық іс жүргізу нысаны мен азаматтық іс жүргізудегі кепілдіктер;
- азаматтық сот өндірісіндегі құқық қатынастарының мәні мен апнайылығы;
- азаматтық іс жүргізудің сатыларының түсінігі мен олардың жалпы сипаты;
- іс жүргізудің қатысушыларының түсінігі мен олардың жіктелуі;
- азаматтық іс жүргізудегі дәлелдемелер мен олардың жіктелуі;
- дәлелдемелердің жеке түрлерінің сипаты;
- азаматтық іс бойынша дәлелдеудің міндеттілігі;
- дәлелдемелерді бағалаудың ережелері мен қағидалары;

Азаматтық іс жүргізу құқығының ерекше бөлімінде студенттер мына келесі толық емес сұрақтарды қабылдайды:

- талап беру құқығы мен талапқа құқықтың айырмашылығы;
- сот бұйрығының негізінде шығынды өндіріп алу тәртібі;
- сырттай өндірістің негізі мен тәртібі және сырттай шешім шығару;
- азаматтық іс бойынша өндірісті тоқтата тұру мен қысқарту негіздері;
- әкімшілік құқықтық қатынастардан туындаған істер бойынша өндіріс ерекшелігі;
- атқару өндірісі;

Сондықтан да емтиханға дайындығында көмекші рөл атқарады. Бірақ ол алғашқы қайнар көздердің орнын баса алмайды: заңдардың мәтіндерін, оқулықтар мен оқу құралдарды, монографиялық және басқа да ғылыми әдебиеттердің.

Бүгінгі өмір талабы, Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2008 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында айтқанындай, «сот жүйесі қазақстандықтардың құқықтарының әділ де тиімді қорғалуын қамтамасыз етуге тиіс» болып отыр. Шын мәнінде осы уақытқа дейін тәуелсіз әрі шешім қабылдауда барынша объективті, шенеуніктердің үстемдігінен азат, жемқорлықтан бойын аулақ ұстайтын сот құру үшін бірқатар пәрменді шаралар қабылданды.

«Азаматтық іс жүргізу құқығы» оқу пәні заңгер мамандығын оқытудың негізгі міндетті пәндер қатарында. Бұл пәнді оқытуда әрдайым оның күрделілігімен қатар оқу процесінде қолданатын маңызды көлемді нормативті қайнар көздерін пайдалану назарда болған. Бұл оқу пәнін жоғарғы курстарда оқыту жалпы ережедей кеңестік кезеңнен, қазіргі жоғарғы оқу орындарының оқу бағдарламаларында қолданыста.

«Юриспруденция» мамандығын оқытудағы жаңа кредиттік технологиялар арқылы оқыту, оқу процесіне маңызды өзгерістер енгізді; пәннің оқу жоспарының талаптарына оқыту курс көлемін сәйкестендіру мәселелерінде күрделілік пайда болды. Осы және басқада мәселелер салалық заңнамаларға енген Қазақстан Республикасының Конституциясы әркімге өз құқықтары мен бостандықтарын заңмен тыйым салынбаған барлық тәсілдермен қорғауға кепілдік береді. Өйткені Елбасымыз айтқандай: «Құқық жоқ жерде – бостандық да, демократия да жоқ». Бұзылған субъективтік құқықтар мен заңды мүдделерді қорғау үшін сотқа жүгіну құқығы – сот әділдігіне қол жетерліктің айқын көрінісі болып табылатын ауқымды, демократиялық, конституциялық құқық. Конституцияда баршаның заң мен сот алдындағы теңдігі және де Қазақстан Республикасы азаматтарының сот әділдігін жүзеге асыруға қатысу құқықтары бекітілген.

Сот әділдігі адамдар арқылы жүзеге асырылатын болғандықтан, соттық қателіктердің мүлдем болмауы мүмкін емес. Сот қателіктерін біршама азайтуға мүмкіндік беретін тәсілдердің бірі – сот актілерін қайта қарау жүйелерін құру болып табылады. Сондықтан да өзге алдыңғы қатарлы дамыған елдердегідей,

Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасында да осындай жүйе бар. Барлық іс жүргізу әрекеттері сатыларға бөліне отырып жүргізіледі.

Жалпы ереже бойынша азаматтық құқықтардың қорғалуы сот процесі арқылы жүзеге асырылады. Азаматтық процесс азаматтардың ар-намысын қорғаудың, еңбек және басқа да дауларды шешудің, азаматтық-құқықтық қатынастың барлық субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етудің тиімді құралы болуы тиіс. Аталған міндеттерді іске асыру судьялардың, прокурорлардың, адвокаттардың, заңгерлердің жұмысында біліктілікті талап етеді.

Азаматтық процестің түсінігі азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымында оның тарихы мен дамуының бүкіл уақытында талқыланып келе жатыр. Кейбір авторлар азаматтық процестің кең, ауқымды түсіндірмесін беріп, оның негізгі компоненттерінің құрамын ашып беруге тырысады. Өзге көзқарастың өкілдері азаматтық процестегі процессуалдық қызмет пен процессуалдық қатынастардың арасындағы байланыстың толық, жан-жақты талдауына негізделген азаматтық процестің күрделі құрамы туралы идеяны қолдайды.

«Азаматтық іс жүргізудің сатылары» түсінігі де бір мағыналы емес. Түрлі авторлар азаматтық іс жүргізудің сатыларының екіден жетіге дейінгі түрлерін бөліп көрсетеді. Өз кезегінде бұл жағдай азаматтық процестің теориясын оқып меңгеруде белгілі бір кедергілерге әкеп соқтырады. Болашақ заңгер үшін бұл сатыларды айқындап, олардың өзіндік ерекшеліктерін, қазіргі қоғамда кездесіп отырған олардың теориялық және практикалық мәселелерін зерттей білу маңызды деп ойлаймын.

## **2. Тарау. Азаматтық іс жүргізу сатылары: түсінігі, қалыптасуы мен дамуы**

### **1. Азаматтық іс жүргізу сот өндірісінің түсінігі.**

Азаматтар немесе ұйымдардың құқығын басқа басқа тұлғалар тарапынан бұзған жағдайда, сондай-ақ құқықтың алдағы уақытта бұзылу қаупі болғанда қорғаудың белгілі бір шараларын объективті қолдану қажеттігі пайда болады. Ол міндетті тарапқа қатысы бойынша құқықтың қорғалу тәсілі.

Құқықтың қорғалу тәсілі-материалдық құқық категориясы болып табылады. Құқықты қорғау тәсілі Қазақстан Республикасының азаматтық кодексіне берілген.

Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар "Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялар мәртебесі туралы жарлығы 5-бабының 1 және 2 тармақтары әр азаматқа мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды және басқа тұлғалардың Қ.Р.Конституциясында және заңдарында көзделген құқықтарына, бостандықтарына және заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін заңсыз шешімдері мен әрекеттерінен сот арқылы қорғалуына кепілдік береді.

Құқықтың қорғау нысаны-процессуалдық сипаттағы категория. Құқықты қорғау формасы деп құқықты қорғау бойынша тиісті органдардың қызметінің заң жүзінде анықталуы: ол- құқық нормаларының қолданылуы іс жүзіндегі жағдайды анықтау бойынша құқықты қорғау тәсілін және шешім шығаруды

анықтау. Заң жүзіндегі құқықты қорғау тәсілін қолдану бір ғана емес, құқықты қорғаудың бірнеше нысандарымен жүзеге асырылады.

Құқықты қорғау нысандарының көп түрлілігі бірқатар факторлардың әрекетімен түсіндіріледі.

Құқықтың бұзылуы немесе дау тудырған азаматтық құқықтарын қорғаудың жүзеге асырылуы іс жүргізу заңдылықтарында бекітілген сотта қаралады. Соттар азаматтық отбасылық, еңбек түрғын үй, әкімшілік, қаржы, шаруашылық, жер құқықтық қатынастардан, табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау жөнінде қатынастар мен басқа да құқықтық қатынастардан, оның ішінде бір тараптың екінші тарапты билікпен бағындыруына негізделген қатынастардан туындайтын даулар жөніндегі талап қоюды қарайды.

Мемлекеттік орган немесе оның лауазымды адамы қабылданған актіге сотта дау жасалуы мүмкін.

Егер халақаралық шартта ҚР заңдарында немесе тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе соттар шетелдік азаматтар, азаматтығы жоқ адамдар, шетелдік ұйымдар, шетелдік заңды тұлғалар, шетел қатысатын ұйымдар, сондай-ақ халықаралық ұйымдар қатысатын істерді қарайды.

Заң бойынша соттың құзыретіне жатқызылған басқа да істер сотқа бағынысты болады.

Азаматтық істерді қай соттың қарауына жататындығының топтық түрі және аймақтық түрі:

- топтық соттылық сот жүйесінің әр түрлі сатысындағы соттарға істің соттылығы;

- аймақтың соттылық - сотта істі қарау аумағына байланысты осы соттың құзыретіне жатқызылған соттылық.

Топтың соттылық дауды мәні бойынша қай деңгейдегі (аудандық, облыстық, жоғары) сот қарайтынын белгілейді.

Аудандық, қалалық сотта және оған теңестірілген соттың сотталуына жататын азаматтың істер ҚР АІЖК-нің 28-30 - баптарында көзделген істерді қоспағанда қалған барлық азаматтық істер қаралып шешіледі.

Облыстық және оған теңестірілген соттар бірінші сатыдағы соттар ретінде ҚР АІЖК-нің 28-бабына сәйкес:

1-министрліктер, басқада республикалық атқарушы органдар мен Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын, есеп беретін органдардың нормативтік-құқықтық актілеріне дау айту туралы.

2-облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) сайлау комиссияларының, сондай-ақ облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) референдум комиссияларының шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айтуы туралы азаматтық істерді қарайды.

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері немесе консулдық мекемелері лауазымды адамдарының заңға қайшы әрекеттеріне талап қоюы жөніндегі істерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің, министрліктер мен басқа да республикалық атқарушы органдардың және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей



бағынатын, есеп беретін органдардың азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, ұйымдардың құқықтарына қатысты нормативтік емес актілеріне дау айту туралы, Қазақстан Республикасының және (немесе) басқа мемлекеттің аумағында экстремизмді немесе террористік қызметті жүзеге асыратын шетелдік немесе халықаралық ұйымды экстремистік немесе террористік ұйым деп тану туралы істерді Астана қаласының соты қарайды.

Алматы қаласының аймақтық қаржы орталығы қатысушыларының Алматы қаласының аймақтық, қаржы орталығының лауазымды адамдары мен органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдануы туралы істерді, басқа да азаматтық істерді, егер тараптардың біреуі Алматы қаласының аймақтық қаржы орталығының қатысушысы болса, мамандандырылған қаржылық соты қарайды.

ҚР-ның Жоғарғы соты бірінші саты бойынша (ҚР АІЖК-нің 29-бабы):

1 -ҚР-сы Үкіметінің нормативтік құқықтық актілеріне.

2 -Республикалық референдум. ҚР-ның Президентін және ҚР-сы Парламент депутаттарын сайлауды дайындау мен өткізу жөніндегі ҚР-сы орталық сайлау комиссиясының шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айту туралы істерді қарайды.

Қазақстан Республикасының халықаралық шартына сәйкес басқа да істер Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотында қаралуға жатқызылуы мүмкін.

Сондай-ақ мамандандырылған соттардың қаралуына жататын азаматтық істер де топтық соттылыққа жатады (ҚР АІЖК-нің 30-бабы). ҚР сот жүйесі мен соттар мәртебесі туралы конституциялық заңның 3-бабының 3-бөлігіне және 6-бабының 1-бөлігіне сәйкес, сондай-ақ, ҚР-ның "Мамандандырылған ауданаралық экономикалық және әкімшілік соттар құрылуы туралы" (09.02.2002 жылы қабылданған) Президенті Жарлығына сәйкес мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар Астана, Алматы қалаларында, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарында құрылуы тиіс. Сонымен қатар Астана және Алматы қалаларында мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттары құрылуы тиіс.

Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар, ҚР АІЖК-нің 28-бабының бірінші бөлігінің 3), 4) тармақшаларында, екінші бөлігінде, 29-балта көзделген істерді қоспағанда, тараптары заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын азаматтар, заңды тұлғалар болып табылатын мүліктік және мүліктік емес даулар жөніндегі азаматтың істерді қарайды.

Мамандандырылған аудандық және соларға теңестірілген әкімшілік соттар әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдардың (лауазымды адамдардың) қаулыларына дауласу туралы істерді қарайды.

Әскери соттар Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілерінің, әскери жиындардан өтіп жүрген азаматтардың әскери басқарудың лауазымды адамдары мен органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдануы туралы азаматтың істерді қарайды. Әскери соттар, егер тараптардың бірі әскери қызметші, әскери басқару

органдары, әскери бөлім болып табылса, басқа да азаматтық істерді қарауға құқылы.

Азаматтық істердің басқа мамандандырылған соттардың соттауына жатқызылуы ҚР АІЖК-мен белгіленеді.

Егер арызда бір-бірімен байланысты талаптар қойылып, олардың бірі аудандық (қалалық) сотқа, бірі жоғары тұрған сотқа қарасты болса, егер басқа іске қатысушылар бұған қарсы болмаған жағдайда, барлық талаптар жоғары тұрған соттың қарауына жатады (ҚР Жоғарғы Соты Пленумының №9 қаулысы, 30.06.2000 ж.)

Сот төрелігі сот билігін жүзеге асырудың негізгі нысаны бола отырып, сот отырыстарында судьямен (сотпен) азаматтық іс жүргізу, әкімшілік іс жүргізу және қылмыстық іс жүргізу заңнамасы белгілеген тәртіппен азаматтың, әкімшілік және қылмыстың істерді сот ісін жүргізу нысанында қарауды және шешуді түсіндіреді. Мұндай соттың биліктік өкілеттілігін кімнің де болса иеленуі заңда көзделген жауаптылыққа әкеліп соғады (ҚР АІЖК-нің 7-бабының 1-бөлігі). Тиісінше заңнамада қандай да бір атаулармен арнайы және төтенше соттар құруға жол берілмейтіндігі көрсетілген, сондай-ақ мұндай соттар шешімінің заң күші болмайтыны және орындалуға тиісті еместігі көзделген.

Түрлі құқықты қорғау нысандары арасында сот жетекші рольді атқарады, оның қызметі азаматтық іс жүргізу құқығының нормаларымен белгіленген. Адамдардың бұзылған құқықтарының сотпен қаралуы тиімді болып келеді.

Сот арқылы қорғалу құқығы- конституциялық құқық болып табылады. Әркімнің құқығы мен бостандығы сот арқылы қорғалуына кепілдік беріледі. Азаматтардың құқығын қорғау кезіндегі сот билігі азаматтық сот өндірісі арқылы жүзеге асырылады.

Азаматтық сот өндірісі деп-азаматтық іс жүргізу құқығы мен нормаларымен анықталған азаматтық іс бойынша тәртібі айтылады.

Азаматтық істер деп- құқық қатынастарының кең спектрінен - Конституциялық, әкімшілік, қаржы, жер, азаматтық, еңбек, тұрғын үй және тағы басқа келіп шығатын істер айтылады.

Азаматтық сот өндірісінің міндеттеріне азаматтарды ұйымдардың және олардың бірлестіктерінің мүдделерін заңмен қорғауын және олардың құқықтары мен бостандықтарын заңмен қорғау жатады.

Сот органдары құқық тәртібін нығайтуда үлкен роль атқарады, құқық бұзушылық пен белсенді түрде күрес жүргізіп, мемлекетпен азаматтардың, мүддесін қорғайды. Өзінің барлық қызметінде адамдарды, заңдарды бұлжытпай сақтауға тәрбиелейді.

Сот органдары қызметінің бір түрі міндеттердің үлкен ауқымын орындайтын азаматтық сот жүргізу ісі болып табылады. Ол міндеттерге қоғамдық және мемлекеттік құрылысты қорғау шаруашылық пен жеке меншік жүйесін, саяси, еңбек, тұрғын үй және азаматтардың басқа да жеке әрі мүліктік мүдделерін қорғау мақсатындағы, сондай-ақ мемлекеттік кәсіп орындарының, мекемелерінің, кооперативтерінің, қоғамдық ұйымдардың заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау мақсатындағы азаматтық істерді тез арада, дұрыс қарап шешу жатады.

Азаматтық сот төрелігі сот мәжілістерінде азаматтардың, мемлекеттік кәсіпорындарының мекемелердің, кооперативтермен басқа да қоғамдық ұйымдардың құқықтары мен мүдделерін қорғайтын даулар бойынша азаматтық істерді қарап, шешім шығаруды жүзеге асырады.

Азаматтық сот жүргізу ісінде әділетті заңдылықтың азаматтық сот арқылы қорғалуы, заңдылықтың тек сот арқылы іске асуы, азаматтардың заң және сот алдындағы теңдігі, істі қараудағы алқалық, соттардың тәуелсіздігі және олардың тек заңға ғана бағынуы мемлекеттік тіл, сот жүргізудің жариялығы тәрізді конституциялық негіздерге сүйенеді.

Сот арқылы қорғануға азаматтардың құқығының мәні кез-келген адам және ұйым заңдық тәртібімен белгіленген субъективті құқығы, мүддесі бұзылып немесе нұқсан келтірілген жағдайда қорғану үшін сотқа өтініш береді. Ол талап арызда өзінің талабын негіздеп көрсетеді.

Алайда сот арқылы қорғалу құқығын тиімді пайдалану үшін қай сотқа шағымдану қажет, сотқа жазған арыздың нысаны мен мазмұны қандай болуы керек, азаматтық іс сот ісін жүргізудің қай түрі бойынша қаралуға жататынын, іске қатысуға кім тартылатынын даулы құқықтық қатынастар материалдық құқықтық қай нормасымен реттелетінін, сондай-ақ талабын растайтын қандай дәлелдер ұсынылуы керек екендігін білу қажет.

Жеке және заңды тұлғалардың, прокурорлардың сондай-ақ мемлекеттік басқару органдарының қоғамдық бірлестіктердің және өзге адамдардың құқықтары мен мүддесі мен заң бойынша қорғай алатын жағдайларда басқа ұйымдардан, жазбаша арыздары сотта азаматтық іс қорғауға негіз болады.

Сотқа талап өндірісінің істері бойынша талап арыздары, ал әкімшілік-құқықтық қатынастарынан туындайтын істер бойынша және ерекше іс жүргізу істері бойынша-арыздармен өтініштер беріледі. Берілген арызды сот қарап шығып, оның іс жүргізуге қатысы барма және пайда болған құқықтық қатынастарды шешеді. Егерде талап арызда көрсетілген жайлар сот арқылы қорғауын құқылы деп таныса, онда сот ол арызды өз өндірісіне қабылдау туралы шешім шығарады. Сол уақыттан бастап азаматтық іс пайда болады және сот өндірісі пайда болады.

Азаматтық іс жүргізу бұл сот және басқа субъектілер арасындағы азаматтық іс қарау мен шешу кезіндегі құрылатын азаматтың іс жүргізу құқығының нормаларымен реттелген азаматтық іс жүргізу құқықтың қатынастар және процессуалдық әрекеттер жиынтығы. Іс жүргізудің басты мақсаты - бұзылған құқықты қалпына келтіру немесе заңмен қорғалатын мүддені қорғау болып табылады. Азаматтық іс жүргізу (процесс) соттың, тараптардың (талап қоюшы мен жауапкер), басқа да процеске қатысушылардың (прокурор, өкілдер, сот хатшысы және т.б.) процессуалдың әрекеттерін, олардың іс жүргізу құқықтары мен міндеттерін жинақтайды. Сотқа, басқа да қатысушыларға процеске қатысу мақсатына жету үшін заңмен белгіленген іс жүргізу құқықтары беріліп, соған сәйкес іс жүргізу міндеттері жүктеледі. Іс жүргізу құқықтар мен іс жүргізу міндеттер процесі барысында жүзеге асырылады.

Азаматтың іс жүргізудің нысанына тән белгілер:

а) сот істерін қарау және шешу тәртібі алдын ала азаматтық іс жүргізу құқықтың нормаларымен белгіленген;

б) істің аяқталуына мүдделі тұлғалардың сот мәжілісінде іс қарауына қатысуға құқыры бар және өз құқықтары мен мүдделерін қорғай алады;

в) сот шешімі іс бойынша сот отырысында дәлелдемелер арқылы анықталған деректерге сүйенуі қажет және ол заңға сәйкес болуы керек.

ҚР АІЖК-сі соттың қарауына жататын барлық азаматтың істерді төрт түрге бөледі:

- 1) бұйрық бойынша іс жүргізу істері;
- 2) талап қоюмен іс жүргізу істері;
- 3) ерекше талап қоюмен іс жүргізу істері;
- 4) ерекше іс жүргізу істері.

Азаматтық процестің сатылары мынадай мақсаттарға жетуге бағытталған процессуалдық әрекеттердің жиынтығы: талап арызды (арызды, шағымды) қабылдау, сот қарауына істерді әзірлеу, сотта іс қарау, сот актілерін шығару және т.б.

## **2. Азаматтық іс жүргізу сатыларының түсінігі**

Ең алдымен, кез келген қызметтің сатысы түсінігінің мағынасын ашып алуымыз қажет. Энциклопедиялық сөздіктерде жүгінсек саты (латынның «stadium» сөзінен) дегеніміз – өзіндік сапалық ерекшеліктері бар кез келген нәрсенің дамуының мезгілі, кезеңі деп берілген.

Азаматтық процесс кез келген қызмет түрі сияқты жүйелі түрде жүзеге асырылатын белгілі бір іс-әрекеттердің жүйесін білдіреді. Осындай іс-әрекеттерді түрлі негіздер бойынша деңгейлерге, периодтарға, сатыларға, циклдарға біріктіреді. Ал, жалпы іс жүргізуге қатысты оның сатылары жөнінде айту қабылданған. Алайда, іс жүргізу құқығы теориясында процестің сатылары туралы сұрақ бір жақты шешілген жоқ.

«Саты» сөзінің түрлі түсіндірмелерінің болуына байланысты, оны егжей-тегжейлі, жете қарастыруымыз қажет. Саты процестің бөлшегі ретінде даму кезеңіне қарай өзіндік сапалық ерекшеліктері бар этаптармен айқындалған.

Көптеген авторлар саты түсінігінің астарында нақты бір мақсатты көздейтін процессуалдық әрекеттердің жиынтығы түсініледі деген пікірмен келіседі. Сот өндірісі кезеңдерге бөліне отырып жүзеге асырылады. Бұны азаматтық іс жүргізудің сатылары деп атайды.

Іс жүргізу сатысы дегеніміз – белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталған процессуалдық әрекеттерді біріктіретін сот өндірісінің бөлігі.

Азаматтық іс жүргізудің сатылары бір-бірімен тығыз байланысты, бірақ та салыстырмалы түрде азаматтық іс жүргізудің дербес бөліктері болып табылады. Олар бір-бірінен сәйкесінше жасалатын процессуалдық шешіммен ажыратылады. Істің бір сатыдан келесісіне өтуге жағдай жасайтын нақты процессуалдық әрекеттерді жүзеге асыру барысында қойылған мақсатқа қол жеткізіледі.

Бұл ретте, азаматтық процессті сатыларға бөлуде бір пікірлестік жоқ. Бірқатар авторлар азаматтық процесс мынадай сатыларға бөлінеді дейді:

- 1) Бірінші сатыдағы сотта іс жүргізу;
- 2) Екінші сатыдағы сотта іс жүргізу;
- 3) Сот шешімдерін, ұйғарымдары мен қаулыларын қайта қарау бойынша қадағалау тәртібімен іс жүргізу;
- 4) Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша сот актілерін қайта қарау;
- 5) Атқарушылық іс жүргізу.

Әрбір саты өзінің алдына қойылған міндеттермен сипатталады: не дауды негізі бойынша шешу (бірінші сатыда), не заңды күшіне енбеген сот актісіне шағымды (наразылықты) қарастыру, және т.б.

Бірақ әрбір іс барлық сатыларды өте бермейді. Процесс бірінші сатыдағы сотта істі қараумен аяқталуы мүмкін, егер соттың шешімі шағымдалмаса немесе оған наразылық келтірілмесе.

Ал, егер де, шешімге наразылық немесе шағым келтірілген болса, іс екінші сатыдағы сотқа көшеді (апелляциялық, кассациялық іс жүргізу қозғалады). Сонда атқарушылық іс жүргізу істің екінші сатыдағы сотта қарастырылуы аяқталған соң қозғалуы мүмкін. Заңды күшіне енген шешімдер мен ұйғарымдардың аз бөлігі ғана қадағалау тәртібімен немесе жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарастырылады. Осылайша, іс жүргізу кез келген сатыда аяқталуы мүмкін. Бұл белгі азаматтық іс жүргізуді сатыларға бөлуде айқындаушы маңызға ие.

Азаматтық процесстің жоғарыда көрсетілген бөлінуімен барлық авторлар келісе бермейді. Теорияда жеке дара саты ретінде бірінші сатыдағы сотта азаматтық істі қозғау мен істі сот талқысына әзірлеу сатыларын бөледі.

Ресейлік процессуалист Ю.К.Осипов жеті сатыны бөліп қарастырған:

1. Бірінші сатыдағы сотта азаматтық істі қозғау;
2. Істі сот талқысына әзірлеу;
3. Азаматтық істі сот отырысында негізі бойынша қарау және ол бойынша тиісті сот актісін шығару;
4. Заңды күшіне енбеген сот актілерін кассациялық тәртіпте тексеру;
5. Заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау бойынша қадағалау тәртібімен іс жүргізу;
6. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша сот актілерін қайта қарау;
7. Сот актілерін орындау бойынша атқарушылық іс жүргізу.

М.А.Гурвичтің дәлелді атап көрсеткеніндей, процесті осылайша бөлуде, «біріншіден, оның сатылары процессуалдық құқық қатынастарымен ашылады, екіншіден, бөлудің бірегей негізі жоғалады».

Бұл ретте, кассациялық және қадағалау тәртібімен істі қайта қарастыру кезінде сотта азаматтық істі қозғау және істі сот талқысына әзірлеу сатылары неге бөлініп көрсетілмейді деген сұрақ туындайды. Процестің барлық сатыларында сотта азаматтық істі қозғау және істі сот талқысына әзірлеу әрекеттері орын алады. Бұл жақтан алып қарағанда, бірінші сатыдағы сотта іс жүргізуді үш бөлікке бөлген жөн: істі қозғау, сот талқысына әзірлеу, істі негізі бойынша қарау.

Ал өзіміздің Отандық процессуалист О.В.Арсентьевтің пікіріне сүйенетін болсақ, азаматтық іс жүргізудің сатылары мынадай:

1. Бірінші сатыдағы сотта іс жүргізу (істі қозғаудан бастап, қаулы немесе шешім шығарылған уақытқа дейін);

2. Екінші сатыдағы сотта іс жүргізу (апелляциялық немесе кассациялық шағым не наразылық келтіру және қаулы мен шешімдерді қайта қарау);

3. Сот шешімдері мен қаулыларын қадағалау тәртібімен қайта қарау бойынша іс жүргізу;

4. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша сот шешімдерін, қаулыларын, ұйғарымдарын қайта қарау бойынша іс жүргізу;

5. Атқарушылық іс жүргізу.

Әрбір іс жүргізу сатысының өзіндік міндеттері бар: бірінші сатыдағы сот үшін – дауды негізі бойынша қарау; екінші сатыдағы сот үшін – бірінші сатыдағы соттың шешімі не ұйғарымына апелляциялық, кассациялық шағым, наразылықты қарау; қадағалау сатысындағы сот үшін – бірінші және екінші сатыдағы соттың шығарған актілеріне лауазымды тұлғаның наразылығын қарау; атқарушылық іс жүргізу үшін – соттың шығарған актілерін орындау.

Алғашында В.М.Шерстюктің айтуы бойынша, азаматтық процесс тек қана екі сатыдан құралады делінген: бірінші сатыдағы соттарда іс жүргізу және сот актілерін қайта қарау бойынша іс жүргізу. Кейіннен автор өзінің бұл көзқарасын өзгертіп, азаматтық процессті сатыларға емес, құқыққолданылатын циклдарға бөлуді ұсынды. Бұл циклдарға мыналарды жатқызды:

1) Бірінші сатыдағы сотта іс жүргізу;

2) Екінші сатыдағы сотта іс жүргізу;

3) Қадағалау тәртібімен істі қайта қарастыру;

4) Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істі қайта қарастыру;

5) Атқарушылық іс жүргізу.

Көрсетілген циклдардың әрқайсысы өзіне үш сатыны қосады: істі қозғау, сот талқысына дайындау, істі негізі бойынша қарастыру.

Жоғарыда аталғандардың барлығы азаматтық процестің сатыларын түсінуде негізгі әдістемелер болып табылады.

Жалпы азаматтық процестің сатылары мынадай мақсаттарға жетуге бағытталған процессуалдық әрекеттердің жиынтығы: талап арызды (шағымды) қабылдау, сот қарауына істерді әзірлеу, сотта іс қарау, сот актілерін шығару және т.б.

Азаматтық іс жүргізу сатыларын былай бөліп қарастыруға болады:

### **1— Іс қозғау сатысы.**

Сот азаматтық, істерді мынандай жағдайларда қарайды:

1) өзінің құқығын немесе заңды мүддесін қорғауды талап еткен адамның арызы бойынша;

2) заңда белгіленген реттерде басқа адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды талап етіп, соттан өзіне алатын мемлекеттік басқару органдарының, мекемелердің, кәсіпорындардың, қоғамдық ұйымдардың немесе жеке азаматтардың арызы бойынша.

Азаматтық іс талап арыз, арыз не шағым беру арқылы судья сотта азаматтық іс қозғайды және ол бойынша тиісті ұйғарым шығарады.

## **2—Істі сотта қарауға әзірлеу сатысы.**

Азаматтық істерді қарағанда арызды қабылдағаннан кейін судья істі сотқа қарауға әзірлік жүргізеді, оның мақсаты - істі уақтылы және дұрыс шешуді қамтамасыз ету. Істі сотта қарауға әзірлеу туралы судьяның жеке өзі мынандай әрекеттерді жасайды:

1) талап қоюшыдан талаптардың мән-жайы жөнінде сұрастырады. Онда жауапкер жағынан болуы мүмкін қарсылықтарды анықтайды, қажет болса, қосымша дәлелдемелер тапсыруды ұсынады, талап қоюшыға оның іс жүргізу құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді;

2) қажет болған реттерде, жауапкерді шақырып, одан істің мән-жайы жөнінде сұрастырады, оның талапқа қандай қарсылықтары бар екенін және бұл қарсылықтарын қандай дәлелдермен қуаттай алатындығын анықтайды, ерекше күрделі істер жөнінде жауапкерге іс бойынша жазбаша түсініктер беруді ұсынады, оған оның іске қатысу құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді;

3) үшінші тұлғаларды және өзге қатысушыларды іске қатыстыру туралы мәселені шешеді;

4) іске прокурордың қатысуы туралы мәселені шешеді. Белгіленген тәртіп бойынша хабар-ошарсыз кеткен, ақылының ауысуы немесе есінің кемдігі салдарынан әрекет қабілеттілігі жоқ деп танылған адамдардың, неке бұзу туралы істері бойынша жауапкердің мүліктік құқықтарын қорғау үшін, сондай-ақ балаларының мүдделерін қамтамасыз ету үшін қорғаншы және қамқоршы органдарын процеске қатыстыру мәселесін шешеді.

Судья қойылған талаптарды анықтайды, тараптарға және үшінші тұлғаларға қажетті дәлелдемелер жинауға жәрдемдеседі. Егер қаралатын іс бойынша қажет болса процеске мүдделі тұлғалар, сарапшыларды, аудармашыны, куәларды және т.б. қатыстыру мәселесін шешеді. Судья іс жеткілікті әзірленген деп тапса, оны сот мәжілісінде қарауға тағайындау туралы ұйғарым шығарады.

## **3— Сотта іс қарау сатысы.**

Бұл сатыда сот (жеке дара) сот отырысында іс материалдарын қарайды, істі мәні бойынша шешеді немесе іс бойынша өндірісті қысқартады. Жалпы ереже бойынша шешім қабылдаумен аяқталады.

**4— Заң ішіне енбеген сот шешімдері мен ұйғарымдарына апелляциялық, кассациялық шағым беру және наразылық келтіру арқылы қайта қарау сатысы (апелляциялық өндіріс).**

Бұл сатыда соттың шығарған шешімімен не ұйғарымымен тараптар, үшінші тұлғалар келіспесе, олар осы істі қараған соттан келесі жоғары тұрған сотқа шешім шығарған күннен бастап 15 күн мерзім ішінде апелляциялық шағым бере алады, ал прокурор өзінің наразылығын келтіре алады. Сондай-ақ, олардың келесі сотқа осы іске байланысты қосымша дәлелдемелерін ұсынуға құқықтары бар. Осы саты бойынша істі қараған сот (алқа, 3 судьядан кем болмау керек) соттық қаулы шығарады.

## **5 — Сот актілерін орындау сатысы.**

Бұл сатыда соттың заң күшіне енген актісі (шешімі, ұйғарымы, қаулысы) борышкердің өз еркімен немесе сот орындаушының мәжбүрлеу шарасын қолдануымен орындалады (жалпы мерзімі 2 ай).

## **6 — Заң күшіне енген сот актілерін қадағалау тәртібі бойынша қайта қарау сатысы (қадағалау өндірісі).**

Сот шешімінің дәлелсіздігі немесе материалдық немесе іс жүргізудің құқық нормаларының елеулі түрде бұзылуы сол шешімді бақылау ретінде бұзуға негіз болады. Сот істі қадағалау тәртібімен қараудың нәтижесінде кеңесу бөлмесінде мынандай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) Бірінші, апелляциялық, қадағалау сатысындағы шешімді өзгеріссіз, ал шағымды, наразылықтыққа қанағаттандырмай тастайды;

2) Бірінші, апелляциялық сатыдағы сот шешімінің толық немесе бөлігіндегі күшін жояды және істі бірінші, апелляциялық сатыдағы сотта жаңадан қарауға жібереді;

3) Бірінші, апелляциялық сатыдағы сот шешімінің толық немесе бөлігіндегі күшін жояды және талап арызын қарамай тастайды немесе іс бойынша іс жүргізуді қысқартады;

4) Іс бойынша шығарылған шешімдердің біреуін күшінде қалдырады;

5) Бірінші, апелляциялық, қадағалау сатысындағы соттың шешімін өзгертеді немесе оның күшін жояды, материалдық құқық нормаларын қолдануда және түсіндіруде қате жіберілген болса, істі жаңадан қарауға жіберілмей, жаңа шешім шығарады.

Істі қадағалау тәртібімен қарау кезінде сот істе бар материалдар бойынша шағым, наразылық дәлелді шегінде бірінші, апелляциялық сатыдағы соттар шығарған сот актілерінің заңдылығы мен негізділігін тексереді. Сот құрамы үш судьядан кем болмауы тиіс. Істі қарағаннан кейін сот қаулы шығарады.

## **7 — Заң күшіне енген сот актілерін жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау сатысы.**

Кейбір ғалымдардың пікірі бойынша бұл ерекше саты деп аталады.

Шешімдерді жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарауға мыналар негіз болады:

1) іс үшін елеулі маңызы бар, арыз берушіге белгілі болуы мүмкін емес мән-жайлар;

2) заңды күшіне енген сот үкімі бойынша анықталған, заңсыз немесе дәлелсіз шешім шығаруға негіз болған куәнің біле тұра берген жалған жауабы, сарапшылардың біле тұра жасаған жалған қорытындысы, аудармашының біле тұра теріс жасаған аудармасы, құжаттардың немесе айғақтық заттардың жалғандығы;

3) заңды күшіне енген сот үкімі бойынша анықталған, тараптардың, іске қатысушы басқа адамдардың немесе олардың өкілдерінің қылмыстық әрекеттері не болмаса судьялардың осы істі қараған кезде жасаған қылмыстық әрекеттері;

4) сот шешімін шығаруға негіз болған басқа органның қаулысының бұзылуы.



Шешімді, ұйғарымды немесе қаулыны жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы осы шешімді, ұйғарымды немесе қаулыны шығарған сотқа арыз береді. Олар: іске қатысқан адамдар немесе прокурор. Мұндай арызды іске қатысушы адамдар қайта қарау үшін негіз болатын мән-жайлар анықталған күннен бастап үш ай ішінде бере алады. Бұл саты бойынша қайта қарау негіздері ҚР АІЖК-нің 404-бабында көрсетілген.

### **3. Азаматтық іс жүргізу сатыларының қалыптасуы мен дамуы**

“Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы” Конституциялық заңға енгізілетін өзгерістер ең бірінші кезекте қазақстандық соттардың үш сатылы жүйесін қалыптастыруды көздейді. Бүгінгі күні азаматтардың даулы мәселелер бойынша ісі бірінші сатыда аудандық сотта қаралса, оған процессуалдық мерзімде шағым беруге облыстық соттың апелляциялық саты, мұнан кейін қадағалау сатысы, Жоғарғы Соттың қадағалау инстанциясы секілді бірнеше сатылардан өтіп, іс бойынша нақты шешімнің шығуы көп уақытты алады. Халықтың бірнеше инстанцияларда табан тоздырып, уақытын кетірместен сот әділдігіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін үш сатылы сот қалыптастыруға шаралар қабылдануда. Бұл ретте барлық санаттағы істерді бірінші саты тұрғысында аудандық және оған теңестірілген соттар қарайды. Еліміздің облыстық және оған теңестірілген соттары апелляциялық және кассациялық сатыда істерді қараса, Жоғарғы Сот тек қадағалау сатысында істерді қарайтын болады. Бұған дейін облыстық сотта азаматтық істер жөніндегі алқа, қылмыстық істер жөніндегі алқа және қадағалау алқасы қызмет атқарып келсе, жаңа өзгерістер енгізілгеннен кейін тек апелляциялық, кассациялық, азаматтық және қылмыстық істер бойынша алқалар құрылды. Аталған сот алқаларына осы Конституциялық заң талаптарына сай төрағалар басшылық жасайды. Бұл үшін тиісті салалық нормативтік актілер Қылмыстық іс жүргізу кодексі, Азаматтық іс жүргізу кодексі және өзге де заңнамаларға алдағы уақытта өзгерістер енгізілетін болады.

Жаңа өзгерістерге сай апелляциялық инстанцияның кассациядан ерекшелігі апелляциялық іс жүргізу тәртібінде жаңа ұсынылған дәлелдемелер зерттеліп, бірінші сатыдағы іс жүргізудің заңдылығы мен негізділігіне толық зерттеу жүргізіледі, өз бетінен сараптама тағайындап, куәлардан жауап ала алады. Ал кассациялық сатыда апелляциялық сатының сот актілерінің заңдылығы мен негізділігін тексереді. Кассациялық тәртіпте сот мәлімделмеген талап қоюдың шегінде бірінші және апелляциялық инстанцияда соттарға дәлелді себептермен табыс етілмеген жаңа дәлелдемелерді зерттейді. Кассациялық сатыда істі қарау апелляция сатысындағы қаулының толық мәтіні шыққаннан кейін он бес күн ішінде шағым беруге болады.

Ауызша, тікелей іс жүргізу және сайысушылық қағидаларына келсек, олар белгілі бір шектерде екінші сатыдағы соттарда әрекет етеді. Апелляциялық сот іс материалдарымен істегі бар құжаттар, хаттамалар бойынша танысады; соттың өзімен тікелей тек қана қосымша берілген материалдар, іске қосылған заттық дәлелдемелер мен іске қатысушы тұлғалардың түсініктемелері ғана

қабылданады. Себебі, жоғары тұрған соттар іс бойынша жаңа мән-жайларды анықтамайды және дәлелдемелерді толық көлемде зерттемейді.

Апелляциялық сатыдағы сот бірінші сатыдағы сот шешімінің дұрыстығын іс бойынша жинақталған құжаттар бойынша ғана емес, сондай – ақ, іске қатысушылардың тапсырылған қосымша материалдардың негізінде қарайды. Бұл жөнінде тараптар бірінші сатыдағы сот зерттеуден бас тартқан дәлелдемелерді сұрату туралы өтініш білдіруге құқылы.

Облыстық және оған теңестірілген сот төрағаларын, Жоғарғы Соттың сот судьялардың бос қызмет орындарына кандидатураларды Кеңес Жоғары Сот Төрағасының Жоғарғы соттың жалпы отырысының шешімі негізінде енгізген ұсынуы бойынша қарайды.

Талап қоюшының талап қоюдан бас тартуы немесе бітімгершілік келісімге келуі:

1. Талап қоюшының талап қоюдан бас тартуы немесе тараптардың апелляциялық шағым бергеннен кейін жасалған бітімгершілік келісімі апелляциялық сатыдағы сотқа жолданған жазбаша арыздарда көрсетілуі тиіс.

2. Тиісінше талап қоюшының немесе тараптардың арыздарын қарау тәртібі мен талаптан бас тартуды қабылдау немесе қабылдамау, бітім келісімін бекіту кезінде апелляциялық саты бірінші сатыдағы шешімнің күшін жояды және іс бойынша іс жүргізуді қысқаратады.

Заңды күшіне енген шешімдер, ұйғарымдар мен қаулылар жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қаралуы мүмкін.

Шешімдерді, ұйғарымдар мен қаулыларды жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау үшін:

1) арыз берушіге белгілі болмаған және белгілі бола алмаған іс үшін елеулі мән-жайлар;

2) заңды күшіне енген сот үкімімен белгіленген, заңсыз не негізсіз шешім шығаруға әкеп соққан, куәнің көрінеу жалған жауаптары, сарапшының көрінеу жалған қорытындысы, көрінеу дұрыс аудармау, құжаттардың не заттай дәлелдемелердің жалғандығы;

3) заңды күшіне енген сот үкімімен белгіленген, тараптардың, іске қатысушы басқа адамдардың, не олардың өкілдерінің қылмысты әрекеттері немесе судьялардың сол істі қарау кезінде жасаған қылмысты әрекеттері;

4) белгілі бір шешімді, ұйғарымды немесе қаулыны шығаруға негіз болған сот шешімінің, үкімінің немесе қаулысының не өзге де орган қаулысының күшін жою;

5) Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің соттың сот актісін шығаруы кезінде қолданған заңын немесе өзге нормативтік құқықтық акт 43-тарау. Қадағалау тәртібімен іс жүргізу.

Азаматтық іс жүргізу кодексінің күшіне енуі, біздің елімізде берік бекітілген нарықтық қатынастарды реттейтін материалдық заңнамалардың сапалы өзгертулерінің процессуалдық реттелудегі қоғамның қажеттілігін көрсетеді. Бұл әлеуметтік қажеттіліктердің пайда болу себептері мен талаптарына терең талдау жасау үшін материалды – құқықтық және процессуалдық нормалардың арасындағы объективтік байланысын шығару

қажет. Бұл байланыстар тек біржақты құқық – қолдану доктринасының түтігі ғана емес, сонымен қатар, қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің шынайы механизмінің маңызды бөлігі болып табылады. «Азаматтық процесстің жаратылысы» - ол әртүрлі нақты құқықтарды тудырады және сол арқылы оларды даусыз етеді. Осыдан келе материалдық және процессуалдық құқықтық қатынастардың ара-қатынасы мәселесі, процессуалдық құқық үшін де, материалдық құқық үшін де сот өндірістерінің азаматтық істерінің дауларын шешудің неғұрлым тиімді нысанын құру үшін де анық көретін әдістемелік маңызы бар.

Біздің пікірімізше, Азаматтық іс жүргізу кодексімен реттелген нормалардың құрылымының жалпы логикалық, заңдық техникалық принциптер мен өзге де нәтижелерге қатысты ескертулердің көпшілігі кодексте көзделген іс жүргізу мәселелерінің теориялық талқылау жұмыстары жүргізілмеуінен және процессуалдық нормалар мен институттарға немқұрайлы әдіспен қараудың салдарымен байланысты.

Азаматтық іс жүргізу нормаларының реттеушілік көрінісі едәуір дәрежеде қайсы бір құқықтық норманың жүзеге асырылуының қажеттілігімен бара бар болады.

АІЖК-нің бабына сәйкес судья өзінің ішкі сенімі бойынша дәлелдемелерді бағалайды. Яғни судья істе бар дәлелдемелерді олардың жиынтығы мен әділ жан –жақты және толық қарауға негізделген өзінің ішкі сенімі бойынша бағалайды, бұл орайда ол заң мен ар- ұятты басшылыққа алады. Бірақ жеткіліксіз тұсы АІЖК-нің 68-бабында егер дәлелдемелер заңда көзделген тәртіпте алынған жағдайда, дәлелдемеге жол беруге болады. Осы екі баптың жеткіліксіз тұсы мағыналарына байланыста судьяның өзінің ар –ұятына көңіл бөлуден гөрі көбірек дәлелдемелерге, яғни заң нормасының анық оның жүзеге асуына бет бұруынан көрінеді.

Жалпы алғанда, сот өндірістік, сот құрылысының қағидаларының мәні, олардың жалпы жиынтығынан қайта бағалауға келмейтін жаңа сот құқығы салаларының негізін салатын постулаттардан ұсынуға болатындығынан көрінеді. Барлық құқықтық нормалардың орнықтыратын немесе құқықты қалыптастыратын қызмет үшін ең қиын міндет бұл оның конституциясымен, заңмен, халықаралық құқықпен мақұлданған қағидалардың жиынтығын көрсететін, әрбір құқықтық норманың мағынасымен және идеяларымен қамтылған заңдық – техникалық айқын нақтылануы болып табылады. Материалдық және процессуалдық құқық нормалары басқа құқық нормалары сияқты құқықтық қатынасты реттеуде тікелей қатысады деп айтуға болады. Қағидалар заңды жазып қана қоймай, әділдік пен гуманизімді басшылыққа алатын сотқа ең қатал нормаларды парасатты үйлестірудің мүмкіндігін туғызатын заңның мағынасын анықтайды. Сондықтан да бұл талап етудің мағынасы азаматтық процесстің сот шешімінің дұрыстығын қамтамасыз етеді. Сот шешімінің дұрыстығы әрбір қаралытын істің материалдық ақиқат пен құқықтық шындыққа негізделген постулаттарына нақты жағдайлармен сәйкестігінен тұрады. Бұл адамзат өркениетінің заңдық, әлеуметтік, гуманитарлық идеяларын бойына жинаған құқықты бекітудің іргелі негіздері

сот міндеттерін, мазмұны мен тиімділігін анықтайды. ТМД мемлекеттерінің азаматтық іс жүргізушілік құқықтық жүйесінде, оның ішінде Қазақстан Азаматтық іс жүргізу құқығы дәстүрлі континентарды европалы құқықтық жүйеге жақын, бірақ англосаксондық құқықтық сот өндірісінің принциптерінің бір бөлігін өзіне алған. Осы арқылы ол сот процесінің «тергеулік» және «жарыспалылық» типтерінің ажырамастығын көрсетеді. Біз мұнда бір жағынан үстемдігі мен оған соттық тәуелділігінің іс жүргізушілік нормалардың жүйеленгендігін, сот прецеденттерінің құқықтық қайнар көзі ретінде мойындалмауын, шешімнің дәлелділігін, соттың ерекше пікірін сот хаттамасының дәлелдемелік мәнінің басымдығын, материалдық және процессуалдық нормалардың бәсекелестігін көретін болсақ, екінші жағынан сот өндірісінің жариялылық және қол жетімділік принципінің бекітілуін, дауласушылардың жарыспалылығын ауызша жүргізудің басымдығын, сот құрамының алқалылығын, дәлелдемелерді бағалау еркіндігін көреміз.

Сот процесінің түрлері олардың принциптерінің «жинағы» секілді жеткілікті түрде шартты болып көрінеді, дегенімен мұндағы басты фактор судьяның тәуелді оны іс жүзінде жүзеге асырудың дәрежесі болып табылады.

Судья азаматтық істегі өзінің кәсіби міндетін атқарған кезде тек фактілер мен жағдайларға іс жүргізуге қатысушы тұлғалардың жеке басына қатысты мінездемесі шығарылған тиісті міндетті шешімге қатысты құқықтық нормалар мен принциптерге көңіл аударып қана қоймай адам факторларына да көп көңіл бөлуі тиіс, адам факторы осы судьяның субъективтік түсінігінен түсінік алуы тиіс. АІЖК-де азаматтық сот өндірісінің қағидалары мен міндеттері туралы арнайы тарау берілген. Сондай – ақ мұнда соттар өндірісінің он жеті қағидасы көрсетілген. Алайда осы қағидалар сот өндірісінің демократиялық прогрессивті және табиғи тұтастығына айқындауға қабілетсіз. АІЖК-ні екінші тарауында талдау барлық жалпы құқықтық және салааралық қағидалардың жинағынан тұрады. Демек бұл жалпы құқықтық қағидалар, ал қалғандары салааралық қылмыстық іс жүргізуге тән қағидалар.

Біздің пікірімізше, АІЖК-нің екінші тарау ережелеріне үш бапты, яғни, азаматтық сот ісін жүргізуде басым күші бар құқықтық нормаларды қолдануды және сотқа ведомствалық бағыныстылықтың басымдығын белгілейтін нормаларды енгізу әділ соттылықты жүргізу принциптеріне қатысты болғандықтан қиынды түрде дұрыс болар еді.

АІЖК-нің сегізінші бабында көрсетілген адамның құқықтары мен бостандықтары және заңды мүдделерін сотта қарау туралы қағидасын да қанағаттанарлық деуге болады. Әркім соттың қорғалу үшін сотқа жүгінуге құқылы деген тұжырым іс жүргізу заңдылығында нақтылануға тиісті болған конституциялық ереже.

Осы келтірілген бапта сотқа жүгінуге тиіс тұлғалардың құқықтық іс жүргізудегі мүддесі туралы ескерілмеген. Мұнда, біріншіден, тұлға өзінің заңмен қорғалатын мүддесін немесе құқығын қорғауға тиістігі, яғни дау құқықтық сипат алуы тиіс. Сондықтан да «әрбір мүдделі тұлға құқылы» деген тұжырымы соттың қаралуына қол жетімділік принципі көбірек нақтылайтындай және нақтырақ көрсететіндей.

Әрине «мүдделілік» ұғымы нақты нормативтік анықтамаға үйлесе бермеуі мүмкін, бірақ, бұл ұғым аталған бапқа енгізу немесе кірістіру көп жағдайда сотты тиянақсыз және негізсіз талаптар мен арыздарды соттың өз өндірісіне қабылдауанан арылтады.

Тек осындай жағдайда ғана процесті жарыспалы немесе тартысты деп бағалауға болады, өйткені онда соттың біліктілік –бұйрықтың өкілеттілігінің үстем болып тұруына жол берілмейді. Алайда құқықтануда кең тарала қоймаған осы ерекшеліктің доктриналдық тұжырымдамасы, тәжірибелі заңгерлер мен жай азаматтардың көбінесе валюнтаристік сипат алған қызмет ретіндегі, соттың тұжырымдамаларына қарсы келмейтін соттар туралы көзқарастарын өзгерте алмайды, және шын мәнінде бір мақсатта материалдық құқықтық тарапынан шыққан шешімнің көп мазалайтын жоғары сатыдағы сот функциясын жүзеге асыру практикасының сапасыздығымен түсіндіріледі.

Онымен қоса жарыспалы процессуалдық құқықтарды пайдалану бостандығы және сот алдындағы дауласушылардың теңдігі принципіннің бірінші сатыдағы соттардың тарапынан бұзылуы, істердің жеткілікті дәрежеде айқын болмауы, процестің негізсіз созылуы, іске қатысушылардың уақыттары мен шығындарының босқа кету, істің жауапкерге тиісті түрде хабар берілмей қарала берілуі, дәлелдеу нәтижелерінің сот хаттамасында толықтай көрініс таппауы және тағы басқа. Көптеген процессуалдық қателіктер жиі соттың кінәсінен болады. Сондықтан да процеске сәйкес заң шығарушылыққа «процессуалдық құқық бұзушылық» түсінігін енгізу сот өндірісіне қатысушылардың түрлі тәртіп бұзушылықтары үшін салынатын айппұлдар мен басқа да санкциялар туралы сөз қозғаумен қоса, соттардың өзінде қасақана, құқыққа қарсы іс әрекеттері, құқықтан және мүліктен айыруға, материалдық және моральдық зиянға әкеп соғатын шешімдері үшін қарастырылатын заңи жауапкершілік мәселелерін көтеруге де болады.

И.В.Решетниковтың ағылшын және американдық дәлелдемелік құқық жүйелерін зерттеу жұмыстарында, оларда теориялық заң жүзінде де дәлелдемелердің нақты бір түсінігі қалыптаспағаны көрсетілген.

П.Мерфи дәлелдемелерді «сотқа ұсынылған фактілердің шындығына ие болу мүмкіндігіне сотты көндіретін кез келген материал» деп түсінеді. Н.Чилкинс фактілік дәлелдеме – ол сенуге мәжбүр етуге тырысатын нәрсе деп ойлайды. Р.Лемперд пен С.Зальбург, дәлелдемелер жөніндегі ережелер дұрыс шешім қабылдау мүмкіндігін ұйғайтуға және заңгерлердің аргументтерін судья қабылдау керек деп ұйғаруына көмектеседі деп ойлайды. Азаматтық құқықтық институттың шын мәнінде едәуір жақын түсініктерге ғылыми түсініктерді ғылыми ізденістерді жалғастыру және күшейту керектігін жеткілікті мөлшерде көрсетеді.

Дәлелдеу процедурасын нормативті – құқықтық регламенттеу мен байланысты бірқатар идеялар мен талқылаулар қажет.

Бәлкім ол дәлелдемелерді алдын ала жинау, ұсыну және зерттеу кезеңдерінен өтуі керек шығар және де бұл әрекеттер олардың қайнар көздері және іс бойынша оларға байланысты шешім шағаруға болатын фактілер мен жағдайлардың сенімділігіне де жүргізілуі тиіс шығар. Осыған байланысты

әртүрлі құқықтық мүдделері бар және дауласушы тараптар арасындағы бұйымдары жөніндегі нормалары нақты түсінікті болуы тиіс.

Қазіргі заманғы жарыспалы процесс фактілік және дәлелдемелік приумпциялары мен мәртебелерді кең қолданусыз, дәлелдемелерді қамтамасыз және идентификациялаудың сенімді тәсілдері, жатқызу және жол беру критерийлерін нақты анықтауынсыз, дәлелдің жаңа стандарттарын бекітусіз өмір сүре алмайды. Мұның бәрі ақырында істің фактілік жағдайларын зерттеуде және бағалауда, заң шеңберінде құрастырылған және реттелген жеткілікті мөлшерде «бағаланатын» және аса объективті соттық ұйғарым алуға мүмкіндік береді.

Азаматтық іс жүргізу сатыларының қалыптасуы Ежелгі Римнен бастау алады. Алғашында Рим азаматтық процесінің формалары – легисакциондық және формулярлық – сот актілеріне шағым немесе наразылық келтіру жағдайларын қарастырған жоқ. Кейінірек, формулярлық іс жүргізуде, шешім шығарған соттың есі дұрыс емес болуымен байланысты жағдайларда, оның шығарған шешімінің күшін жоюға жол берілді. Алайда бұны апелляция деп есептеуге болмайды, өйткені істі қарап, шешімді өзгерту іс-әрекеттері жүзеге асырылған жоқ.

Император Августтың тұсында апелляциялық сот өндірісі кең дами бастады, яғни сот шешімдеріне қалалық преторларға шағымдану, оның шешіміне – преториандықтардың басшысына, ал іс барлық сатыларды өткен кезде, шешімнің күшін жою туралы өтінішпен императорға жүгінуге мүмкіншілік болды. Осылайша, бұл кездегі шағымдану ерекшелігі – соттың шығарған шешіміне шағым, наразылық сот органдарына емес, әкімшілік органдарға, яғни лауазымды тұлғаларға берілді.

Юстинианның (527-565 ж.ж.) тұсында иерархиялық сот жүйесі құрылды. Бірінші сатыдағы сотты жүргізу құқығы провинция басшыларына тиесілі болды. Олардан жоғары апелляциялық шағымдарды қарастыру құқығы берілген викарийлер мен преторий префектілері тұрды. Соттық өндірістің дамуымен сот құжаттарын жазбаша түрде рәсімдеу туралы ереже қабылданды. Сонымен қатар бір іс бойынша апелляцияға екі реттен артық беруге тыйым салынды. Е.А.Борисованың ойынша, император Юстинианның билік құрған кезеңінде апелляция институты сот шешімдеріне шағымдану құралы ретінде өзінің түпкілікті қалыптасу деңгейіне жетті.

Орта ғасырларда сот актілеріне шағымдану институты Еуропа елдерінде де дами бастады.

Процестің жеке дара сатысы ретінде кассациялық іс жүргізу Францияда XVII ғасырда пайда болды. Алғашында шешімді қайта қарау негіздері болып фактілердегі қателіктер, шешімнің түсініксіз болуы, оның құрамдас бөліктеріндегі қарама-қайшылықтардың болуы сияқты негіздер болып табылды.

1667 жылғы XIV Людовиктің Жарлығына сәйкес корольдің сот департаменті соттардың заңсыз шешімдерін кассациялық тәртіпте (латынның *cassacio* – жою, кейін қайтару) қайта қарау құқығына ие болды.

1738 жылы кассациялық (сот актілерін материалдық заңның немесе процессуалдық нормалардың дұрыс қолданылуына тексеру) және апелляциялық (істерді қайта қарау) іс жүргізудің бір-бірінен ерекшеліктері мен айырмашылықтарын ашып көрсету мақсатында Король Кеңесінде істерді қарау бойынша Регламент шығарылды.

1790 жылы императорлық декреттер арқылы Францияда кассациялық сот өз қызметін бастады. Ол істі негізі бойынша қарамай-ақ, іс жүргізу формалары мен заңның мәтінін бұзатын үкімдердің күшін жою құқығын иеленді.

Кассациялық сот үш палатадан құралды – азаматтық істер бойынша, қылмыстық істер бойынша және шағымдарды қарау бойынша.

Сот шешімдерін қайта қарау жүйесі кейіннен Германия мен өзге елдерде бекітілді.

Атап кететін жайт, сот шешімдерін қайта қарау жүйесі барлық елдерде бірдей формада қолданылған жоқ, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері болды. Кейбір елдерде Жоғарғы сот дұрыс емес сот шешімдерінің күшін жойып, оны екінші инстанцияның өзге соттарына қайта қарау үшін берумен ғана шектелді. Ал кейбір елдерде ол бірден жаңа шешім шығарды, егер істің нақты мән-жайлары күмән тудырмаса. Бірінші жүйе кассациялық (Ресейде, Қазақстанда, өзге де көптеген елдерде қабылданды) деп, екіншісі – ревизиялық (Германия мен Австрия мемлекеттерінде бар) деп аталып басталды.

Осы жүйелердің орнына кассация немесе ревизия кейбір мемлекеттерде екі сатылы апелляциямен алмастырылды. Бұл жүйеде апелляциялық соттардың шешіміне екінші рет апелляциялық шағымды обер-апелляциялық соттарға беру мүмкіндігі болды. Бұл жүйе ХІХ ғасырға дейін қолданылды.

Азаматтық іс жүргізуде апелляциялық сатының қазақ қоғамының дамуында бірге келе жатқан дауларды шешудің бірден бір түрі. Өзінің алғырлығы мен қазақ қоғаманың туын көкке самғатқан Тәуке хан заңдарының өзі істі қайта қарауға мүмкіндік беретін алқа билер сотын құрған.

Тәуке хан өзінің жүргізген және іске асырған реформаларының барысында өзінен бұрынғы хандар тұсында ішкі тартыс салдарынан ыдырай бастаған үш жүздің басын бір жерге қосты. Шығарған заңының қоғамды басқарудың бірден бір көзі болды. Жеті Жарғы заңында қазіргі қолданып жүрген апелляциялық саты яғни қайта шағымдану құқығы болды.

Билерден алар бір үлгі – судьяның заң шығарушылық қабілетін қоғам игілігіне пайдаланудың тетігін ойластыру болар еді. Ең әуелі судья, әрине әділдік пен тазалықты, халықтық даналықта мансұқ етуі тиіс. Бұл басты талап, «Таста тамыр, биде бауыр жоқ», «Тура биде туған жоқ» деген сияқты халық даналығы салтанат құрған жөн [9,101б.].

Қазақ қоғамының билердің іс жүргізу құқығы «Жеті жарғы» заңына сай жүзеге асырылды. Іс жүргізу кезеңінде ант қабылдаудың екі түрі болды – дәлелдеу және тазарту. Дәлелдеу анты – талапкердің куәгерінен қабылданды. Ал тазарту анты – жауапкер тарапынан қабылданды. Тазарту антыннан бас тарту тікелей айыптау үкіміне тең болды.

Шешімді билер ауызша түрде жариялаған. Шешім жарияланғаннан кейін – алажіп кезеңі болатын. Сот ісінің аяқталуының бейнеленуі болатын. Билер барлық салықтар мен талап құнының 10 пайыз мөлшерімен марапатталған.

Билер сотында жеңілген тарап хандық сотқа шағымдануға құқығы болды. Егер хан билердің шешімін дұрыс деп санаса, арызданушыны билер мәртебесін жоққа шығарды деген айыппен дене жазасына тартылды. Ал егер хан билердің шешімінен күдіктенсе, істі қайта қарауға жіберген.

Кеңес кезеңінде Коммунистік партия үкіметі Қазақстан кеңестік сот органдарына адат пен шарифат нысандарын қолдануға тыйым салынған жоқ. Билер мен қазы соттары революциялық комитеттер мен жергілікті кеңестердің бақылауында болғанын атап көрсету қажет. Қазы мен би сотының шешіміне келіспеген жағдайда кез келген тараптың жергілікті халық сотына жүгіне алды. Бұл тарихи дамудағы көрсетілген халық арасындағы соттың қызметінің апелляциялық тәртіптің дамуының бір түрі деп білуімізге болады.

Тарихта өркениеттер көп болды. Соның ішінде де көшпенділер өркениетінің шарықтау шегі – Ұлы Даланың «Алтын ғасыры» болып табылады. Қазақ даласында халықты бағындырып отырған би- жай көптің бірі емес, елдің халықтың тағдырын шешетін қоғамдық тұлға.

Апелляция институты өзінің жалпы негіздерін Ежелгі Рим мемлекетінің дамуы мен Батыс Европа елдерінің мемлекет және құқық негіздерінен тапты.

Ежелгі Рим мемлекетінің ертерек дамуы негізінде, орталық үкіметтің даму сатысында, сот шешіміне шағымдану сот жүйесінде болмады. Римде іс жүргізудің 2 кезеңі болды: біріншісі : “injure”, екіншісі “injudiko”. Бұл кезеңдердің өз айырмашылықтары болды. Жоғарыдағы кезеңдерді “legis actiones” жүйесіне енгізді. Уақыт өте бұл жүйенің іс жүргізу өндірісінің ыңғайсыз болуы, жаңа қоғамдық экономикалық қатынастардың дамуына сәйкес келмеді.

Юлия заңдарының нәтижесінде, Римде іс жүргізу өндірісінің жаңа реформасына шағымдану институтының жаңа формуласы енгізіліп, анықталды. Ежелгі Римде сот шешіміне шағымдану - өтінішін апелляция (appellatio-шағыру) деп атады. Дәл осы уақытта б.э.д. III ғасырда шағымдану институты апелляция түрінде пайда болды.

Император Августтың билік ету кезінде сот шешіміне шағымданып, іс барлық инстанциялардан өткен жағдайда іс императордан шешімді дұрыс шығарылмағандығын тексеру үшін өтініш ретінде жіберді. Бұл кезеңде бір іс бойынша, шағымды бірнеше рет беруге рұқсат еді. Император Юстианның кезеңінде, апелляцияны бір іс бойынша екі рет қолдануға рұқсат етілді. Сот шешіміне шағымдану апелляциялық институт ретінде, Император Юстианның патшалық ету кезеңінде шағымданудың негізгі тәсілі ретінде толығымен заң жүзінде бекітіліп (527-565 жж) апелляцияның түрлерімен жоғарғы инстанцияға берілу мерзімдері анықталды.

Апелляциялық жүйе өзінің пайда болуымен көптеген мән-жайларды қиындатты. Мысалы: өндірістің тежелуін, шағымдануда баж салығы тағайындалып, оның қымбат болуы. Алайда бұл қиындықтар істің әділ шешілуіне кедергі жасай алмады.



Ежелгі Рим мемлекетінде пайда болған апелляция институтының азаматтық іс жүргізу өндірісіндегі заңдылықтары. Европа елдерінде де дамуға кең көлем алды.

Германияда XIV Ғасырдың аяғы мен XV ғасырдың басында Рим құқығының нормалары ене бастады. XIV ғасырдың өзінде дамушы қоғамды әдет-ғұрып шарттары қанағаттандырмады. Бұл жағдай соттың тәжірибеге Рим құқығының толығымен енуіне мүмкіндік беріп, Германияда сот жүйесінде апелляция институты пайда болды.

Германияның 1877 ж. азаматтық іс жүргізу кодексінде апелляция сот шешіміне шағымданудың негізгі тәсілі болып табылданды.

Францияда апелляция ұғымы XIII ғасырдың аяғында пайда болды. 1667ж. шыққан Ордоносоттың заңында апелляциялық шағымдануды, судьялардың өзіне емес, оның шығарған шешіміне шағым келтірілетіндігі бекітілді. Апелляция инстанциясы 1664 жылғы Людовик указының негізі бойынша құрылды. Сот шешіміне шағымдану тәсілінің апелляциялық (Француз тілінен *kasser* сөзі –бұзу) институты алғаш рет Францияда қолданылды. Осылайша Францияда сот шешіміне шағымдану тәсілінің апелляциялық және кейінгі апелляциялық институттары ұйымдастырылып, Францияның 1807 жылғы АІЖК-не заңды түрде енді.

Апелляция институтының жойылу себептеріне келсек:

Ресейдің құқық жүйесін қарастыратын болсақ, ол ұзақ уақыт өзіндік ұлттық ерекшелігімен ерекшеленеді. XVIII ғасырдың басында Петр I-нің Ресей құқық жүйесіндегі реформасына, Батыс Европа елдерінің құқық жүйелері әсер етті. Апелляциялық институтының даму сатысы Петр I-нің патшалық құру кезеңінде болды. 1864 жылғы сот реформасы бойынша АІЖ Уставында соттың бірінші инстанциясы бекітілді. Уставтың түсіндірме жазбаларында инстанциялардың бірі апелляция инстанциясының қажеттілігі ерекше атап етіліп, жаңа заң жобасына еңгізілген.

1917 жылғы революциядан кейін, апелляция институты АІЖ өндірісінде өз тіршілігін тоқтатты. 1917 жылғы 22 қарашадағы “Соттар туралы” халық комиссар советінің декреті бойынша, жергілікті сот шешімдері ақырғы шешім болып, апелляциялық шағымдануға жатпайтындығы апелляциялық институттан бас тартуының себебі неде деген сұрақ туады. Бұл сұраққа жауапты үкімет басының көзқарасымен жана қоғамдық талабынан көруге болады. Себептердің бірі болып Совет үкіметіндегі буржуазиялық сот апаратын бұзып, пролетарлық жаңа сот жүйесін құру, сот өндірісін жеңілдету, бірінші инстанция қызметінің сапасын арттыруда, апелляциялық кедергі болатындығын атап айтып, сот өндірісіндегі маңызды институттардың бірі апелляция институтының жойылуына әкеліп соқты. Апелляциялық институтының алынып тасталу себебінің бірі Советтер үкіметіне коммунисттик қоғам орнату үшін, жеке меншікпен тауар ақша қатынастарының жойылуы көзделді. Қазақстан Республикасы егемендігін алып, құқықтық мемлекет құру кезінде кәсіпкерлік заңдарда жеке меншік формасы түрінде бекітіліп азаматтық құқық даулардың ауқымын кеңейтті. Осыған байланысты қазіргі ТМД елдерінде

апелляция институттары, сот қаулыларына шағымдану тәсілі ретінде заңдарында бекітілуде. Қазіргі кезеңдегі апелляция институтының қайта жаңаруы.

Азаматтық іс жүргізу өндерісіне апелляция институтының енуіне қажетті манадай негізгі себептері бар:

Біріншіден, апелляция институты істі негізінен екінші рет қайта қарайтындықтан апелляция институты соттық қорғауға толық кепіл бола алады.

Екіншіден, апелляция институты әділдік орнату үшін белгілі бір жылдамдық пен дәлдікке кепіл. Бұған себеп апелляция институтының істі негізінен қарап, өз бетінше жаңа шешім шығаруға құқығының болуы. Ал апелляция инстанциясы істі қарап шығып жаңа шешім шығару үшін бірінші инстанцияға қайта жібереді.

Үшіншіден, соттық қаулыларына апелляциялық шағымданудың енуі соттық практиканы жалпы жүйеге жинақталуына ықпал етеді және бірінші инстанцияны соттық қате жібермеуінің алдын алады.

Сот қаулыларына апелляциялық шағымданудың қағидалары: жарыспалы және диспозитивті. Бұл қағидалар жеке тұлғаның бостандығын қамтамасыз етеді.

Жарыспалы қағидаға азаматтық іс жүргізудегі жақтардың автономиясының бастамалары енеді. Қазіргі кезеңде бұл қағида “жарыспалы қағида деп аталып жүр, оған жақтар қажет болмаған жағдайда, соттың шындықты ашуға құқығының болмауы”, деген түсінік бар.

Диспозитивті қағидаға іске қатысушы жақтардың біріншіден, іске қатысты материалдарын қолдану, екіншіден, процессуалдық құқықтарды қолданады. Қағида процестің қозғалуын анықтап, бір сатыдан келесі сатыға өтуін қадағалап реттейді. Апелляциялық өндірістің қағидалары: ауызша, жариялылық, коллегиялық, заңдылық, жақтардың процессуалдық тең құқықтықты, сот әділдігін тек соттың жүзеге асыруы, соттардың егемендігі мен олардың тек заңға ғана бағыныштылығы.

Апелляциялық институттың қазіргі кездегі егеменді еліміздегі даму тарихына тоқталсақ, 1999 жылы, 13 шілдеде жаңадан енгізілген Азаматтық іс жүргізу кодексінде сот актілеріне наразылық кетіру және апелляциялық шағым беруге арналған екі тарау енгізілген. Жаңадан пайда болған бұл ерекшелік АІЖКнің 40-тарауында тек қана кассациялық емес, сондай-ақ апелляциялық тәртіптегі заңды күшіне енбеген сот актілеріне шағым беру мүмкіндігін алғаш рет қарастырды. Ал АІЖК-нің 41-тарауы істі апелляциялық шағым немесе наразылық бойынша қарау тәртібіне арналған. Апелляциялық өндіріс, деген термин бұрындары жекелеген ғылыми еңбектер мен заңнамалық түсініктемелерде еске алынса, енді заңнамалық базадан тұрақты орын алуы, сот актілеріне шағымдану институтының тұжырымын жүзеге асыруға тыңғылықты түрде куәлік берді. Заң шығару орны екінші саты үшін мүдделілік танытқан адамның бастамасымен істі өз мәні бойынша екінші рет қараудың мүмкіндігін бекітіп берді. 1999 жылы үлгіде апелляциялық шағымды облыстық соттың

судьясы жеке өзі қарайтын, ал кассациялық саты Жоғары Сотта қарастырылған болатын. Алайда бұл үлгі жүзеге асқан жоқ, сондықтан 2001 жылы өзгерістер қабылданып, апелляцияның жаңа үлгісі сот өндірісіне енгізілді. 2007 жылы Алқабилер туралы заңы енгізілді, бұл заң өз кезегінде сот жүйесінің қызметін жетілдіру мақсатымен қызметін атқара келе бірнеше кемшіліктері айқындалды. Ал 2010 жылы 1 қаңтардан бастап күшіне енген АІЖК – дегі өзгерістер қазіргі таңда жүзеге асырылып келеді.

Ал енді біздің тәуелсіз елімізде апелляциялық институттың пайда болу тарихына тоқтала кетейік. 1999 жылы 13 шілдеде жаңадан енгізілген Азаматтық іс жүргізу кодексінде сот актілеріне наразылық келтіруге және апелляциялық шағым беруге арналған екі тарау (40, 41) енгізілген еді. Жаңадан пайда болған бұл айрықша ерекшелік АІЖК-нің 40-шы тарауында тек қана кассациялық емес, сондай-ақ апелляциялық тәртіптегі заң күшіне енбеген сот актілеріне шағым беру мүмкіндігін алғаш рет қарастырды. Ал АІЖК-нің 41-ші тарауы істі апелляциялық шағым және наразылық бойынша қарау тәртібіне арналды.

Былайша қарағанда, апелляциялық өндіріс (институт) деген термин бұрындары жекелеген кейбір ғылыми еңбектер мен заңнамалық түсініктемеде еске алынса, енді заңнамалық базадан тұрақты орын алуы, сот актілеріне шағымдану институтының тұжырымын жүзеге асыруға тыңғылықты түрде куәлік берді.

Нақты айтқанда, заң шығару орны екінші саты үшін мүдделілік танытқан адамның бастамасымен істі өз мәні бойынша екінші рет қараудың мүмкіндігін бекітіп берді. Аталған шешім АІЖК-нің 347-бабында мәтіндік және мағыналық жағынан талданып негізделді. Бұл апелляциялық сатыдағы сот істе қосымша материалдар беруде істің мән-жайын дұрыс анықтауға, сондай-ақ материалдық құқық нормасын талқылауға және оны қолдануға мүмкіндік туғызды. Сонымен бірге, іс қарауда және оны шешу барысында азаматтық іс жүргізу тәртібінің сақталуын көздейтінін танытты.

1999 жылғы үлгіде апелляциялық шағымды облыстық соттың судьясы жеке өзі қарайтын, ал кассациялық инстанция Жоғары Сотта қарастырылған болатын.

Алайда бұл үлгі іске асқан жоқ, сондықтан 2001 жылы өзгерістер қабылданып, апелляцияның жаңа үлгісі сот өндірісіне енгізілді.

Қазіргі таңда Жоғары Сот дайындаған заң жобасы іске асырылып, 2001 жылғы үлгіге тағы да едәуір өзгерістер енгізілді. Қазіргі Қазақстан Республикасының сот жүйесі үш буынды сот жүйесінен тұрады: бірінші саты – аудандық соттар, апелляциялық және кассациялық сатылар. Облыстық соттардағы және Жоғары Соттағы бірінші сатылар қысқартылды, Алматыдағы мамандандырылған қаржылық сот аудандық соттың қатарына қосылды. Бірінші саты тәртібімен істерді тек қана аудандық және оған теңестірілген соттар қарайды. Апелляциялық сатылар тек қана облыстық соттарда ғана сақталып қалды, ал Жоғары Соттың апелляциялық алқалары таратылды. Облыстық соттардың қадағалау алқалары жойылды, ал қадағалау ретінде сот актілерін тексеру құқығы тек қана Жоғары Сотта қалдырылды.

### 3. Тарау Азаматтық іс жүргізудің негізгі сатылары

#### 1 Бірінші сатыдағы сотта іс жүргізу

**Азаматтық істі қозғау.** Азаматтық істі қозғау – бұл жалпы іс жүргізудің бірінші және өте маңызды сатысы. ҚР АІЖК-нің 8-бабы бойынша жеке және заңды тұлғалар, прокурор, мемлекеттік органдар талап арыз беру арқылы талап өндірісін қозғай алады.

Азаматтық іс жүргізу құқығындағы талап дегеніміз – бірінші сатыдағы сотқа даулы азаматтық субъективтік құқық немесе заңмен қорғалатын мүддені қорғау туралы талап қоюды айтады.

М.А.Гурвич, Н.Б.Зейдер, С.Н.Абрамов сынды ғалым-заңгерлер талапқа 2 құқық саласы: материалдық және процессуалдық құқыққа тән категория ретінде анықтама беріп, талаптың екі дара түсінігін бөліп қарастырған – материалдық-құқықтық және процессуалдық мағынада.

Талап материалдық құқықтық мағынада сотпен қорғалатын субъективтік құқық, игілік ретінде түсініледі. Процессуалдық мағынада талап – бұл субъективті құқықты қорғау туралы сотқа шағымдану, яғни талап қоюшының көрсетілген негіздері бойынша, белгілі бір пәнге қатысты, белгілі бір мазмұнда соттың шешім шығаруын талап етуі.

Талап ету талап сипатына ие болу үшін келесілер қажет:

- Мүдделі адамның сотқа жолдануы;
- Белгілі бір материалдық-құқықтық талаптармен борышкерге қатысты шағымдану.

Заңмен белгіленген шарттар негізінде талап қою құқығын жүзеге асыру және азаматтық іс қозғалуы мүмкін жағдайлар талап қою тәртібі деп аталады. Мұндай шарттар болып келесілер табылады:

1. Істің қай сотта қаралуы (соттылық);
2. Талапкердің процессуалдық әрекет қабілеттілігі;
3. Істі жүргізу үшін өкілдің өкілеттігі тиісінше рәсімделген болуы қажет;
4. Арыз нысанының және мазмұнының заң талабына сәйкестілігі, арыздың көшірмесі, ал қажет болған жағдайда оған қоса басқа да құжаттар тіркеледі.

ҚР АІЖК талап арызды сотқа жазбаша нысанда беруді бекітеді. АІЖК-нің 150-бабына сәйкес талап арызда мыналар болуы қажет:

1. Арыз берілетін соттың атауы;
2. Талап қоюшының атауы, оның тұрғылықты жері немесе егер талап қоюшы ұйым болса, оның тұрған жерімен банктік реквизиттері сондай-ақ егер арызды оның өкілі берсе, өкілдің атауы мен мекен-жайы;
3. Жауапкердің атауы, оның тұрғылықты жері немесе егер талап қоюшы ұйым болса, оның тұрған жерімен банктік реквизиттері;
4. Талап қоюшының құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін және оның талап қою талаптарын бұзу немесе бұзу қаупінің мәнісі;
5. Талап қоюшының талаптарын негіздейтін мән-жайлары мен бұл мән жайларды растайтын дәлелдемелер;
6. Егер талап қою бағалауға жатса, талап қоюдың бағасы;
7. Арызға қоса тіркелетін құжаттардың тізбесі көрсетілуі тиіс.

Осы орайда, талап арыздарды қабылдау жөнінде айта кететін жайт, сот практикасын зерделеу сатушылар Қазақстан Республикасынан не даулы тұрғын үй-жай тұрған елді мекеннен тыс жерге кеткенде не қайтыс болғанда тұрғын үй-жайды сату-сатып алу шарттарын жарамды дап тану туралы істер бойынша талап арыздарды қабылдау кезінде соттардың көп жағдайларда қиындықтарға кез болатынын көрсетті. Осы санаттағы істер бойынша жауапкерлердің тұрғылықты жерін немесе тұрған жерін көрсету бөлігінде біркелкі сот практикасы жоқ.

Көп жағдайларда талап арыздарда жауапкерлердің мекен-жайлары мүліктің орналасқан жері бойынша емес, олардың белгілі болған соңғы тұрғылықты жері, мысалы, «Ресей», «Германия», «РФ» деп көрсетіледі (Ш.-нің үйді сатып алу-сату шартын жарамды деп тану туралы П.-ға қойған талабында жауапкердің мекен-жайы «Ресей Федерациясы» деп, М.-нің мәмілені жарамды дап тану туралы П.-ға қойған талап арызында жауапкердің мекен-жайы «Германия» деп көрсетілген). АІЖК-нің 150-бабына сәйкес, жауапкердің тұрғылықты жері (тұратын жері) талап арызда көрсетілуге міндетті болғандықтан, тараптарға талап арызда жауапкердің бұрынғы белгілі мекен-жайын немесе оның мүлкінің орналасқан жерін көрсету үшін уақыт беріліп, аталған талап арыздар қозғалыссыз қалдырылуға жатады.

Талап арызға талапкердің өзі немесе өкілеттілігі бар соттағы өкілі қол қояды. АІЖК-нің 151-бабы бойынша талап арызға қажетті қосымша ретінде мынадай құжаттар тіркелуі тиіс:

1. Жауапкерлердің және үшінші тұлғаның саны бойынша талап арыз көшірмелері;
2. Мемлекеттік баж төлегені туралы түбіртек;
3. Өкілдің өкілеттілігін рәсімдейтін сенімхат;
4. Талапкердің талабын негіздейтін құжаттар, олардың көшірмелері;
5. Дауланып отырған нормативтік құқықтық актінің мәтіні;
6. Сот шығындарынан босату туралы талапкердің өтініші.

Судья талап арыз түскен күннен бастап бес күн ішінде оны сот өндірісіне қабылдау туралы мәселені шешеді. Талап арызды қабылдай отырып, судья азаматтық істі қозғау туралы ұйғарым шығарады. Осы сәттен бастап нақты іс бойынша іс жүргізу басталады.

Егер талап арыз АІЖК-нің 150-бабындағы және 151-баптың 1-3 тармақтарындағы қойылған шарттарға сай келмесе, онда судья арызды қозғаусыз қалдыру туралы ұйғарым шығарады. Бұл жөнінде талапкерге хабарлап, оған жетіспеушіліктерді жою үшін қажетті мерзім тағайындайды.

Сот істерін зерделеу судьялардың заңның осы нормаларын кеңінен түсіндіруге жол беретінін және талап арыздарды қозғалыссыз қалдыратынын, содан кейін оларды талапкерлерге заңда көрсетілмеген негіздер бойынша қайтарып беретінін байқатты. Мысалы, Н.-ның, Қ.-нің және К.-нің Алматы қаласындағы 4 бөлмелі ортақ пәтерді бөлу туралы К.-ге талап арызында:

- 1) Арыз беріліп отырған соттың атауы;
- 2) Талапкерлердің атауы, олардың тұрғылықты жері, салық төлеушілердің тіркеу нөмірлері;

3) Жауапкедің тегі, аты, әкесінің аты, оның тұрғылықты жері, салық төлеушілердің тіркеу нөмірлері;

4) Талапкердің құқықтарының бұзылуының мәні және олардың талап арыздары көрсетілген (әкесі мен шешесі ажырасқан, шешес өздері бірлесіп жинаған мүлікті – автомобильдің құнының жартысын өзіне бөліп беру жолымен бөлуді сұрайды, шешесі балаларымен бірге соттан өздеріне пәтердің үш шағын бөлмесін бөліп беруді, балалардың әкесіне, яғни өзінің күйеуіне отбасына жекешелендіріліп берілген төрт бөлмелі пәтердің төрттен бір бөлігін, яғни көлемі 17,2 шаршы метрді құрайтын бір бөлмесін бөліп беруді сұрайды).

Бұған қоса талапкерлер ас үйді, дәлізді, қойма бөлмесін, дәретхананы, жуынатын бөлмені және т.б. ортақтасып пайдалануға қалдырған. Бөлмелердің аумағы мен орналасу реті көрсетілген пәтер жоспары талапқа қоса тіркелген. Пәтер мен автомобильдің бағасын талапкерлер белгілеген, талап бағасы көрсетілген, бөлуге жататын мүлікке құқық белгілеуші құжаттар және жауапкер үшін талап арыздың көшірмесі қоса тіркелеген. Талап арызға талапкерлердің өздері қол қойған, талап сомасының 1 пайызы мөлшерінде мемлекеттік баж төленген, талапкерлер өкілдерсіз өздері әрекет жасаған. Міне, осылайша талап арыздың мазмұны толығымен АІЖК-нің 150-бабының талабына толығымен сәйкес келеді. Демек, судья үшін тек талап арыздың мәнін анықтау ғана қалады, мұның өзі АІЖК-нің 166-бабына сәйкес, істі сотта қарауға дайындау барысында жүзеге асырылады. Алайда, судья осы талап арызды 12.01.2009 жылғы ұйғарыммен, сөзбе-сөз келтіретін болсақ: «талап арыздың мәтінінде, сондай-ақ оған қоса берілген қосымшада пәтерді осылай бөлудің мүмкіндігі туралы, демек тұрғын үйдің бөлек есіктен кіретін бөлігінің бар екендігі бөлек көрсетілмеген, осы бөліктің санитарлық норма ескеріле отырып адамның тұруына лайықталғаны туралы дәлелдемесі де жоқ» деген себеппен қозғалыссыз қалдырған.

Яғни, судья талап арызды қозғалыссыз қалдырған және пәтерді бөлудің мүмкіндігі туралы құжаттардың ұсынылмауына байланысты ғана оны талапкерге кері қайтарған. Солай бола тұра, талаптардың дәлелдерін растайтын тиісті құжаттардың талап арызға қоса міндетті түрде тіркелуге тиіс екендігі АІЖК-нің 151-бабының 4-тармақшасында көрсетілген және АІЖК-нің 155-бабына сәйкес, бұл талап арызды қозғалыссыз қалдыру негіздемелерінің тізбесіне енбейді. Мұндай құжаттарды талапкер істі тыңдау барысында ұсына алатын еді. Қойылған талаптардың дәлелденбеуі талапты қозғалыссыз қалдыру үшін емес, талаптан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Талапкер белгіленген мерзім ішінде жетіспеушіліктерді жойса, онда азаматтық іс алғашқы берілген күні қабылданды деп есептеледі. Ал, егер қателіктер түзетілмесе, онда талап арыз берілген жоқ деп есептеліп, судьяның ұйғарымымен талапкерге тіркелген құжаттармен қоса қайтарылады. Бірақ та, бұл талапкердің қайтадан сотқа жолдануына кедергі келтірмейді.

Талап арызды қозғаусыз қалдыру туралы соттың ұйғарымына жеке шағым немесе жеке наразылық беріледі, себебі ол азаматтық істің қозғалуына кедергі келтіріп отыр.

Сотқа талап арызбен жолданғанда судья ең алдымен талапкердің сотқа талап қою құқығының болуын тексереді. Егер судья сотқа талап арыз берген тұлғаның талап қою құқығының жоқ екендігін анықтаса, оны қабылдаудан бас тарта алады. Судья арыздың дәлелденбегені, талаптың ескіру мерзімінің өтіп кетуіне байланысты талап арызды қабылдаудан бас тарта алмайды.

ҚР АІЖК-нің 153-бабына сәйкес судья мына жағдайларда талап арызды қабылдаудан бас тарта алады:

1. Арыз азаматтық сот өндірісін жүргізу тәртібімен қарауға және шешуге жатпаса, яғни дау соттардың ведомстволық бағыныстылығына жатпаса.

2. Сол тараптардың арасындағы дау бойынша, сол пән және сол негіздер бойынша шығарылған соттың заңды күшіне енген шешімі немесе талапкердің талап қояудан бас тартуына байланысты бітімгершілік келісімін бекіту туралы сот ұйғарымы болса. Бұл негіз бойынша талаптардың ұқсастығын анықтап алу қажет. Егер талап тек қана пәні мен негізі бойынша ұқсас болып, ал тараптары әртүрлі болса, онда талап арыз қабылдануы тиіс.

Сонымен қатар субъективтік құрамы бойынша ұқсастық өзге тұлғаның құқығын қорғап іс қозғаған прокурор мен мемлекеттік органға да қатысты. Егер заңды күшіне енген шешім болса, онда өзгенің құқығын қорғап, екінші мәрте сотқа жолдануға болмайды. Осы ереже талапкер мен жауапкердің орнына процеске кірген құқыққабылдаушыға да міндетті болады.

Ал азаматтық істердің кейбір санаттары бойынша, талап қанағаттандырылмаған жағдайда, қайтадан талап қоюға болады. Мысалы, ата-аналық құқықтан айыру туралы, некені бұзу істері бойынша.

Судья арызды қабылдаудан бас тарта отырып, 5 күн ішінде бұл туралы дәлелді ұйғарым шығарады. Ұйғарымда судья талапкер қандай органға жолдана алатындығы туралы көрсетуі тиіс.

Судья тұлғаның талап қоюға құқығын анықтаған соң, бұл құқықтың тиісінше жүзеге асырылуын, яғни сотқа жолдану құқығының алғышарттарының сақталуын тексереді. Мұндай алғышарттарды орындамау талап арызды қайтаруға негіз болады.

АІЖК-нің 154-бабында талап арызды қайтару негіздері қарастырылған:

1. Сотқа дейінгі істі шешу тәртібі сақталмаса. Бұл тәртіп азаматтық істердің жеке санаттарына қатысты заңдарда қарастырылған негіздерде орындалуы тиіс. Мысалы, ҚР «Неке және отбасы туралы» заңның 15-бабы бойынша некені әйелдің жүктілігі кезінде және бала туғаннан кейінгі 1 жыл ішінде әйелдің келісімінсіз бұзуға болмайтындықтан талапкер осы мерзімде некені бұзу үшін зайыбының рұқсатын алуы тиіс.

2. Соттылық бұзылса. Бұл жағдайда судья міндетті түрде нақты қандай сотқа мүдделі тұлға жолдана алатындығын ұйғарымда көрсетуі тиіс.

3. Талап арыз әрекет қабілеттілігі жоқ тұлғамен берілсе. Бұл негіз тек дәл анықталған жағдайда талап арыз қайтарылуы тиіс.

4. Талап арызға қол қоюға өкілеттігі жоқ тұлға қолын қойса. Заң азамат сотта істі өзі немесе өкілі арқылы жүргізе алатындығын анықтайды. Мүдделі тұлғаның атынан талап қою үшін өкіл талап арызға өкілеттігі рәсімделген

сенімхатты тіркеуі тиіс. Мұндай құжаттың болмауы талап арызды қабылдаудан бас тартуға негіз болады.

5. Осы пән, негіз бойынша, дәл осы тараптар арасындағы дау бойынша сотқа сондай арыз берілген болса. Азаматтық іс жүргізу заңдары бойынша ұқсас талаппен сотқа жолдану құқығы тек қана бір-ақ рет берілген. Егер іс қозғалып болған соң ұқсас талаптың сотқа берілгені анықталса, онда талап арыз қараусыз қалдырылады және іс жүргізу одан әрі жалғастырылмайды.

6. Жылжымайтын мүлікке құқықты мемлекеттік тіркейтін органның есепке алған күннен бастап бір жыл ішінде жылжымайтын мүлікке коммуналдық меншікті тану туралы коммуналдық мүлікті басқару органы сотқа жолданса.

7. Талапкер талап арызды қайтару туралы өтініш білдірсе.

ҚР Жоғарғы Сотының түсінігі бойынша, соттарға жоғарыда қарастырылған негіздерден басқа жағдайларда талап арызды қабылдаудан бас тартуына негіз бола алмайды, себебі 154-бапта қарастырылған негіздердің тізімі аяқтай көрсетілген. Сонымен қатар қажетті дәлелдемелерді тапсырмағаны үшін арызды қайтаруға да негіз жоқ. Сондықтан да егер талапкер іс үшін маңызды дәлелдемелерді тапсыра алмаса, онда судья арызды қабылдаудан бас тарта алмайды.

ҚР АІЖК-нің 154-бабына сәйкес, талап арызды беру талаптары сақталмаса, судья арызды қайтару туралы ұйғарым шығара алады. Арызды қайтару туралы судьяның ұйғарымына жеке шағым, наразылық берілуі мүмкін. Егер де талап арызды беру талаптары орындалса, онда талап арыз қабылданып, азаматтық іс қозғалуы тиіс.

Талап қою және соттың оны өз өндірісіне қабылдап алуы процессуалдық және материалдық-құқықтық салдарға әкеледі.

Талап қоюдың негізгі процессуалдық салдары осы сәттен бастап азаматтық іс жүргізудің пайда болуында. Талап арызды сотқа беру талапкер мен сот арасында процессуалдық құқықтық қатынастардың пайда болуына бағытталған процессуалдық әрекеттер (заңды факт) сипатына ие болады. Істі қозғау мүдделі адамның да, судьяның да қалауымен анықталады. ҚР АІЖК-ң 152-бабында талап-арызды қабылдай отырып, судья азаматтық іс қозғау туралы ұйғарым шығарады делінген. Осы сәттен бастап нақты іс бойынша іс жүргізу басталады.

Азаматтық істі қозғау фактісі белгілі бір құқықтық салдарға әкеледі. Оларды сипаты мен маңызына қарай екі топқа бөлуге болады:

- 1) Процессуалдық-құқықтық;
- 2) Материалдық-құқықтық.

Талап қоюдың негізгі процессуалдық салдары – бұл іс бойынша азаматтық іс жүргізудің пайда болуы, азаматтық істің қозғалуы. Арызды іс жүргізуге қабылдауға байланысты іске қатысушы тұлғаларымен сот арасында процессуалдық қатынастар пайда болады, процессуалдық құқықтар мен міндеттер жүзеге асырылады. Осылай, нақты істі белгіленген мерзімде қарастыру және шешу мәселесі сотқа жүктеледі. Талапкер онымен қойылған талап арызды шешу үшін барлық қажетті процессуалдық әрекеттерді жүзеге



асыруды талап етуге құқылы; жауапкер талапкерге қарсы өз құқықтарын қорғау әрекеттерін жүзеге асыра алады және т.б.

Процессуалдық құқықтық салдарға келесілер жатады:

а) Нақты азаматтық іс бойынша процесстің пайда болуы (мүдделі тұлғалар азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының қатысушылары болады, процессуалдық құқықтар мен міндеттерді иеленеді);

б) Баламалы соттылық бойынша мүдделі тұлғаның істі қарастыру орнын таңдау құқығынан айрылуы.

Талап қоюдың материалдық-құқықтық салдарына келесілерді жатқызамыз:

а) Талап қоюдың ескіру мерзімін тоқтатады;

б) Басқа біреудің мүлкін адал иеленуші мүлікті қайтару туралы меншік иесінің арызы бойынша хабарландыру алған күннен бастап барлық түскен немесе түсуге тиіс болған кірістерді өтеуге міндетті;

в) Арызбен сотқа шағымдану сәтінде алименттер келешек уақытқа тағайындалады.

Заңда сотқа талап қоюдың басқа да материалдық құқықтық салдары бекітілуі мүмкін.

**Азаматтық істі сот талқысына әзірлеу.** Азаматтық істерді соттың қарауына әзірлеу бірінші сатыдағы соттың іс жөніндегі іс әрекетінің қажетті бөлігі болып табылады және ол тараптар ұсынған дәлелдемелер мен қолданылуға жататын материалдық құқық нормаларына сәйкес тараптардың заңды құқықтары мен міндеттерін, олар ұсынған дәлелдемелерді сот отырысында толық, жан-жақты және объективті түрде зерттеп, заңды және негізді сот актісін шығару үшін қажетті жағдайлар тудырады.

Азаматтық істі әзірлеу азаматтық іс жүргізу құқығымен реттелген қоғамдық қатынастар жиынтығын құрайды, олар нақты азаматтық істі сотта қарау процесінде азаматтық сот ісін жүргізу міндеттерінің тиісінше орындалу қамтамасыз ету үшін сот пен іске қатысушы тұлғалардың және басқа да процеске қатысушылардың арасында туындайды. Әзірлеу істің күрделілігіне қарамастан жүргізілуге тиіс.

Азаматтық істі уақытылы және дұрыс шешуді қамтамасыз ету мақсатында, судьямен жеке жүзеге асырылатын процессуалдық әрекеттердің жиынтығы – азаматтық істі соттың қарауына әзірлеу сатысы деп аталады.

Сот талқысына істі әзірлеудің міндеттері:

1) Істі дұрыс шешу үшін талап қою мен қарсылықты негіздейтін, басқа да маңызы бар мән-жайларды анықтау;

2) Тараптардың құқықтық қатынастарын және басшылыққа алынуға тиісті заңды анықтау;

3) Іске қатысушы тұлғалардың құрамы мен процесстің басқа да қатысушылары туралы мәселені шешу;

4) Әрбір тарап өз пайымдауларын негіздеу үшін ұсынуға тиіс дәлелдемелерді анықтау, олардың уақытында тапсырылуын қамтамасыз ету.

Азаматтық істерді сотта қарауға әзірлеу – сотта іс қараудың екінші сатысы болып табылады.

Ж.Б.Архарованың айтуынша, «істі сотта қарауға тиянақты әзірлеу – табыстың кілті». Бұл сөзімен толықтай келісеміз, өйткені азаматтық іс жүргізудің алдында тұрған міндеттерді жемісті орындау үшін азаматтық істерді әзірлеу ерекше маңызға ие. Әзірліктің сапасына сотта іс қараудың соңғы нәтижелері, сот пен мемлекеттің беделі тәуелді.

Ұйымдастырылып өткізілген әзірлік жан-жақты, толық және істі объективті қарастыру үшін жағдайлар туындатады. Бірақ, тәжірибе көрсеткендей, азаматтық істердің көпшілігін әзірлеу сапасы заңда көрсетілген талаптарға сәйкес келмейді, ал кейбір жағдайларда тіпті әзірлеу сатысы өткізілмейді де. Қойылған талаптың пәні, қарсылықтың мәнісі және іске мүдделі тұлғалар үнемі дұрыс анықталмайды. Осының салдарынан сотта іс қарау барысында азаматтық іс жүргізу заңнамасының көптеген нормаларын міндетті түрде жүзеге асыру қамтамасыз етілмейді. Кейде соттар істі әзірлеген кезде заңды және негізделген шешімді қабылдау үшін маңызды дәлелдемелерді ұсынуды талап етпейді. Сонымен қатар, процессуалдық үнем, дәлелдемелердің іске қатыстылығы мен дәлелдемелерге жол беру талаптарының бұзылуы, шындықтың ашылмауына мүмкіндік бермейтін және іс жүргізуді күрделілендіретін іс үшін маңызы жоқ деректермен толады. Кейбір соттар әзірлеуді барлық істер бойынша емес, тек күрделі істер бойынша ғана жүргізу қажет деп қате ойлайды. Сапасыз әзірлік немесе оның жоқтығы істі негізсіз қайта қарауға қалдыру, оларды қарастыру бойынша заңмен белгіленген мерзімдердің бұзылуы, негізсіз азаматтарды сотқа шақыру, сот ісін жүргізудің нашарлауына, шығындардың көптеп жұмсалыуына әкеледі.

Материалдық-құқықтық нормалардың дұрыс қолданбауының салдарынан бұзылған шешім ғана емес, сонымен қатар, егер нәтижесінде дау негізі бойынша дұрыс шешілсе де жіберілген процессуалдық олқылықтар және істің тыңдауға дайын еместігінің жағдайлары сот беделіне зиянын тигізеді.

Судья азаматтық істі сот талқылауына дайындауды, егер АІЖК-де немесе өзге заң актілерінде басқа мерзімдер көрсетілмесе, арыз сот өндірісіне қабылданып, азаматтық іс қозғалған күннен бастап жеті күннен кешіктірмей өткізуі тиіс.

Азаматты хабар-ошарсыз кеткен деп тану немесе азаматты қайтыс болған деп жариялау туралы істер бойынша істі соттың қарауына әзірлеу мерзімі жергілікті газетте осындай істің қозғалуы туралы судья ұйғарымы жарияланған күннен бастап үш ай құрайды.

Сот АІЖК-нің 273-бабының 1-бөлігіне сәйкес сайлауға дейін бес күн бұрын және сайлау күні келіп түскен азаматтардың, қоғамдық бірлестіктердің, сайлау комиссия мүшелерінің сайлау құқықтарының бұзылуы туралы арыздары бойынша істі арыз берілген күні дайындап, сол күні оны мәнісі бойынша қарауы керек. Бұл санаттағы даулар бойынша істі соттың қарауына әзірлеу мерзімі ұзартылуға жатпайды.

Сотта істі қарауға әзірлеу судьяға өтініш түскеннен кейін басталуы керек. АІЖК-нің 167-бабында көрсетілген алименттерді өндіріп алу туралы, мертігуден немесе денсаулықтың өзге де зақымдануынан келтірілген зиянды өтеу туралы істерді соттың қарауына әзірлеу мерзімдері ұзартылуға жатпайды.

Істердің басқа санаттары бойынша судья ерекше жағдайларда, сондай-ақ асыраушысынан айрылуына байланысты және еңбек қатынастарынан туындайтын талаптар бойынша бұл мерзім судьяның дәлелді ұйғарымы бойынша бір айға дейін ұзартылуы мүмкін.

Заң шығарушы әділ соттың тиімділігін жоғарылату, тәрбиелік және алдын-алу жұмыстарының нәтижелілігін қамтамасыз ету мақсатында сотта іс қарауды және шешім шығаруды істі қозғау сәтіне барынша жақындатқысы келеді.

Осы сатыны процессуалдық рәсімдеу істі сотта қарауға әзірлеу туралы ұйғарым шығару (АІЖК-ң 168-бабы) және істі сот мәжілісінде қарауға тағайындау туралы ұйғарым шығару (АІЖК-ң 173-бабы) арқылы жүзеге асырылады. Азаматтық іс жүргізуде істі әзірлеу соттың өзіне тәуелді. Әзірлеу әрекеттерін жүзеге асыруға басшылық ететін судьяға істі қарау сапасы, жеделдігі және толықтығы үшін үлкен жауапкершілік жүктелген.

Істі әзірлеуді жүзеге асырушы судья, алдымен арыз берушіден түскен материалдармен ғана таныс болады. Сот қызметінің пәні жеткілікті анықталғанша және осыдан шығатын қажетті көлемде дәлелдеу мәліметтерін алу қажеттілігіне дейін ол көптеген процессуалдық әрекеттерді жүзеге асыруға тиіс. Осы сатының ерекшелігі азаматтық процессуалдық қатынастардың басқа да субъектілері өз процессуалдық құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыра отырып, әзірлеу әрекеттеріне белсенді түрде қатыса алады және судьяға көмектеседі.

Ең алдымен судья іс бойынша дәлелдеу пәнін анықтайды, яғни азаматтық сот өндірісінің міндеттерін тиісінше орындау үшін деректердің шеңберін анықтайды: дауды дұрыс шешу үшін тараптардың талабы мен қарсылықтарын негіздейтін заңды фактілерді, сонымен қатар азаматтық құқық бұзушылық пен даудың пайда болуына әсер еткен себептер мен жағдайларды анықтамайынша, сот алдында тұрған құқық бұзушылықтарды алдын-алу міндеттерін орындау мүмкін емес. Осы мақсатта судья берілген талаптар бойынша талапкерден жауап алады және одан жауапкер тарапынан мүмкін болатын қарсылықтарды анықтайды. Қажетті жағдайларда жауапкерді шақырып алады және талап қоюға қандай қарсылықтары бар екенін анықтай отырып, істің мән-жайлары бойынша одан жауап алады.

Басты назар – талаптың пәнін, негізін анықтау, дәлелдемелерді жинақтау, іске қатысушы тұлғалардың аумағын анықтауға аударылады.

Айрықша күрделі істер бойынша жауапкерге іс бойынша жазбаша түсінік беру ұсынылуы мүмкін. Тараптардан бір уақытта жауап алу істі әзірлеудің тиімді құралы болып табылады. Өзара келіспеушілікті анықтау үшін талапкер мен жауапкер бір уақытта шақырылуы мүмкін. Егер талап қою бірнеше тұлғалармен немесе бірнеше жауапкермен ұсынылса немесе іске үшінші тұлғалар қатысса, істі дұрыс шешу үшін маңызы бар жағдайларды толық анықтау мақсатында судья олардан жауап алуы керек. Мысалы, тараптардың бітім келісімін жасауға ынтасын анықтау, жауапкер жағынан талапқа қарсылық туралы анықтау қажет.

Тараптарға процессуалдық құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі және дәлелдемелерді тапсыру ұсынылады.

Іс үшін маңызы бар жағдайлардың шеңберін бір уақытта анықтағанда судья тараптардың заңды қатынастарының сипатын және осы қатынастарды реттейтін құқық нормаларын белгілейді.

Істі әзірлеген кезде судья прокурордың және мемлекеттік басқару органдарының іс жүргізуге қатысуы туралы мәселені шешеді; сотпен хабар-ошрсыз деп танылған, жан күйзелісі және есі дұрыс еместігінің салдарынан әрекетке қабілетсіз деп танылған тұлғалармен неке бұзу істері бойынша іс жүргізуге жауапкердің мүліктік құқығын қорғау үшін қорғаншылық және қамқоршылық органдарын қатыстыру мәселесін шешеді; сонымен қатар, оның балаларының мүддесін қамтамасыз ету үшін қорғаншылық және қамқоршылық органдарының өкілдерін іс қарауға қатыстыру мәселесін шешеді; істің жүруіне мүдделі мемлекеттік орган, мекеме, ұйым, олардың бірлестігі немесе іске қатыспайтын азаматты анықтап алып, оларға азаматтық істі қарау уақыты мен орны туралы хабарлайды.

Бұл жерде судья алынатын мәліметтерді бағалауға ерекше көңіл бөліп, жан-жақты, толық әрі объективті зерттеулер, оларға соңғы баға беру тек қана сот талқысы кезінде жүзеге асырылатынын естен шығармауы тиіс. Судья қажет болса, істі сотта қарауға әзірлеу барысында талапты қамтамасыз ету бойынша шаралар қолдану, сот тапсырмаларын жіберу, заттай дәлелдемелерді қарауды тұрған жерінде жүргізу, сараптама тағайындау сияқты процессуалдық әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы.

Іс толығымен дайын деп танылған соң судья АІЖК-нің 173-бабын басшылыққа ала отырып, сот мәжілісінде істі қарауға (сот талқысына) тағайындау туралы ұйғарым шығарады. Істі сотта қарауға тағайындау туралы ұйғарымда сот мәжілісі өтетін уақыты, орны, сотқа іске қатысушылардың келуін қамтамасыз ету бойынша шаралар көрсетіледі. Судья сотта істі қарауға дейін, егер істі қарау кейінге қалдырылған жағдайда – жаңа сот мәжілісінің басталуына дейін әзірлік әрекеттерін жүзеге асыруға құқылы. Іс бойынша қабылданған шешімнің күшін апелляциялық және қадағалау тәртібінде жойып, қайтадан қарауға жіберілген жағдайда, әзірлік жаңартылуы мүмкін.

Белгіленген үлгідегі сот хабарландырулары арқылы іске қатысушы тұлғалар мен өкілдерге істі қарау орны мен уақыты туралы хабарлайды. Осындай әрекеттер арқылы куәлар, сарапшылар, аудармашылар сотқа шақырылады. Сотта істі қарау белгіленген азаматтық істер санаттары үшін заңмен белгіленген мерзімін ескере отырып, іске қатысушыларға істі сотта қарау уақытын және сттың жұмыс істеу кестесі туралы судья хабарлайды.

Хабарландырулар мен шақырулар хабарландырылған немесе шақырылған тұлғаның сотқа уақтылы келуі және іске әзірленуі үшін жеткілікті мерзімі болуы есептеле отырып жолдануға тиіс.

Хабарландыру мен шақыру хабарландырылған немесе шақырылған адамға тарап немесе іске қатысатын басқа да адам көрсеткен мекен-жай бойынша жолданады. Егер сотқа хабарланған мекен-жайда азамат іс жүзінде тұрмайтын болса, хабарлау немесе шақыру оның жұмыс орнына жолдануы мүмкін. Қажет болған жағдайда іске қатысушы тұлғалар, өкілдер, куәлар, сарапшылар,

аудармашылар телефонограмма арқылы хабарландырылуы немесе шақырылуы мүмкін.

Шақыру қағазымен бірге судья жауапкерге талап арыздың көшірмесі мен арызға қоса берілген құжаттардың көшірмесін жібереді. Ол пошта немесе курьер арқылы жіберіледі. Сот хабарламалары немесе шақырулары туралы ҚР АІЖК-де көзделген тәртіпті орындамау заңды өрескел бұзу болып табылады. Азаматтық істерді соттың уақтылы және заңдылықпен қарастыруы көбінесе осы тәртіпті сақтауға байланысты болады.

Жалпы сот практикасына жасалған талдау көп жағдайларда істі сотта қарауға дайындау формальді жүргізілетінін көрсетіп берді. Судьялар істің дәлелдемелерді барынша толық әрі объективті қарауды қамтамасыз ететін осы сатысын жете бағаламайтынын байқатты.

Кейбір істер бойынша талап арыздардың көшірмелерінің жауапкерге тапсырылғаны туралы мәліметтер жоқ. Солай бола тұра, талап арыздың көшірмесі, ал қажет болған жағдайларда – оған қоса тіркелген құжаттардың көшірмелері өзіне тапсырылған жағдайларда ғана жауапкер өзінің құқықтарын толық көлемінде пайдалана алады. «Қазақстан Республикасының қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Азаматтық іс жүргізу кодекстеріне сот жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 10 желтоқсандағы ҚР-ның заңына сәйкес, судья жауапкерге талап арызға пікір білдіруді ұсынбайды, керісінше міндеттейді. Ал, АІЖК-не енгізілген жаңа 169-1-бап талап арыздың пікірдің мазмұнын реттейді. Демек, судья талап арыздың көшірмесін оған қоса тіркелген құжаттардың көшірмелерімен бірге жауапкерге жіберуге және жауапкерге белгіленген мерзімде оған пікір білдіруді міндеттеуге тиіс.

**Азаматтық істі сот отырысында негізі бойынша қарау.** Азаматтық іс жүргізудегі сот талқысы – бұл істі шешумен аяқталатын іс жүргізудің маңызды әрі негізгі кезеңі.

Сот талқысы – іс жүргізудің негізгі сатысы, ол орталықтанған кезең болып табылады, өйткені дәл осы кезеңде сот оның алдында тұрған негізгі міндеттерді орындайды: істі негізі бойынша шешу; тараптар арасындағы даулы құқықтық қатынастарды реттеу; соттық қызметтің тәрбиелік әсерін қамтамасыз ету, заңды және жеке тұлғалардың заңмен қорғалатын мүдделері мен бұзылған құқықтарын қалпына келтіру.

Сот талқысында бірінші сатыдағы сот пен азаматтық іс жүргізуге қатысушылардың істі қарастыру мен оны негізі бойынша шешуге бағытталған процессуалдық әрекеттер жүзеге асырылады.

Қате шығарылған шешім жоғары тұрған сотпен жөнделеді ғой дегенге сілтемей, даулы құқықтық қатынасты бірінші сатыдағы сотта заңды әрі негізді шешуді қамтамасыз ету – сот жүйесінің ең маңызды міндеттерінің бірі болып саналады.

Сотта іс қарау, яғни сот талқысы азаматтық іс жүргізудің маңызды кезеңі болып табылады, онда ең алдымен сот мәжілісінде істі қарау барысында сот субъективті құқықтар және заңмен қорғалатын мүдделерді қорғау, тәрбиелік әрекеттерді жүзеге асыру бойынша негізгі міндеттерді орындайды. Мұнда әділ

соттың барлық қағидалары толығымен әрекет етеді; дәлелдемелерді жан-жақты және объективті зерттеулер негізінде істі дұрыс шешу үшін маңызды болып табылатын мән-жайлар анықталады; нақты құқықтардың шегінде тараптардың құқықтары мен заңды міндеттері анықталады және дау бойынша сот мемлекет атынан шешім шығарады. Нағыз осы сатыда сот төрелігі жүзеге асырылады. Мұнда негізінен заңдарды бұлжытпай орындау және жалпыға бірдей ережелерді құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында соттардың азаматтар санасына әсер етуі қамтамасыз етіледі.

Азаматтық істер істі сот талқылауына әзірлеу аяқталған күннен бастап екі айға дейінгі мерзімде қаралып, шешіледі. Жұмысын қалпына келтіру туралы, алимент өндіріп алу туралы және мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, лауазымды адамдардың, мемлекеттік қызметшілердің шешімдерін, әрекеттерін (әрекетсіздігін) даулау туралы істер бір айға дейінгі мерзімде қаралып, шешіледі. Азаматтық істердің жекелеген санаттары үшін заңдарда өзге мерзімдер белгіленуі мүмкін.

ҚР АІЖК 175-бабына сәйкес, сот талқысы іске қатысушы тұлғаларды міндетті түрде хабардар ете отырып, сот мәжілісінде жүргізіледі.

ҚР АІЖК 175-бабына сәйкес, азаматтық істерді сотта қарастыру сот мәжілісінде жүзеге асады, белгіленген міндеттерге жету азаматтық іс жүргізу құқығының барлық қағидаларын, азаматтық процессуалдық нормаларды қатаң түрде сақтау жағдайында жүзеге асырылады. Бұл сатыны жүзеге асырылатын әрекеттердің көлемі бойынша: әзірлік бөлімі; істің мән-жайларын зерттеу және істі негізі бойынша қарау; соттық жарыссөз және прокурордың қорытындысы; сот шешімін қабылдау және жариялау бөлімдеріне бөледі.

Сот талқысының әзірлік бөлімі істі негізі бойынша қарастыру үшін қажетті жағдайлардың бар немесе жоқтығын тексеруге бағытталған процессуалдық әрекеттердің жүйесін құрайды. ҚР АІЖК сот мәжілісінің әзірлік бөлімін жүргізу тәртібін келесідей қарастырады:

- 1) Сот мәжілісінің ашылуы;
- 2) Процеске қатысушылардың келуін тексеру;
- 3) Аудармашыға оның міндеттерін түсіндіру;
- 4) Куәларды сот отырысы залынан шығару;
- 5) Сот құрамын жариялау және қарсылық білдіру құқықтарын түсіндіру;
- 6) Іске қатысушыларға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру;
- 7) Іске қатысушы тұлғалардың сот мәжілісіне келмеуіне байланысты салдарды түсіндіру;
- 8) Куәлар мен сарапшылардың сот мәжілісіне келмеуіне байланысты салдардың мәселелерін шешу;
- 9) Сарапшыға оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіру.

Сот отырысының әзірлеу бөліміндегі мәселелерді шешкеннен кейін істі негізі бойынша қарастырады.

Істі негізі бойынша қарау төрағалық етушінің іс материалдарын жариялаудан басталады. Аталмыш бөлімнің міндеттері мынадай: талаптың пәні мен жауапкердің қарсылығын нақтылау; талапты және қарсылықты негіздейтін мән-жайларды анықтау; дауды бітім келісімімен шешуге ынтаның бар-жоғын

анықтау; іс бойынша жинақталған дәлелдемелерді жан-жақты, толық және объективті зерттеу арқылы іс үшін маңызды мән-жайларды анықтау. Іске қатысушы тұлғалардың пікірлерін тыңдай отырып, судья істің мән-жайларын зерттеуге, дәлелдемелерді қарастыруға және тексеруге кіріседі.

Соттағы жарыссөз және прокурордың қорытындысын беру бөлімінде тараптармен бірге істің мән-жайлары мен дәлелдемелерді зерттеудің нәтижесі қорытындыланады. Іске қатысушы тұлғалар, олардың өкілдері сот мәжілісінде зерттелген барлық материалдардың негізінде өз пікірлері мен қорытындыларын жарыссөзге қатысып, білдіреді. Прокурор мен өкілдер өз қорытындыларын тек қана сот мәжілісінде зерттелген дәлелдемелер негізінде анықталған фактілерге және аталмыш құқықтық қатынастарды реттеуші құқықтық нормаларға сілтеме жасай отырып негіздеуі тиіс.

Сот актісін шығару және сот шешімін жариялау бөлімінде сот талқысы қорытындыланады. Бұндағы міндеттің маңыздылығы мен жауаптылығына байланысты істі дұрыс шешуге барлық жағдайларды қамтамасыз ету қажет. Сондықтан да қаулы қабылдау үшін судья кеңесу бөлмесіне баруы тиіс.

ҚР АІЖК-нің 217-бабына сәйкес, істі негізі бойынша шешетін бірінші сатыдағы сот қаулысы шешім түрінде шығарлады. Сот шешімді Қазақстан Республикасының атынан шығарады. Сот шешімі заңды және дәлелденген болуы тиіс. Шешім іс бойынша қолданылуға жататын материалдық және процессуалдық құқық нормаларына сәйкес шығарылса заңды болып табылады. Шешімде оны орындау мерзімі көрсетілуі тиіс.

Сот талқысы бір немесе бірнеше сот мәжілістерінде өткізіледі. Істі қарауға кедергілердің болуына байланысты сот талқысы кейінге қалдырылуы мүмкін.

Істі қарауды кейінге қалдыру – істі негізі бойынша қарауды сотпен тағайындалған уақытқа жаңа сот мәжілісіне ауыстыру.

Істі қараудың кейінге қалдырылуы істі қарауға дайындықтың нашар болуының салдары немесе сот мәжілісіне олардың қатысуынсыз іс қаралмайтын жағдайларда тұлғалардың келмей қалуына байланысты болады.

Сот істі қарауды өз қарауы бойынша кейінге қалдыра алады, мұны факультативті деп атайды, бірақ кейбір жағдайларда тәртіп бойынша кейінге қалдыру заң бойынша міндетті түрде болуы мүмкін.

АІЖК-нің 189-бабы бойынша сот талқысын кейінге қалдыру екі жағдайда мүмкін болады:

1) заңмен қарастырылғанда. Мысалы, сот мәжілісіне іске қатысушы тұлғалардың біреуі келмей қалғанда; іске қатысушы тұлғалар дәлелді себеппен келмей қалса; куәнің, сарапшының, маманның мәжіліске келмей қалуы; аудармашының келмей қалуы және т.б.

2) осы сот мәжілісінде істі қарау мүмкін еместігін сот таныған жағдайда. Мысалы, жаңа дәлелдемені тапсыру қажет болса; қарсы талап қойылса; тиісті емес жауапкер ауыстырылса; іске жаңа қатысушыларды кіргізу қажет болса; өтінішті қанағаттандырса. Сонымен қатар, сот мәжілісінде туындаған жағдайларға байланысты кейінге қалдыра алады. Мысалы, іске қатысушы тұлғаның заң көмегін алуға мерзім тағайындау туралы өтініші түскенде; сот

мәжілісіндегі тәртіпті жаппай бұзушылық орын алған жағдайда, процеске қатысушы тұлғалардың ауырып қалуы т.б.

Істі қарауды кейінге қалдыру сот талқысының кез келген бөлімінде жүзеге асырылады.

Кейінге қалдырудың үзілістен айырмашылығы – істі қарау басынан басталады, яғни әзірлік бөлімінен басталады, ал үзілістен кейін істі қарау үзілген жерден одан әрі, жалғастырылады.

Кейінге қалдырудың істі тоқтата тұрудан айырмашылығы – соттың қарауы бойынша тағайындалады және қысқа уақытты алады, ал тоқтата тұрудың негіздері заңда нақты көрсетілген және ол ұзақ уақытқа созылады.

Істі қарауды кейінге қалдыру туралы сот ұйғарым шығаруы тиіс. Ол жеке шағымдалуға, наразылық беруге жатпайды.

Айрықша жағдайларда заңмен қарастырылғанда істі қарауды кейінге қалдырудың ұзақ уақыты белгіленеді. Мысалы, ҚР «Неке және отбасы туралы» заңы бойынша некені бұзу туралы іс бойынша сот ерлі-зайыптыларға 3 айға дейін татуласу мерзімін тағайындап, істі қарауды кейінге қалдыра алады.

Қалған істер бойынша кейінге қалдырылған жаңа сот мәжілісінің датасы мен уақыты анықталып, іске қатысушыларға қайтадан хабарландырылуы қажет.

Істің одан әрі жүруіне кедергі болатын, соттың және іске қатысушылардың еркінен тыс пайда болған (яғни, сот пен іске қатысушыларға байланысты емес) мән-жайлар бойынша процессуалдық іс-әрекеттерді жүзеге асыруды уақытша тоқтату – іс жүргізуді тоқтата тұру болып табылады.

Іс жүргізуді тоқтата тұрудың кейінге қалдырудан айырмашылығы:

1. Іс жүргізуді кейінге қалдыру белгілі бір уақытқа сот пен іске қатысушылар үшін белгілі бір процессуалдық әрекетті жүзеге асыру үшін тоқтатылады;

2. Іс жүргізуді тоқтата тұру бойынша процессуалдық әрекеттер жүзеге асырылмайды, істі тоқтата тұру белгісіз мерзімге тағайындалады және тек қана заңда қарастырылған белгілі бір мән-жайлар туындағанда тағайындалады және олар жойылғанда іс қайтадан жаңартылып, қаралады.

Іс жүргізуді тоқтата тұрудың үзілістен айырмашылығы – бұл іс бойынша процессуалдық әрекеттерді белгісіз мерзімге тоқтату. Ал үзіліс – сот мәжілісінің жүрісін судьялардың демалуына немесе процестің жалғасуына кедергі ететін әрекеттер салдарынан қысқа уақытқа тоқтата тұру. Үзілістің аяқталуы процестің жалғасуына әкеледі.

Сонымен, іс жүргізуді тоқтата тұру – заңда қарастырылған сот өндірісінің жүруіне кедергі келтіретін мән-жайлардың туындауына байланысты іс бойынша барлық процессуалдық әрекеттерді уақытша және толық тоқтату.

Іс жүргізуді тоқтата тұрудың екі негізі бар: міндетті және факультативті (сотқа кез келген іске қатысушы тұлға өтініш бере алады).

ҚР АІЖК 242-бабына сәйкес, сот іс жүргізуді тоқтата тұруға мынадай жағдайларда міндетті:

1) даулы құқықтық қатынас құқықтық мирасқорлыққа жол беретін жағдайларда, іс бойынша тарап болып табылатын азамат қайтыс болғанда немесе заңды тұлға қайта құрылған, таратылғанда;



Қайтыс болған адамның орнына іс жүргізуге кіретін құқыққабылдаушысын анықтағанша іс жүргізу тоқтатыла тұрады. Егер даулы құқықтық қатынас құқыққабылдаушылыққа жол бермесе (мысалы, алименттік міндеттемелер бойынша, еңбек қатынастары, отбасы құқықтық қатынастары бойынша), онда сот өндірісі тоқтатылады. Сот практикасында азаматтың қайтыс болуына байланысты құқыққабылдаушылыққа қатысты мәселе, әсіресе мұралық құқыққатынастарына байланысты пайда болады. Тоқтата тұру азаматтың қайтыс болуын тіркеу туралы деректер болғанда жүзеге асырылады.

ҚР Азаматтық кодексінің ережелері бойынша заңды тұлғаның жойылуы аяқталған, ал заңды тұлға – бұл туралы заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуіне жазылған сәттен бастап тоқтатылды деп есептеледі. Заңды тұлғаға несие берушілердің талаптары АҚ-тің 51-бабы бойынша қанағаттандырылады.

Заңды тұлға қайта құрылғанда оның орнына жаңадан пайда болған заңды тұлға құқыққабылдаушысы ретінде азаматтық процеске кіреді.

2) тарап әрекет қабілеттілігінен айырылғанда;

Тұлға соттың шешімімен әрекет қабілеттілігі жоқ деп танылған жағдайда іс тоқтатыла тұрады. Ал азаматтың әрекет қабілеттілігі шектеулі деп танылса, онда әрекет қабілеттілігі шектелген құқығына қатысты дау туындаған жағдайда іс тоқтатыла тұруға негіз болады.

3) жауапкер ҚР Қарулы күштерінің жауынгерлік іс қимылдарға қатысушы бөлімдерінде болғанда немесе ҚР Қарулы күштерінің жауынгерлік іс қимылдарға қатысушы талапкердің өтініші болғанда;

4) азаматтық, қылмыстық немесе әкімшілік сот ісін жүргізуде қаралып жатқан басқа істің шешілуіне дейін бұл істі қараудың мүмкіндігі болмағанда;

5) егер ол осы іс бойынша қолданылуға тиісті заң немесе басқа нормативтік құқықтық акті адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына қысым жасайтындығын байқаған және осы актінің конституцияға сай еместігін тану туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне өтініш жасаған, сондай-ақ Конституциялық Кеңес басқа соттың бастамашылығымен осы іс бойынша қолданылуға тиісті нормативтік құқықтық актінің конституциялылығын тексеріп жатқандығы белгілі болған;

Қазақстан Республикасының Конституциясының 78-бабы бойынша, соттар Конституцияда бекітілген адам және азамат құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін нормативтік құқықтық актілер мен заңдарды қолдана алмайды. Бұл жағдайда соттар іс бойынша сот өндірісін тоқтата тұруға және Конституциялық Кеңеске осы актіні конституцияға қайшы деп тану туралы ұсыныспен жолдануға міндетті. Сот өндірісі осы мәселе Конституциялық Кеңеспен шешілгенге дейін тоқтатыла тұрады.

6) құқықтық көмек көрсету жөніндегі тапсырмамен шет мемлекеттің сотына өтініш жасаған жағдайда іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұруға міндетті.

ҚР АІЖК 243-бабына сәйкес, сот іс жүргізуді іске қатысушы тұлғалардың арызы бойынша немесе өз қарауы бойынша тоқтата тұруға құқылы:

1) тарап Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа әскерлерінде және әскери құрамаларында шақыру бойынша әскери қызметте болған немесе ол басқа да мемлекеттік міндетті орындауға тартылған;

Бұл негіз тараптардың, дайдың пәніне дербес талап қоятын үшінші тұлғалардың соғыс жағдайына ауыстырымаған әскери қызметте болуын қарастырады. Сонын ішінде мерзімді қызметтегі әскери қызметкерлерді қамтиды. Мерзімді қызметтен тыс қызмет етіп жүрген офицерлер, генералдар, қатардағылар, сержанттар мерзімді қызмет етушілерге жатпайды.

2) тарап істі қарау мерзімінен асатын мерзімде қызметтік іссапарда болған;

Бұл жерде ұзақ мерзімді іссапар туралы айтылады. Егер қысқа мерзімді іссапарға кеткен болса, онда іс кейінге қалдырылады.

3) тарап емдеу мекемесінде болған немесе оның сотқа келуіне кедергі жасайтын сырқаты болған және ол медициналық мекеменің құжатымен расталған;

Бұл негіз бойынша аурудың сипаты ұзақ мерзімді, белгісіз уақытқа емдеу мекемесінде амбулаториялық жағдайда емделуді қажет ететін жағдайларда қолданылады.

4) жауапкер АІЖК-нің 135-бабында көзделген жағдайларда іздеуде болған;

Іздестіру алимент өндіру, мертігуден және басқа негіздерден ден саулыққа келтірілген зиянды өтеу туралы, асыраушынан айрылуына байланысты келтірілген зиянды өтеу туралы істер бойынша сотпен жарияланады.

5) сот сараптама тағайындаған;

Сараптама жүргізу елеулі уақытты қажет етеді. Осы уақытты істі қарау мерзімінен алып тастау мақсатында сот сарапшы қортындысын тапсырғанға дейін істі тоқтата тұруға құқылы.

6) қаралып жатқан іс бойынша құқықтық көмек көрсету жөнінде сотқа тапсырылған өтінішті;

7) қорғаншылық және қамқоршылық орган бала асырап алу ісі жөнінде асырап алушылардың тұрмыс жағдайын зерттеуді белгіленген жағдайларда іске қатысушы адамдардың өтініші бойынша немесе өз бастамашылығымен іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұра алады.

Соттың іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру туралы ұйғарымына жеке шағым берілуі немесе наразылық келтірілуі мүмкін.

Істі тоқтата тұруды туғызған мән-жайлар жойылғаннан кейін іске қатысушы тұлғалардың арызы бойынша немесе соттың бастамашылығымен іс жүргізу қайта басталады. Іс жүргізу қайта басталған кезде сот іске қатысушы тұлғаларға азаматтық сот ісін жүргізудің жалпы ережелері бойынша хабарлайды.

Ереже бойынша сот талқысы істің негізі бойынша шешім шығаруымен аяқталады. Бірақ кейбір мән-жайлар бойынша сот бұл нормалардан бас тартып істі шешім шығарусыз аяқтайды. Азаматтық іс жүргізу құқығы іс бойынша сот ісін жүргізуді тоқтату және арызды қараусыз қалдыру деп аталатын сот өндірісін тоқтатудың екі нысанын қарастырады. Аталған нысандар негіздері бойынша және оларды қолданудың процессуалдық салдары бойынша ажыратылады.

Екі институт істі бірінші сатыдағы сотта қарастырғанда да, сол сияқты апелляциялық, кассациялық және қадағалау сот өндірістерінде сот актілерін қайта қараған жағдайда да қолданылады.

Сот ісін жүргізу соттық қорғауға жолдану құқығы болмаған жағдайда немесе процесс басқа негіздері бойынша іс сотпен қаралуға жатпайтын жағдайларда тоқтатылады. Бұл жағдайда істі қайта қозғауға мүмкіндік болмайды.

Арызды қараусыз қалдырудың себебі болып, соттық қорғану құқығының болмауы емес, заңмен бекітілген тәртіпте шарттардың сақталмауы болып табылады. Яғни, азаматтық іс осы процесте қарала алмайды, бірақ істі негізі бойынша қарауға кедергі келтіретін себептер болашақта жойылуы мүмкін. Сондықтан да арызды қараусыз қалдыру кедергі келтіретін мән-жайлар жойылған жағдайда сотқа сол талаппен қайтадан жолдану мүмкіндігінен айырмайды.

Сонымен, сот өндірісін тоқтату – мүдделі тұлғаның сотта істі қозғау құқығының жоқ болуы анықталуына немесе істі қозғағаннан кейін даудың тоқтатылуына байланысты істі қарастыру бойынша соттың іс әрекетінің аяқталуы.

Сот ҚР АІЖК-нің 247-бабында бекітілген негіздер бойынша сот ісін жүргізуді тоқтатады. Негіздерді үш топқа бөлуге болады. Бірінші топ – мүдделі тұлғада сотқа жолдану құқығы болмағандығын және іс сот ісін жүргізуге қабылданбауы тиіс екендігін куәландыратын негіздер. Егер талап арыз қате қабылданып, кейін қателік істі сот талқысына әзірлеу немесе сот талқысы сатысында анықталса, онда іс жүргізу тоқтатылуға жатады. Бұл мән-жай процестің қате туындағандығын білдіреді. Олар мыналар:

- Іс азаматтық сот ісін жүргізу тәртібінде қаралуға жатпайды;

Егер іс ведомствалық бағыныстылық бойынша соттың қарауына жатпайтын болса, онда іс жүргізу аталмыш істі қарастыратын орган көрсетіле отырып, сот ұйғарымымен тоқтатылуы тиіс. Сонымен бірге, соттар не соттық тәртіпте, не өзге тәртіпте қаралуға жатпайтын істерді қарауына алмауы тиіс. Мысалы, күйеуі әйелінің жүктілігі кезінде және бала туған күннен бастап бір жасқа толғанша оның келісімінсіз неке бұзу туралы істі қозғай алмайды.

- Сол тараптардың арасындағы дау бойынша және сол пән немесе сол негіздер бойынша шығарылған, заңды күшіне енген сот шешімі немесе ұйғарымы болса;

Егер судья талаптың ұқсастығына қатысты күмәні болса, онда талап арызды қабылдайды және ұқсастықты істі әзірлеу немесе сот талқысы сатысында анықтауы тиіс.

Талапкердің өз талабынан бас тартуы немесе тараптардың бітімгершілік келісімін жасасуына байланысты сотпен қабылданған жағдайда сот өндірісін тоқтату туралы заңды күшіне енген соттың ұйғарымы болса, азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға жатпайды.

Сот бітім келісімін заңды немесе өзге тұлғаның құқықтары мен мүдделерін бұзатын болғанда қабылдамай тастауға құқылы. Егер заң талаптың нақты мөлшерін анықтап тұрса және тараптар оны өзгерте алмайтын болғанда бітім

келісімі қабылданбайды. Мысалы, кәмелетке толмаған балаға алимент өндіріп алу туралы істер бойынша тараптар заң белгілеген алимент мөлшерінен төмен мөлшерді көрсете отырып, бітім келісімін жасай алмайды.

Құқық нормасымен нақты реттелетін мәселелер бойынша бітім келісімі жасалмайды, сондықтан да тараптардың келісімімен шешуге болмайды. Мысалы, соттар әкелікті анықтау туралы істер бойынша бітім келісімімен бекіте алмайды.

Екінші топтағы мән-жайлар процесстің жалғасуына кедергі келтіретін тараптардың билік ету әрекеттерімен байланысты. Олар мыналар:

- талапкердің талабынан бас тартуы және оны сот қабылдаса;
- тараптар бітім келісімін жасасып, оны сот бекітсе.

Егер бұл әрекеттер заңға қайшы келсе немесе үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзатын болса, сот келісімін бекіте алмайды.

Сонымен қатар, егер заң талаптың нақты мөлшерін анықтайтын болса және тараптар оны өзгерте алмайтын жағдайларда (мысалы, кәмелетке толмаған балаға алимент өндіру туралы талап бойынша тараптар өз келісімі бойынша алименттің сомасын заңмен анықталған мөлшерден кем анықтай алмайды), сот бітім келісімін бекіте алмайды.

Бітім келісімі құқық нормасымен нақты реттелетін және тараптардың келісімімен шешіле алмайтын мәселелер бойынша жасалмауы тиіс. Мәселен, әкелікті анықтау жағдайлары мен тәртібі заңмен анықталған, сондықтан да соттар әкелікті анықтау туралы істер бойынша бітім келісімін бекіте алмайды.

Сондай-ақ бітім келісімін жасасу арқылы тараптар еңбектік міндеттерді орындау кезінде келтірілген зиян үшін өтемақының мөлшерін өзгерте алмайды.

Үшінші топтағы мән-жайлар не сотқа, не тараптарға тәуелсіз бір негіздерден тұрады:

- азаматтың қайтыс болуына байланысты даулы құқықтық қатынас құқыққабылдаушылыққа жол бермейтін жағдайларда және таратылған заңды тұлғаның құқыққабылдаушысының жоқ болуы.

Азаматтың қайтыс болуына байланысты іс мынадай жағдайларда тоқталуы тиіс:

- егер қайтыс болған азамат алимент алушы болса;
- бірге тұра алмағандықтан үйден шығару туралы талап қойған азамат қайтыс болғанда;
- денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу туралы талап қойған талапкердің қайтыс болуы.

Зиянды өтеу туралы қойылған талап бойынша жауапкердің қайтыс болуы сот өндірісін тоқтатудың негізі бола алмайды. Бұл жағдайда заң құқыққабылдаушылыққа жол береді: мұралық мүлікті қабылдап алған тұлғалар мұра қалдырушының қарыздары бойынша жауап береді.

Заңды тұлғаға қатысты сот, ол таратылған жағдайда құқыққабылдаушысы жоқ болғанда, сот өндірісін тоқтатуға тиісті болады.

Сот өндірісі тоқтатылған жағдайда сол тараптар арасындағы сол пәне және негіз бойынша екінші мәрте сотқа жолдануға болмайды. АІЖК-нің 248-бабы

бойынша сот іс жүргізуді ұйғарым шығару арқылы тоқтатады. Оған жек шағым немесе наразылық келтіруге болады.

Арызды қараусыз қалдыру – арызданушының заңмен бекітілгеністі қозғау туралы талаптарды орындамауына байланысты туындаған азаматтық істің аяқталу түрі.

Арызды қараусыз қалдыру талап беруші немесе арыз беруші соттық қорғану құқығына ие болып, бірақ бұл құқықты жүзеге асыру процессуалдық заңмен анықталған талаптардың орындалмауына байланысты мүмкін емес болғанда, яғни талапкер немес арыз беруші соттық қорғануға құқылы болғанымен бұл құқықты жүзеге асыру заңмен анықталған процессуалдық жағдайлардың болмауына байланысты орын алады.

ҚР АІЖК-нің 249-бабында арызды қараусыз қалдыру негіздерінің тізімі аяқтай берілген. Оларды үш топқа бөлуге болады:

Бірінші топқа талапкердің заңмен анықталған талап қою тәртібін орындамауы туралы мән-жайлар жатады. Олар мыналар:

- Талапкер осы санаттағы істер үшін заңда белгіленген дауды алдын ала сотқа дейін шешудің міндетті тәртібін сақтамаса және осы тәртіпті қолданудың мүмкіндігі жоғалмаса;

Мысалы, ҚР «Неке және отбасы туралы» заңының 65-бабы бойынша, ата-аналары баладан бөлек тұратын ата-ананың ата-ана құқығын жүзеге асыру тәртібі туралы жазбаша түрде келісім жасауға құқылы. Егер ата-аналар келісімге келе алмаса, ата-аналардың талап етуі бойынша дауды сот шешеді.

- Арызды әрекетке қабілетсіз адам берсе;
- Арызға қол қойған және оны берген адамның арызға қол қоюға және оны беруге өкілеттігі жоқ болса;
- Осы немесе басқа соттың өндірісінде осы тараптар арасындағы, сол пән және сол негіз бойынша бұрын қозғалған іс бар болса.

Екінші топқа тараптардың сотқа келмей қалуына байланысты екі жағдай кіреді:

- Тиісінше хабарландырылған, дәлелсіз себептермен екі тарап екі мәрте сот мәжілісіне келмей қалса;

Тараптардың біреуінен істі оның қатысуынсыз қарау туралы өтініш сотқа түспеген жағдайда арыз қараусыз қалдырылуы тиіс.

- Өзінің қатысуынсыз істі қарауды өтінбеген талапкер екінші шақыру бойынша сотқа келмесе, ал жауапкер істі мәні бойынша қарауды талап етпесе;

Үшінші топқа басқа да мән жайларды жатқызамыз:

- Тараптар арасында бұл дауды заңға сәйкес аралық соттың шешіміне беру туралы келісім жасалса және жауапкерден істі негізі бойынша қарау басталғанға дейін дауды сотта шешуге қарсылық білдірілсе;

- Өзінің мүддесіне сай іс қозғалған адам мәлімделген талапты қолдамаса;
- Талап арызды қайтарып алу туралы өтініш түссе, ал жауапкер істі негізі бойынша қарауды талап етпесе;

- Жоғалған ұсынбалы және ордерлік бағалы қағаздарға құқықтарды қалпына келтіру туралы істер бойыншаарыз бұл туралы жарияланған күннен бастап 3 ай мерзім аяқталғанға дейін берілсе.

Іс бойынша сот өндірісін жүргізу арызды қараусыз қалдырған жағдайда соттың ұйғарымымен аяқталады. Бұл ұйғарымда ҚР АІЖК-нің 249-бабында аталған істі қарауға кедергі келтіретін мән-жайларды қалай жоюды көрсетуге міндетті.

Арызды қараусыз қалдыруға негіз болған мән-жайлар жойылғаннан кейін мүдделі адам жалпы тәртіп бойынша сотқа тағы да арыз беруге құқылы.

Сот мәжілісі өтіп жатырған кезде орындалған әрбір жеке процессуалдық әрекеттер мен мәжілістен тыс іске асырылған әрбір процессуалдық әрекеттер (мысалы, қарауды тұрған жерінде жүргізу) туралы хаттама толтырылады.

Сот мәжілісінің хаттамасы – бірінші сатыдағы сот отырысындағы барлық жүзеге асырылған процессуалдық әрекеттер көрсетілген іс жүргізу құжаты. Сот хаттамасын жүргізу соттардың қарастыратын азаматтық істерінде міндетті түрде болуы тиіс. Хаттаманың болмауы сот шешімінің күшін жоюға негіз болып табылады. Әрбір сот отырысы бойынша немесе жеке іс жүргізу әрекеті бойынша жеке хаттама жасалады.

Хаттама тек қана бірінші сатыдағы сотта істі негізі бойынша қарағанда ғана толтырылмайды, сондай-ақ басқа да процессуалдық әрекеттер жүзеге асырылғанда да толтырылуы тиіс, мысалы, дәлелдемені қамтамасыз ету, сот тапсырмасын орындау, жазбаша және зағтай дәлелдемелерді қарау.

Сот мәжілісінің хаттамасы дәлелдемелік маңызға ие болады, сондықтан да оның мазмұны, жазылу тәртібі және нысаны ҚР АІЖК-нің 256-бабында көрсетілген талаптарға сай болуы керек.

Хаттаманы сот отырысының хатшысы жасайды. Ол қолмен жазу немесе машинкамен (компьютермен) басу тәсілімен дайындалуы мүмкін. Сот отырысында осы құралдарды кезде пайдаланған алынған стенограмма, аудио-, бейнежазба материалдары сот отырысының хаттамасына қоса тіркеледі және іспен бірге сақталады.

Іске қатысушы адамдар мен өкілдер хаттаманың қандай да бір бөлігін жария ету туралы, өздері іс үшін елеулі деп есептейтін мән-жайлар жөніндегі мәліметтерді хаттамаға енгізу туралы өтініш жасауға құқылы.

Хаттамаға төрағалық етуші және хатшы қол қояды. Барлық өзгерістер, түзетулер, толықтырулар хаттамада айтылуға және олардың қол қоюымен куәландырылуға тиіс.

Хаттама сот отырысы аяқталғаннан кейін үш күннен кешіктірілмей, ал жеке іс жүргізу әрекеті туралы хаттама ол жасалғаннан кейінгі келесі күннен кешіктірілмей дайындалып, оған қол қойылуға тиіс. Күрделі істер бойынша сот отырысының хаттамасын дайындау және оған қол қою бұдан да ұзақ мерзімде, бірақ сот отырысы аяқталғаннан кейін он күннен кешіктірілмей жүзеге асырылуы мүмкін.

Іске қатысушы тұлғалар хаттама дайындалған және оған қол қойылған күннен бастап бес күн ішінде онымен танысуға, хаттамада жіберілген қателіктерді немесе жасалған іс-әрекеттердің және олардың нәтижелерін тіркеудің (көрсетудің) толық еместігін көрсете отырып, бес күн ішінде оған жазбаша түрде ескертпелер беруге құқылы.

Іс бойынша төрағалық етуші әлдебір объективті себептермен хаттамаға жасалған ескертпелерді қарай алмаған жағдайда, олар істің материалдарына қоса тіркеледі.

Төрағалық етуші берілген ескертпелермен келіспеген жағдайда хаттамаға ескертпелер берген адамға хабарлана отырып, олар сот отырысында қаралады. Ескертпелерді қарау нәтижесінде төрағалық етуші олардың дұрыстығын куәландыру туралы не олардың толық немесе ішінара қабылданбауы туралы ұйғарым шығарады. Ескертпелер барлық жағдайда іске қоса тіркеледі.

Хаттамаға жасалған ескертпелер олардың берілген күнінен бастап бес күн ішінде қаралуға тиіс.

Хаттамаға жасалған ескертпелерді оған қол қойған төрағалық етуші қарайды, ол ескертпелермен келіскен жағдайда олардың дұрыстығын куәландырады.

#### **4. Тарау. Семинар сабақтарын жүргізуге арналған әдістемелік нұсқаулықтар**

##### **1-тақырып. Азаматтық іс жүргізу құқығы: оның пәні, әдісі, жүйесі**

1. Азаматтық іс жүргізу ұғымы
2. Азаматтық іс жүргізу сатылары
3. Азаматтық іс жүргізу құқығы. Оның пәні мен жүйесі
4. Азаматтық іс жүргізу құқығының бастаулары
5. Азаматтық іс жүргізу құқығының өзге құқық салаларымен өзара байланысы
6. Азаматтық іс жүргізу құқық ғылымының пәні мен жүйесі

##### **Қысқаша әдістемелік нұсқаулықтар:**

Азаматтық іс жүргізу бұл сот және басқа субъектілер арасындағы азаматтық іс қарау мен шешу кезіндегі құрылатын азаматтың іс жүргізу құқығының нормаларымен реттелген азаматтық іс жүргізу құқықтың қатынастар және процессуалдық әрекеттер жиынтығы. Іс жүргізудің басты мақсаты - бұзылған құқықты қалпына келтіру немесе заңмен қорғалатын мүддені қорғау болып табылады. Азаматтық іс жүргізу (процесс) соттың, тараптардың (талап қоюшы мен жауапкер), басқа да процеске қатысушылардың (прокурор, өкілдер, сот хатшысы және т.б.) процессуалдың әрекеттерін, олардың іс жүргізу құқықтары мен міндеттерін жинақтайды. Сотқа, басқа да қатысушыларға процеске қатысу мақсатына жету үшін заңмен белгіленген іс жүргізу құқықтары беріліп, соған сәйкес іс жүргізу міндеттері жүктеледі. Іс жүргізу құқықтар мен іс жүргізу міндеттер процесі барысында жүзеге асырылады.

Азаматтың іс жүргізудің нысанына тән белгілер:

а) сот істерін қарау және шешу тәртібі алдын ала азаматтық іс жүргізу құқықтың нормаларымен белгіленген;

б) істің аяқталуына мүдделі тұлғалардың сот мәжілісінде іс қарауына қатысуға құқыры бар және өз құқықтары мен мүдделерін қорғай алады;

в) сот шешімі іс бойынша сот отырысында дәлелдемелер арқылы анықталған деректерге сүйенуі қажет және ол заңға сәйкес болуы керек.

ҚР АІЖК-сі соттың қарауына жататын барлық азаматтың істерді төрт түрге бөледі:

- 5) бұйрық бойынша іс жүргізу істері;
- 6) талап қоюмен іс жүргізу істері;
- 7) ерекше талап қоюмен іс жүргізу істері;
- 8) ерекше іс жүргізу істері.

Азаматтық процестің сатылары мынадай мақсалттарға жетуге бағытталған процессуалдық әрекеттердің жиынтығы: талап арызды (арызды, шағымды) қабылдау, сот қарауына істерді әзірлеу, сотта іс қарау, сот актілерін шығару және т.б.

### **Студенттің аудиторияда орындайтын тапсырмалары:**

1. Азаматтық іс жүргізу құқығының түсінігі. Азаматтық іс жүргізу құқығының пәні, әдісі, жүйесі және дерек көздері.

- конспект жазу,
- пікір талас өткізу.

2. Азаматтық сот ісін жүргізудің түсінігі; оның түрлері және сатылары.

- реферат,
- өзіндік жұмысын талдау.

3. Азаматтық іс жүргізу нысаны (түсінігі, мәні, негізгі белгілері және азаматтық істі қарау мен шешу үшін маңызды).

- сұхбат,
- дөңгелек стол өткізу

### **2-тақырып. Азаматтық сот ісін жүргізудің принциптері**

1. Азаматтық сот ісін жүргізудің принциптерінің түсінігі

2. Азаматтық сот ісін жүргізудің принциптерінің мән-мағынасы

3. Азаматтық сот ісін жүргізудің принциптерінің жүйесі

### **Қысқаша әдістемелік нұсқаулықтар:**

Азаматтық сот ісін жүргізудің принциптерін ғылыми зерттеулермен айналысқан ғалымдар аз емес. Олардың қатарына еңбектерімен көпшілікке белгілі ғалымдар М.Г. Авдюков, З.Х. Баймолдина, А.Т. Боннер, Р.Е. Гукасян, М.А. Гурвич, П.Ф. Елисейкин, С.З. Зиманов, В.М. Семенов, А.К. Сулейменов және т.б. жатқызуға болады.

Көптеген авторлардың ой-пікірі бойынша құқық принциптері - бұл белгілі жинақтау жұмыстарының нәтижесі, ғалымдардың творчестволық сана тұжырымдамасы, олардың қалыптасқан қоғамдық өмірдегі болмыстарға көзқарастары болып табылатын негізгі ережелер, бастапқы идеялар.

Азаматтың сот ісін жүргізу принциптерін әртүрлі үш негіздер бойынша жіктеуге болады. Құқық ғылымында мұндай жіктеудің бірқатар жеке белгілері аталған. Біріншіден, нақты принцип бекітілген нормативтік қайнар көзіне қатысты жіктеледі. Тиісінше Қазақстан Республикасының Конституциясымен



немесе ҚР АІЖК-мен бекітілген азаматтық сот ісін жүргізудің принциптерін белгілеуге болады. Бірақ, Конституцияда бекітілмеген (конституциялық емес) принциптер өзге де принциптерден басым бола алмайды, себебі, оларда құқық қабылдау (заң шығару) және құқық қолдану (соттың тәжірибелік қызметі) қажетті және міндетті деп танылған. Сонымен бірге, принциптерді бұлай жіктеу өзінің негізсіздігін білдіреді, яғни Конституцияның тиісті нормаларымен бекітілген (конституциялық деген) принциптер көрінісін Конституция негізінде қабылданған басқа заң нормаларында көзделген. Бұл заң нормаларында бекітілген принциптерді конституциялық емес деп атау дұрыс емес, себебі олар Конституцияға сәйкес қабылданған нормативтік-құқықтық актілер болып табылады.

Екіншіден, нақты принциптер бір немесе одан да көп құқық салаларында қолдануына байланысты заң тануда:

1) жалпы құқықтық, 2) сала аралық 3) салалық 4) құқықтық институттар принциптеріне бөлінеді.

Басқа ғалымдар институтаралық және салаға тәуелді принциптерді белгілейді. Принциптерді осылайша жіктеу негіздері дауласуға жатпайды және оларды орынды деуге болады. Бірақ, жалпы құқық теориясы бойынша принциптерді жіктеу негіздерін қолданғанмен, азаматтық сот ісін жүргізудің принциптер сипаты бойынша осылай жіктеу оның барлық мәнін ашпайды.

Ескергеніміз жөн, "іс жүргізу құқығының принциптерін жіктеудің әрбір шарты, себебі барлық принциптер болуында және қолдануында бір-бірімен байланысты және бір-бірін толықтыруда".

Үшіншіден, көптеген ғалым-процессуалистер пікірінше іс жүргізу принциптері реттеу объектісі бойынша екі топқа бөлініп жіктеледі: ұйымдастырушылық және функционалдық.

### **Студенттің аудиторияда орындайтын тапсырмалары:**

1. Азаматтық іс жүргізу құқығының қағидаларының жіктелу мәселесін талдау;

--конспект жазу,

-пікір талас өткізу.

2. Функционалдық қағидаларды атап өту;

- реферат,

- өзіндік жұмысын талдау.

3. Әр қағиданың мазмұнын аш;

- сұхбат,

- дөңгелек стол өткізу;

### **3-тақырып. Азаматтық іс жүргізудегі тараптар**

1. Азаматтық процестегі тараптар түсінігі

2. Тараптардың азаматтық іс жүргізу құқықтары мен міндеттері

3. Іс жүргізуге тең қатысушылық және оның түрлері

4. Іс жүргізудің мирасқорлығы

5. Азаматтық, процесте тиісті және тиісті емес тараптар.

### **Қысқаша әдістемелік нұсқаулықтар:**

Азаматтық іс жүргізудегі тараптар іске қатысушы тұлғалар қатарына жатады (АІЖК-нің 44 бабы). Жеке тұлға болсын, заңды тұлға болсын (кәсіпорын, мекеме, ұйымдар) өздеріне келтірілген зиянды сот арқылы өндіріп алуға хақысы бар.

Тараптар - сотта субъективтік құқықтары немесе заңмен қорғалатын жеке мүддесі туралы даулары қаралып және шешілуге тиіс іске қатысушы тұлғалар.

Тараптар деп талап қоюшы мен жауапкерді атайды. Талап қоюшы мен жауапкер ретінде жеке тұлғалар (ҚР-ның азаматы, шетел азаматы және азаматтығы жоқ адам) мен заңды тұлғалар (мекемелер, ұйымдар және кәсіпорындар) болып табылады.

Талап қоюшы - сотқа талап арыз беру арқылы өзінің субъективтік құқықтары мен заңмен қорғалатын мүддесін қорғаушы тұлға. Қазіргі азаматтық, іс жүргізу заңында талап қоюшының азаматтық процеске қатысуының 2 негізі көрсетіледі: 1-ден, талап қоюшы өз мүдделері және құқықтарын көздеп талап қою арқылы қатысады; 2-ден, басқа тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгінеді. Бірінші жағдайда талап қоюшы іс жүргізуін өзі бастайды, ал екінші жағдайда ол іске қатысуға соттан рұқсат сұрайды.

Жауапкер - талап қоюшының талабы бойынша сот алдында жауап беретін тұлға. Талап қоюшының айтуынша жауапкер оның субъективтік құқығын немесе заңмен қорғалатын мүддесін бұзып не дауға салып отыр. Талап қоюшы мен жауапкер - сотта қаралуға жататын даулы құқық қатынасының немесе заңмен қорғалатын мүдденің субъектілері

### **Студенттің аудиторияда орындайтын тапсырмалары:**

1. Азаматтық іс жүргізу құқықтық қатынастары ( түсінігі және маңызы) мәселесін талдау;

- конспект жазу,
- пікір талас өткізу.

2. қатынастардың түрлерін атап өту;

- реферат,
- өзіндік жұмысын талдау.

3. Әр түрінің мазмұнын аш;

- сұхбат,
- дөңгелек стол өткізу;

**4-тақырып. Азаматтық іс жүргізудегі үшінші тұлғалар, азаматтық іс жүргізуге прокурордың қатысуы, басқа тұлғалардың құқықтары, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғау үшін мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының іс жүргізуге қатысуы**

### **Қысқаша әдістемелік нұсқаулықтар:**

Іске қатысқан тұлғалар ішінде үшінші тұлғалар ең түсініксіз тұлғалар. Үшінші тұлғалар - өздерінің субъективті құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін басталып кеткен азаматтық процеске қатысатын және тараптардың (талап қоюшы мен жауапкердің) құқықтары мен мүдделерімен сәйкес келмейтін тұлғалар. Үшінші тұлғалардың азаматтық процеске қатысудың негізгі себебі - олардың қаралып жатқан азаматтық істе өздерінің жеке мүдделері бар. Іс бойынша сот шешімі олардың материалдық құқықтары мен міндеттеріне әсер етуі мүмкін. Бұған қоса үшінші тұлғалар институты нақты бір іс бойынша бірнеше әртүрлі талаптарды біріктіруге мүмкіндік етеді, істің бүкіл мән-жайларын сотпен толық зерттеуді қамтамасыз етеді және негізсіз сот шешімдерін шығарудан сақтайды деуге болады.

Үшінші тұлғалардың іс бойынша мүдделерінің деңгейі әр түрлі болуы мүмкін, сондықтан олардың 2 (екі) түрі болады:

- 1-мәлімдейтін;
- 2-мәлімдемейтін.

Прокурордың азаматтық сот ісін жүргізуге қатысуы келесі жағдайларда міндетті:

- мұның өзі заңмен көзделгенде;

- осы іске қатысу қажеттілігін сот танығанда (ҚР АІЖК-і 52-бабының 2 бөлігі).

Прокурордың азаматтық сот ісін жүргізуге міндетті қатысуы ҚР АІЖК-нің 287, 299, 317-4, 350, 398-баптарында көзделген.

Прокурор іс бойынша бірінші сатыдағы соттың, апелляциялық, қадағалау және жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша істерді қайта қарау сатыларындағы соттардың бастамасы бойынша қатыса алады.

Прокурордың процеске кіру тәртібі және оның іс жүргізу құқықтары мен міндеттерінің көлемі процестің қай сатысында кіргеніне және іске қатысу нысанына байланысты.

ҚР АІЖК-сі бойынша мемлекеттік органдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар немесе жекелеген азаматтар сотқа өздерінің емес басқа тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін қатысады. Аталған органдар мен тұлғалардың процеске қатысу мақсаты мыналарда:

- басқа тұлғалардың (азаматтар мен ұйымдардың) субъективтік құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін;
- қоғамдық немесе мемлекеттік мүдделерді қорғау үшін.

Сотта аталған тұлғалар азаматтар мен ұйымдардың мүдделерін қорғау үшін соңғылардың рұқсатын алуы тиіс. Әрекетке қабілетсіз азаматтың мүддесін қорғау үшін мүдделі адамның өтінішіне қарамастан талап қойылуы мүмкін (ҚР АІЖК-нің 56-бабы, 1-бөлігі).

ҚР АІЖК-і басқа тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың екі нысанын белгілейді:

- 1) сотқа талап қою арқылы жүгіну;

2)іс бойынша қорытынды беру үшін процеске қатысу. Аталған екі нысанға ортақ белгі - ол іс бойынша субъективтік (материалдық-құқықтық) мүдденің жоқтығы. Бұл екі нысан бойынша іс аяқталуына мүдделері сәйкесті органдарға заңмен жүктелінген міндеттерден туындайды (мысалы, ҚР АІЖК-нің 96-бабы бойынша - сарапшы немесе ҚР неке және отбасы туралы заңы бойынша - қорғаншы мен қамқоршы қызметкері). Осы екі нысан бойынша іске тек мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары қатыса алады, ал қалған азаматтар және ұйымдар басқа адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін сотқа талап қоюшы қатысады.

### **Студенттің аудиторияда орындайтын тапсырмалары:**

1. Азаматтық іс жүргізу үшінші тұлғалар ( түсінігі және түрлері), прокурордың қатысу мәселесін талдау;

--конспект жазу,

-пікір талас өткізу.

2. үшінші тұлғалардың түрлерін атап өту;

- реферат,

- өзіндік жұмысын талдау.

3. Әр түрінің мазмұнын аш;

- сұхбат,

- дөңгелек стол өткізу;

4. Азаматтық іс жүргізуге прокурордың, азаматтық іс жүргізуге басқа тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғаушы мемлекеттік органдардың және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың және жекелеген азаматтардың қатысуы ( түсінігі және маңызы қатысуы ( түсінігі және маңызы) мәселесін талдау;

--конспект жазу,

-пікір талас өткізу.

### **5-тақырып. Сотта өкілдік ету**

1. Сотта өкілдік ету ұғымы

2. Сотта өкілдік ету түрлері

3. Соттағы өкілдің өкілеттіктері және оларды ресімдеу

### **Қысқаша әдістемелік нұсқаулықтар**

Жалпы процессуалдық заңға сәйкес азаматтар өз істерін сотта өздері немесе өкілдері арқылы жүргізуге құқылы және азаматтың іске өзінің қатысуы оның бұл іс бойынша өкілі болу құқығынан айырмайды (ҚР АІЖК-і 58 -ба-бының 1-бөлігі).

Өкілдік - басқа адамның (өкілдік берушінің) атымен бір адамның (өкілдің) сенімхатқа, заңдарға, сот шешіміне не әкімшілік құжатқа негізделген өкілеттігі күшімен жасаған мәмілесі өкілдік берушінің азаматтық құқықтары мен міндеттерін тікелей туғызады, өзгертеді және тоқтатады. Өкілеттік өкілдің әрекет жасаған жағдайынан да көрінуі мүмкін. Мысалы, бөлшек сауда жүйесіндегі сатушы, кассир, т.б. Өкіл жасаған мәміле бойынша тікелей өкілдік берушіде құқықтар мен міндеттер пайда болады. Әрекет қабілеттілігі жоқ адамдардың атынан мәмілелерді олардың заңды өкілдері мен қорғаншылары жасайды (ата-анасы, асырап алушылар).

Сотта өкілдік ету дегеніміз - басқа тұлғаның мүддесіне және оның атынан бір тұлғамен процессуалдық іс-әрекеттер жасау.

Сотта өкілдік ету - басқа тұлғаның мүддесіне және оның атынан (өкілдік берушінің) өзіне берілген өкілеттігі шегінде процессуалдың әрекеттер жасайтын бір тұлға (сот өкіл етуші), оның себебіне өкілдік берушінің сәйкесті құқықтар мен міндеттер туындайды.

### **Студенттің аудиторияда орындайтын тапсырмалары:**

1. Азаматтық іс жүргізудегі соттағы өкілдік ( түсінігі және маңызы) мәселесін талдау;

- конспект жазу,
- пікір талас өткізу.

2. олардың қатысу нысандарын атап өту;

- реферат,
- өзіндік жұмысын талдау.

3.Әр нысанының мазмұнын аш;

- сұхбат,
- дөңгелек стол өткізу;

**6-тақырып. Іс жүргізу мерзімдері, Азаматтық іс жүргізуде сотпен қолданатын мәжбүрлеу шаралары**

1.Іс жүргізу мерзімдерінің ерекшеліктері мен түрлері

2.Іс жүргізу мерзімдерін есептеу, ұзарту және қалпына келтіру тәрті

3.Сот шығындары (түрлері, тараптардың арасында бөлу)

4.Сот шығындарының түрлер

5.Сот шығындарын бөлу тәртібі

### **Қысқаша әдістемелік нұсқаулықтар**

Іс жүргізу мерзімдері - бұл талап (талап арыз, арыз, шағым) бойынша азаматтың істерді қозғау, қарау мен шешу (шешім шығару), оларды (апелляциялық, қадағалау және жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша) қайта қарау тәртібін ҚР азаматтық іс жүргізу кодексімен белгіленген мерзімдер.

Іс жүргізу әрекеттері заңда белгіленген мерзімдер ішінде жасалуға тиіс. Бұл әрекеттер соттың азаматтық істерді қарауынан, соттың және азаматтық іс жүргізуге қатысушылардың әр түрлі әрекеттерінен тұрады.

Іс жүргізу мерзімдерін белгіленуі сотта азаматтық істердің тез және дұрыс қаралуына көмектеседі. Іс жүргізу мерзімдері туралы жалпы мәліметтер ҚР АІЖК-і 123-128-баптармен қарастырылған. Іс жүргізу мерзімдерін жаратылысы бойынша екі нысанға бөлуге болады:

- 1) заңмен белгіленген мерзімдер;
- 2) сотпен белгіленген мерзімдер.

Мәжбүрлеу мен жауаптылық шараларын сот төрелігі міндеттерін іске асыру мақсатында сот келесі тұлғаларға қолданады:

- іске қатысушы адамдарға;
- процестің басқа да қатысушыларына;
- жеке азаматтарға және заңды тұлғалардың лауазымды адамдарына.

Сот жәбүрлеу мен жауаптылық шараларын аталған талаптар мына жағдайларда қолданады: сот ісін шешуге араласқаны;

- судьяға қатысты қоқан-лоққы жасағаны;
- судьяны қорлағаны;
- сот актілерін орындамағаны;
- сотқа құрметпен қарамағаны;
- сот отырысында тәртіп бұзғаны үшін;
- судьяның, соттың жеке ұйғарымы бойынша шаралар қолданбағаны және басқа да құқыққа қарсы іс- әрекеттері үшін қолданады.

### **Студенттің аудиторияда орындайтын тапсырмалары:**

1. Азаматтық іс жүргізу мерзімдер ( түсінігі және түрлері) мәселесін талдау;

- конспект жазу,
- пікір талас өткізу.

2. олардың қатысу түрлерін атап өту;

- реферат,
- өзіндік жұмысын талдау.

3.Әр түрінің мазмұнын аш;

- сұхбат,
- дөңгелек стол өткізу;

### **7-тақырып. Азаматтық істердің ведомстволық бағыныстылығы және соттылығы**

1.Ведомстволық бағыныстылық ұғымы мен түрлері

2.Соттылық ұғымы мен түрлері

### **Қысқаша әдістемелік нұсқаулықтар**

Ведомстволық бағыныстылық - құқық туралы немесе басқа да заңды ісін белгілі органның құзырлығына жатқызуы. Әр орган тек өзіне ведомстволық бағыныстылықтағы ғана сұрақтарды қарастыруға құқылы. Заңды істердің ведомстволық бағыныстылығы негізгі заңмен және тек кейбір жағдайларда заңға сәйкес нормативтік актілермен анықталады. Қазақстан Республикасы заңдары бойынша істер қарастыруға құқығы бар органдар:

- соттар;
- заңмен қарастырылған атқарушы органдар;
- аралық соттар;
- басқа тұлғалар мен органдар.

Ведомстволық бағыныстылық түрлері:

Жекеше ведомстволық, бағыныстылық- бір органның ведомстволық бағыныстылығындағы іс қарастыру, мысалы, азаматты психиатриялық стационарға мәжбүрлеп жатқызу туралы істер тек жалпы юрисдикциялық сотта шешіледі.

Кепше ведомстволық бағыныстылық - бірнеше органдар ведомстволық бағыныстылығында іс қарастыру, мысалы, мекемелер, мен жеке тұлғалар

арасындағы мүліктік дау аралық сотпен немесе жалпы юрисдикциялық соттармен қаралып, шешілуі мүмкін.

Ведомстволық бағыныстылық - бұл талап қоюшының таңдауы бойынша ведомстволық бағыныстылық;

—Аралас ведомстволық бағыныстылық - басқа түрлерге тән белгілері бар ведомстволық бағыныстылық (көбінесе императивтік және балама);

—Шарттың ведомстволық бағыныстылық – бұл тараптардың өзара келісімімен белгіленетін ведомстволық бағыныстылық;

—Жағдайды ведомстволық бағыныстылық — заңмен көзделген белгілі бір жағдай туындағанда іс тек соттың қарауында болуы;

—Императивтік ведомстволық бағыныстылық-заңмен белгіленген кезек бойынша бірнеше юрисдикциялық органдармен іс қаралуы.

Соттылық - соттар арасында белгілі азаматтық істер қарастыру өкілеттіктерді бөлу.

Соттар азаматтық отбасылық, еңбек тұрғын үй, әкімшілік, қаржы, шаруашылық, жер құқықтық қатынастардан, табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау жөнінде қатынастар мен басқа да құқықтық қатынастардан, оның ішінде бір тараптың екінші тарапты билікпен бағындыруына негізделген қатынастардан туындайтын даулар жөніндегі талап қоюды қарайды.

### **Студенттің аудиторияда орындайтын тапсырмалары:**

1.Азаматтық істердің ведомстволық бағыныстылығы, соттылығы (түсінігі және маңызы) мәселесін талдау;

- конспект жазу,
- пікір талас өткізу.

2.бағыныстылықтың, соттылықтың түрлерін атап өту;

- реферат,
- өзіндік жұмысын талдау.

3.Әр түрінің мазмұнын аш;

- сұхбат,
- дөңгелек стол өткізу;

### **8-тақырып.Азаматтық іс жүргізудегі дәлелдеу және дәлелдемелер**

1.Соттың дәлелдеу және дәлелдеу құралдары

2.Дәлелдеу пәні және дәлелдеуге жатпайтын деректер

3.Дәлелдеудің жалпы тәртібі

4.Дәлелдемелер ұғымы

5.Дәлелдемелерді жіктеу

### **Қысқаша әдістемелік нұсқаулықтар**

Соттық дәлелдеу - бұл істің мән-жайларын соттық дәлелдемелер арқылы анықтау бойынша процестке қатысушылардың қызметі. Өзгеше айтар болсақ, - бұл тараптардың және өзге де қатысушылардың дәлелдемелерді табыс етуге, жинауға және оларды зерттеуге әрекеті. Мұндай құқық ҚР АІЖК-нің 47-бабында көзделген.

ҚР АІЖК-нің 65-бабына сәйкес, әр тарап (талап қоюшы және жауапкер) өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Осы мән-жайларды ҚР азаматтық іс жүргізу заңында белгіленген нақты деректер арқылы дәлелдеу қажет. Бұл нақты деректер:

- тараптардың және үшінші тұлғалардың түсініктемелерімен;
- куәлардың айғақтарымен;
- заттай дәлелдемелермен;
- сарапшылардың қорытындыларымен;
- іс жүргізу әрекеттерінің хаттамаларымен және өзге де құжаттармен анықталады.

### **Студенттің аудиторияда орындайтын тапсырмалары:**

1. Дәлелдеу және дәлелдемелер ( түсінігі және түрлері) мәселесін талдау;  
--конспект жазу,  
-пікір талас өткізу.
2. олардың түрлерін атап өту;  
- реферат,  
- өзіндік жұмысын талдау.
- 3.Әр түрінің мазмұнын аш;  
- сұхбат,  
- дөңгелек стол өткізу;

### **9-тақырып. Азаматтық істі қозғау**

1. Талап қоюдың тәртібі. Оның сақтамаудың салдары.
2. Талап арыз және оның реквизиттері. Талап арыздың кемшіліктерін түзету тәртібі.
3. Талап арызды қабылдау. Талап арызды қабылдаудан бас тарту негіздері.
4. Талап қоюдың құқықтық салдары (материалды-құқықтық және іс жүргізушілік).

### **Қысқаша әдістемелік нұсқаулықтар**

Талап - құқық туралы дау шешу үшін бұзылған немесе даулы субъективтік құқықты немесе заңмен қорралатын мүддені қорғау туралы талап қою арқылы тұлғаның сотқа жүгінуі.

Талап - субъективтік құқықты немесе заңмен қорғалатын мүддені сот арқылы қорғау тәсілі.

Талап - азаматтық іс қозғау тәсілі.

Талап элементтері - бұл талаптың құрамды бөліктері. Оларға (элементтеріне):

- мазмұны;
- нысанасы;
- негіздемесі жатқызылады.

Талап қою құқығы белгілі шарттармен байланысты. Талап қою құқығы заңмен белгіленген шарттармен анықталады. Талап қою құқығының шарттарына нақты заңды деректер жатқызылады, олардың бар не жоқтығы



негізінде заң азаматтық Іс бойынша талап қою субъективтік құқығының пайда болуын байланыстырады.

Талап қою құқығының шарттары - нақты азаматтық іс бойынша тұлғаның талап қою субъективтік құқығының пайда болуын заң бойынша оның бар не жоқтығы мен байланыстыратын мән-жайлар.

Бұл шарттар өзара:

- жалпы;
- арнаулы;
- жаратымды;
- жаратымсыз деп бөлініп қарастырылады.

Азаматтық іс қозғау - процестің бірінші және өте маңызды сатысы.

Азаматтық іс жүргізу кодексінің 152-бабына сәйкес азаматтық іс бойынша арызды қабылдау туралы мәселені судья жеке дара шешеді. Арыз сотқа түскеннен бастап бес күннің ішінде судья істі қозғау жөнінде ұйғарым шығарады. Мүдделі адамның құқығын соттың қорғауы іске асырылатыны немесе бұдан бас тартылатыны соттың бұл мәселені дұрыс шешуіне байланысты болады.

Азаматтық істі қозғаудың алдында мүдделі адам талап арыз, шағым (арыз) береді.

Талап арыздың берілуімен талап қою бойынша іс жүргізу қозғалады. Ерекше талап қоюмен іс жүргізу және Ерекше іс жүргізу - арыз, шағым берумен қозғалады.

### **Студенттің аудиторияда орындайтын тапсырмалары:**

1. Сотта азаматтық істі қозғау ( түсінігі және маңызы) мәселесін талдау;  
--конспект жазу,  
-пікір талас өткізу.
2. олардың түрлерін атап өту;  
- реферат,  
- өзіндік жұмысын талдау.
- 3.Әр түрінің мазмұнын аш;  
- сұхбат,  
- дөңгелек стол өткізу;

### **10-тақырып. Азаматтық істі сотта қарауға әзірлеу**

1. Азаматтық істі сотта қарауға әзірлеу – азаматтың іс жүргізудің, сатысы
- 2.Азаматтық істі сотта қарауға әзірлеу бойынша іс жүргізу әрекеттері
3. Сот хабарлаулары мен шақырулары

### **Қысқаша әдістемелік нұсқаулықтар**

Кез келген азаматтың іс бойынша сотта қарауға әзірлеу жүргізілуі қажет, себебі, бұл маңызды рөл атқаратын азаматтық процестің жеке сатысы.

Сотта іс қарауға әзірлеуді жүргізу туралы заң талаптарын сақтау істі дұрыс және уақтылы шешудің негізгі шарттарының бірі. Сотта іс қарауға әзірлеу сатысы сотпен сәйкесті ұйғарым қабылдаудан басталады. Бұл ұйғарымда жүргізілуге тиіс әрекеттер белгіленеді. Істі сотта қарауға әзірлік жүргізудің мақсаты - істі дер кезінде және дұрыс шешуді қамтамасыз ету.

Осы мақсат ҚР АІЖК-нің 166-бабында көрсетілген міндеттерді шешу жолымен жүзеге асырылады. Азаматтық істерді әзірдеудің міндеттері:

- 1) істі дұрыс шешу үшін маңызы бар мән-жайларды айқындау;
- 2) тараптардың құқықтық қатынастарын және басшылыққа алынуға тиісті заңды анықтау;
- 3) іске қатысатын адамдардың құрамы мен процестің басқа да қатысушылары туралы мәселені шешу;
- 4) әрбір тарап өз пайымдауларын негіздеу үшін ұсынуға тиіс дәлелдемелерді анықтау.

### **Студенттің аудиторияда орындайтын тапсырмалары:**

1. Азаматтық істі сот мәжілісіне қарауға дайындау ( түсінігі және маңызы) мәселесін талдау;

- конспект жазу,
- пікір талас өткізу.

2. олардың түрлерін атап өту;

- реферат,
- өзіндік жұмысын талдау.

3.Әр түрінің мазмұнын аш;

- сұхбат,
- дөңгелек стол өткізу;

### **11-тақырып. Азаматтық істі сотта қарау**

1.Сотта іс қарау сатысының мәні және құрылымы

2.Сотта іс қараубөлімдері

3.Істі қарауды кейінге қалдыру

4.Азаматтық іс бойынша іс жүргізуді тоқтатау түрі

5.Іс бойынша іс жүргізуді сот шешімін қабылдамай аяқтауы

6. Сот отырысының хаттамасы

### **Қысқаша әдістемелік нұсқаулықтар**

Сотта іс қарау - істі мәні бойынша қарауға және шешуге бағытталған бірінші сатыдағы сот пен басқа да қатысушыларының іс жүргізу әрекеттерінен тұратын азаматтың процестің негізгі сатысы. Сотта іс мәні бойынша жан-жақты, толық және заңды шешіледі. Бұл сатыда сот өз алдына қойылған мына:

- істі мәні бойынша шешу;
- тараптар арасындағы даулы құқықтық қатынастарды реттеу;
- сот қызметінің тәрбиелік әсер етуін қамтамасыз ету;
- заңды тұлғалар мен азаматтардың бұзылған құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қалпына келтіру міндеттерді жүзеге асырады.

Бірінші сатыдағы сотпен істі сот отырысына қарауға тағайындау туралы ұйғарым шығарған кезден сотта іс қарау басталады және сәйкесті сот актісін (шешім, ұйғарым) қабылдағанға дейін жалғасады.

### **Студенттің аудиторияда орындайтын тапсырмалары:**

1.Сотта істі қарау ( түсінігі және бөлімдері) мәселесін талдау;

- конспект жазу,

-пікір талас өткізу.

2. олардың бөлімдерін атап өту;

- реферат,

- өзіндік жұмысын талдау.

3.Әр бөлімінің мазмұнын аш;

- сұхбат,

- дөңгелек стол өткізу;

### **12-тақырып. Бірінші сатыдағы сот актілері (ұғымы мен түрлері)**

1. Бірінші сатыдағы соттың қаулыларының түсінігі және түрлері. Сот шешімінің сот ұйғарымынан айырмашылығы.

2. Сот шешімі-сот әділдігінің актісі,мәні және маңызы. Шешімнің түрлері және құрылымы.

3. Шешімнің мазмұны (оның құрамдас бөліктері).

4. Сот шешімі қанағаттандыруы тиіс талаптар.

5. Сот шешімін шығаратын соттың сол шешіміндегі кемшіліктерін жоюы. Қосымша шешім. Шешімді түсіндіру.Шешімдердегі қате жазулар мен айқын арифметикалық қателерді түзету.

6. Шешімді дереу орындау (түрлері және негіздері).Шешімді орындау мерзімін кейінге қалдыру және ұзарту.

7. Сот шешімінің заңды күші. Шешімнің заңды күшінеенуінің құқықтық салдары.

8. Бірінші сатыдағы соттың ұйғарымдары. Ұйғарымдардың түрлері (мазмұны,нысаны және олардың шығару тәртібі) . Жеке ұйғарымдар. Олардың мазмұны және маңызы.

### **Қысқаша әдістемелік нұсқаулықтар**

Бірінші сатыдағы сот актілері - жазба нысанында жасалынып, сот билігін жүзеге асыратын актілер.

Сот актісі - бұл құқықтың қолдану актісі. Мұнда құқық туралы дау немесе өзге даулы мәселені шешу үшін іс жүргізуде сотпен материалдық және процессуалдық құқық нормаларын қолданғанның аяқталғаны және қорытындысы көрінеді.

Сот актілеріне тән белгілер:

- құқық нормалары негізінде және оларға сәйкес қолданумен жасалады;
- нақты бір жағдайда қолданылады;
- ресми акт болып танылатын - құжат.

Сот актілердің басқа құқықтық қолдану актілерінен ерекшелігі сот қызметімен, сот төрелігін жүзеге асырумен сипатталады. Яғни сот актісі:

сот органының ерікті (жігерлі) актісі;

• тараптардың және үшінші тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғауға бағытталған;

• істі дұрыс шешуді және оны шығару талаптарын сақталуын кепілдік ететін белгіленген процессуалдық тәртіпте шығарылады;

- белгіленген дәйектілікте қабылданады (өз құрылымы бар);

ҚР-сы аумағында тұратын немесе орналасқан барлық жеке және заңды тұлғалар үшін міндетті болады.

ҚР АІЖК-і бойынша іс жүргізу құжаттары ретінде бірінші сатыдағы сот қабылдайтын актілердің төрт түрі бар:

- 1) сот қаулысы;
- 2) сот шешімі;
- 3) сот ұйғарымы;
- 4) сот бұйрығы.

### **Студенттің аудиторияда орындайтын тапсырмалары:**

1. І-ші сатыдағы сот қаулылары ( түсінігі және түрлеері) мәселесін талдау;  
--конспект жазу,  
-пікір талас өткізу.
2. олардың түрлеерін атап өту;  
- реферат,  
- өзіндік жұмысын талдау.
- 3.Әр түрінің мазмұнын аш;  
- сұхбат,  
- дөңгелек стол өткізу;

### **13-тақырып. Ерекше талап қою мен іс жүргізу, Ерекше іс жүргізу**

- 1.Ерекше талап қою мен іс жүргізу – азаматтық сот ісін жүргізу түрі
- 2.Ерекше талап қою мен іс жүргізуге байланысты азаматтық істер
3. Ерекше іс жүргізу

### **Қысқаша әдістемелік нұсқаулықтар**

Ерекше талап қоюмен іс жүргізу істері - азаматтар мен заңды тұлғалардың мемлекеттік билік, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды және мемлекеттік қызметкерлердің, олардың ішінде сот орындаушылардың, шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) даулар айту туралы істер.

Ерекше іс жүргізу - азаматтық; сот ісін жүргізудің үшінші түрі, оның талап қоюмен іс жүргізу және ерекше талап қоюмен іс жүргізуден айырмашылығы бар. Бұл айырмашылық сот ісін жүргізудің осы түрінің құқық тегіне және оның жалпы процессуалдық, ерекшеліктерінің сипатына, сондай-ақ іс жүргізуге әр санаттағы істердің жеке ерекшеліктеріне байланысты.

Ерекше іс жүргізу - бұл арнайы соттың азаматтық, санаттағы істеріне жатқызылған, құқық туралы дауы жоқ және қорғаудың арнайы құралдар мен тәсілдерді қолданумен сипатталатын азаматтың іс жүргізудің дербес түрі. Сот олардың заң фактілерін (әрекеттерін, оқиғаларын, жағдайларын) айқындау арқылы азаматтар мен ұйымдардың заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асырады.

### **Студенттің аудиторияда орындайтын тапсырмалары:**

1. Ерекше талаптық іс жүргізу ерекше іс жүргізу ( түсінігі және түрлеері) мәселесін талдау;  
--конспект жазу,  
-пікір талас өткізу.

2. олардың түрлерін атап өту;

- реферат,
- өзіндік жұмысын талдау.

3.Әр түрінің мазмұнын аш;

- сұхбат,
- дөңгелек стол өткізу;

#### **14. Сот актілерін қайта қарау өндірісі**

1. Заң күшіне енбеген сот актілерін апелляциялық тәртібімен іс жүргізу

2.Занды күшіне енген сот актілерін кассациялық тәртібімен іс жүргізу

3. Сот актілерін қассациялық тәртібімен қайта қарау

#### **Қысқаша әдістемелік нұсқаулықтар**

Азаматтық іс жүргізудің сатысы ретінде апелляциялық өндіріс – дербес мақсатқа жетуге бағытталған, белгілі бір процессуалдық әрекеттерді біріктіретін сот өндірісінің бір бөлігі.

Апелляциялық тәртіпте сот актілерін шағымдау институты мынадай мақсаттарды көздейді:

1) бірінші сатыдағы сотпен шығарылған, заңды күшіне енбеген шешімнің, ұйғарымның, сот бұйрығының заңдылығын және негізділігін тексеру;

2) бірінші сатыдағы сотпен дұрыс шешім шығарылуын қамтамасыз ету;

3) іске қатысушы тұлғаларға олардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерінің қорғалуына кепілдік беру.

Апелляциялық шағымдау институтының мәнісі бірінші сатыдағы сотпен істің мән-жайларын анықтаудың дұрыстығын, материалдық құқық нормаларын қолдану мен түсінік беру, істі қарастыру мен шешу кезінде азаматтық іс жүргізу нормаларын сақтауын тексеру жолымен қайта қарау қызметі болып табылады.

Кассация бұл – заңды күшіне енбеген сот шешімдері мен ұйғарымдарына жоғары тұрған сотқа іске қатысушы тұлғалардың шағымдануы мен прокурордың наразылық келтіру формасы.

Бұл сатының негізгі мақсаты – апелляциялық сатыдағы соттың қаулысы мен ұйғарымының заңдылығы мен негізділігін мүдделі тұлғалардың шағымы мен прокурордың наразылығы бойынша тексеру.

Істі кассациялық тәртіппен қараған кезде сот істе бар материалдар бойынша шағымның, наразылықтың дәлелдері шегінде бірінші және апелляциялық сатының сот актілерінің заңдылығы мен негізділігін тексереді. Кассациялық сатыдағы сот мәлімделген талап қоюдың шегінде бірінші және апелляциялық сатыдағы соттарға дәлелді себептермен ғана табыс етілмеген жаңа дәлелдемелерді зерттейді.

#### **Студенттің аудиторияда орындайтын тапсырмалары:**

1. Сот қаулыларына апелляциялық шағымдану мен наразылық келтіру.

( түсінігі және маңызы) мәселесін талдау;

2. Кассациялық тәртіпте істі қайта қарау тәртіпте мәселерін талдау.

--конспект жазу,

-пікір талас өткізу.

2. Шағымдану, наразылық беру құқығын атап өту;

- реферат,
- өзіндік жұмысын талдау.

3. Әр құқығының мазмұнын аш;

- сұхбат,
- дөңгелек стол өткізу;

### **15-тақырып. Атқарушылық іс жүргізу**

1. Атқарушылық іс жүргізу ұғымы, әдістері және міндеттері

2. Атқарушылық іс жүргізу субъектілері

3. Атқару құжаттар

4. Атқарушылық іс жүргізуді қозғау

5. Сот орындаушыларының құқықтық мәртебесі

### **Қысқаша әдістемелік нұсқаулықтар**

Бұл тақырып бойынша біз тек кейбір мәселелерді атап көрсетіп отырмыз, толық сіздер арнайы "Атқарушылық іс жүргізу" деп аталатын курс (пән) бойынша өтесіздер.

Атқарушылық іс жүргізу дегеніміз - бұл соттың нормативтік актілерін және басқа органдардың юрисдикциялық актілерін мәжбүрлеп орындату мақсаты болып табылатын азаматтық, іс жүргізудің бір сатысы.

Әр құқық саласы өзі реттейтін нақты қоғамдық қатынастары болады. Сондықтан атқарушылық іс жүргізуде нақты қоғамдық қатынастарын реттеуге бағытталады, яғни азаматтың және шаруашылық істер жөніндегі сот шешімдерін, ұйғарымдары мен қаулыларын (1), мүлікті өндіріп алу бөлігінде қылмыстың істер жөніндегі үкімдер мен қаулыларды (2) міндетті түрде және уақытылы орындау, сондай-ақ өзге де органдардың шешімдері мен қаулыларын орындаумен байланысты қатынастар (3).

Осы аталған құқықтық қатынастарын реттеуге екі әдіс түрін белгілеуге болады. Олар: диспозитивтік (өз мәні бойынша рұқсат етуіш) және императивтік (өз мәні бойынша міндеттеуші, мәжбүрлеуші).

"Атқарушылық, іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы заңының 1-бабына сәйкес атқарушылық іс жүргізудің мынадай міндеттері көзделген:

- азаматтық және шаруашылық істер жөніндегі сот шешімдерін, ұйғарымдары мен қаулыларын міндетті және уақытылы орындау;

- мүлікті өндіріп алу бөлігінде қылмыстық істер жөніндегі үкімдер мен қаулыларды міндетті және уақытылы орындау;

- осы заңда көзделген жағдайларда өзге де органдардың шешімдері мен қаулыларын орындау.

Атқарушылық іс жүргізу пәннің қайнар көздері ретінде келесі нормативтік актілерді атауға болады:

- ҚР Конституциясы 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған;

- ҚР-сы бекіткен халықаралық шарттары (мысалы, Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық қатынас және құқықтық көмек туралы 1993

жылғы 22 қаңтардары 10 мемлекет басшысы келісіп бекіткен Минск Конвенциясы);

- Атқарушылық іс жүргізудің құқықтық, ұйымдастырушылық және экономикалық негіздерін белгілейтін, сондай-ақ сот орындаушыларының құқықтық мәртебесін айқындайтын "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" ҚР-сы заңы 1998 жылғы 30 маусымда қабылданған;

ҚР-ның басқа да заңдары (атқарушылық іс жүргізуге қатысушылардың құрамымен айқындалады).

### **Студенттің аудиторияда орындайтын тапсырмалары:**

1. Атқарушылық іс жүргізу.( түсінігі және маңызы) мәселесін талдау;  
--конспект жазу,  
-пікір талас өткізу.
2. олардың ерекшелігін атап өту;  
- реферат,  
- өзіндік жұмысын талдау.
- 3.Әр құқығының мазмұнын аш;  
- сұхбат,  
- дөңгелек стол өткізу;

### **Қолдануға ұсынылатын нормативтік актілер мен әдебиеттер**

#### **Нормативті актілер:**

1.Қазақстан Республикасының Конституциясы / Республикалық, референдумда 1995 жылы 30 тамызда қабылданған (ҚР заңымен 7 қазанда 1998 жылы өзгерістермен толықтырулар енгізілген) // ҚР Парламентінің Жаршысы. - 1998. - №4. - 217-құжат,

2. "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандары №132 конституциялық заңы // "Егеменді Қазақстан". - 2000 жылғы 30 желтоқсан. - №333-334.

3. "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 29 желтоқсандағы №2737 конституциялық заңы // ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы. - 1995 жылы. - №24.-173-құжат.

4. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлімі), ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 27 желтоқсандағы №269 XIII қаулысымен күшіне енгізілген // ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы. - 1994 жылғы 23-24 нөмерлерінің жеке қосымшасы.

5. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі 1999 жылы 13 шілдеде қабылданған // "Егеменді Қазақстан". - 1999 жылғы 22 шілде. - №156-165.

6. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі 1997 жылы 13 желтоқсанда қабылданған // ҚР Парламентінің Жаршысы. - 1997 жылы. -№23. - 335-құжат.

7. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетте

төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдары №209 кодексі // ҚР Парламентінің Жаршысы.-2001.-№11-12. -168-күжат.

8. Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі 2001 жылы 30 қаңтарда қабылданған ҚР Заңдарымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

9. "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы заңы, 1999 жылы 23 шілдеде қабылданған (ҚР Заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

10. "Аралық соттар туралы" Қазақстан Республикасы заңы, 2004 жылы 28 желтоқсанда қабылданған;

11. "Халықаралық коммерциялық төрелік туралы" Қазақстан Республикасы заңы, 2004 жылы 28 желтоқсанда қабылданған;

12. ҚР "Қазақстан Республикасының Прокуратурасы туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы заңы (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) // ҚР Жоғарғы Кеңестің Жаршысы, 1995 ж., №24. - 1566.

13. "Сот приставы туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 шілдегі заңы (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) // Егемен Қазақстан, 10.07.1997 ж.

14. "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 шілдеден заңы // Егемен Қазақстан, 23.07.1997 ж.

15. "Адвокаттық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы заңы, 1997 жылы 5 желтоқсанда қабылданған;

16. "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушылардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 шілдегі заңы (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) // ҚР Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., №13.-1956.

17. "Нормативтік-құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының, 1998 жылғы 24 наурыздағы №213 заңы // ҚР Парламентінің Жаршысы. - 1998 жылы. -№2-3. - 25-күжат.

18. "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдеде № 151 заңы // ҚР Парламентінің Жаршысы. -1997 жылы. - №13-14. -202-күжат.

19. "Ақша төлемі мен аударымы туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., №11-12, 177-күжат; №24, 445-күжат; 2000 ж., №3-4, 66-күжат; 2003 ж., №4, 25-күжат).

20. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының заңы 2001 жылғы 23 қаңтар №148-ҚҚ // "Казахстанская правда" от 30 января 2002 года, №25-26.

21. "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасының заңы, 1991 жылғы 20 желтоқсан айында қабылданған (17.05.2002 ж. өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).

22. "Қоғамдық бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасының заңы 1996 жылғы 31 мамырдағы №3-1 // Қазақстан Республикасы Парламентінің жарғысы. -1996.-№8-9.



23. "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасы заңы, 2001 жылы 16 қаңтарда қабылданған (ҚР заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген),

24. "Қазақстан Республикасында еңбек туралы" Қазақстан Республикасы заңы, 1999 жылы 10 желтоқсанда қабылданған (ҚР заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген),

25. "Неке және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы заңы, 1998 жылы 17 желтоқсанда қабылданған (ҚР заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).

26. "Сот сараптамасы туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 12 қарашадағы №188 заңы // ҚР Парламентінің Жаршысы. - 1997 жылы. -№21. - 276-құжат.

27. "Соттарда азаматтың іс жүргізу заңнамасының кейбір нормаларын қолдануы туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 20 наурыздары №2 нормативтік қаулысы // "Заң газеті", 2003 жылғы 16 сәуір, №16-17.

28. "Азаматтық істерді соттың қарауына әзірлеу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы 2001 жылғы 13 желтоқсан №21 // "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының бюллетені", 2002 ж., №12.

#### **Негізгі әдебиеттер:**

1. Алексеева Л.В., Жуйков В.М., Лукашук И.И. Международные нормы о правах человека и применение их судами. - М., 1996.

2. Аргунов В.Н. Участие прокурора в гражданском процессе. - М., 1991,

3. Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан: в двух томах. -Т.1. Общая часть: Учебник. - Алматы: КазГЮА, 2001.

4. Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан: в двух томах. -Т.2. Особенная часть: Учебник. - Алматы: КазГЮА, 2001.

5. Баймолдина З.Х. Разбирательство гражданских дел в суде первой инстанции: Научн.-практич. пособие. - Алматы: Жеті жарғы, 2002.

6. Барщевский М.Ю. Бизнес-адвокатура в США и Германии: Уч.пособие. - М.: Белые альвы, 1995.

7. Богуславский М.М. Международное частное право. -М., 1989.

8. Боннер А.Т. Законность и справедливость в право применительной деятельности. - М., 1992.

9. Вандышев В.В., Дернова Д.В. Гражданский процесс. Курс лекций. - СПб.: Питер, 2001.

10. Викут М.А., Зайцев И.М. Гражданский процесс России: Учебник. - М.: Юристъ, 1999.

11. Гражданский кодекс РК (Общая часть). Комментарий. В двух книгах. Кн.1./Отв. ред. М.К.Сулейменов, Ю.Г.Басин. - Алматы: Жеті Жарғы, 1997.

12. Гражданский кодекс РК (Общая часть). Комментарий. В двух книгах. Кн.2./ Отв.ред. М.К.Сулейменов, Ю.Г.Басин. -Алматы: "Жеті-Жарғы", 1998.

- 13.Гражданское право / Отв.ред. А.П.Сергеев, Ю.К.Толстой. - СПб., 1996.
- 14.Гражданский и арбитражный процесс, нотариат, обязательственные правоотношения. Образцы документов / Под ред. В.В. Яркова. - М., 1998.
- 15.Гражданский процесс: Учебник для вузов / Подред. Ю.К.Осипова. - М.: БЕК, 1995.
- 16.Гражданское процессуальное право России: Учебник для вузов/ Под ред. М.С.Шакарян. - М.: Былина, 1999.
- 17.Гражданский процесс: Учебник. Изд. второе, перераб. и доп. / Под ред. В.А.Мусина, Н.А. Чечиной, Д.М. Чечота. - М.: ПРОСПЕКТ, 1999.
- 18.Гражданский процесс: учебник для юридических вузов / Под ред. М.К.Треушникова. - 20-е изд., испр. И доп. - М.: Новый юрист, 1999.
- 19.Гражданский процесс: Учебник / Отв. ред. проф. В.В.Ярков. 3-е изд., перераб. и доп. - М.: БЕК, 1999.
- 20.Гражданское процессуальное законодательство: Комментарий/ Под ред. М.К.Юкова. -М.: Юрид. лит-ра, 1991.
- 21.Жуйков В.М. Права человека и власть закона. - М.,1995.
- 22.Жуйков В.М.: Судебная защита прав граждан и юридических лиц. - М.: Юридическое бюро "Городец", 1997.
- 23.Завадская Л.Н. Реализация судебных решений: Теоретические аспекты. - М., 1982.
- 24.Заворотько П.П. Процессуальные гарантии исполнения судебного решения. - М., 1974.
- 25.Исполнительное производство. Вопросы правоприменения. - М.: РПА МЮ РФ; Юрайт-М, 2001.
26. Исполнительное производство: Практикум Отв. ред. В.В.Ярков. - М.: Юристь, 2001.
- 27.Исполнительное производство. 2-е изд. / Под ред.Я.Ф. Фархтдинова. - СПб.: Питер, 2003.
- 28.Комментарий к Гражданскому процессуальному кодексу РСФСР / Под. ред. М.К.Треушникова. - М.,3 1996.
29. Лунц Л.А., Марышева Н.И. Курс международного частного права. Международный гражданский процесс. -М., 1976.
- 30.Мельников А.А. Курс гражданского процессуального права. -Т.І. - М., 1981.
- 31.Научно-практический комментарий к ГПК Казахской ССР. - Алма-Ата: Казахстан, 1976.
- 32.Научно-практический комментарий к ГПК РСФСР / Под ред. М.К. Треушникова. - М.: Городец, 2000.
- 33.Нәрікбаев М.С. және т.б. Азаматтық құқықтарды сот арқылы қорғау. - Алматы: Борки, 1998. - 176 б.
- 34.Осокина Г.Л. Подведомственность и подсудность дел гражданского судопроизводства: Учебное пособие. -Томск, 1993.
- 35.Осокина Г.Л. Проблемы иска и права на иск. -Томск,1989.
- 36.Репин В.С. Настольная книга нотариуса. - М., 1994.

37. Сахнова Т.В. Экспертиза в суде по гражданским делам. - М., 1997.
38. Семенов В.М. Конституционные принципы судопроизводства. - М., 1982.
39. Треушников М.К. Доказательства и доказывание в советском гражданском процессе. - М.: МГУ, 1982.
40. Треушников М.К. Хрестоматия по гражданскому процессу. - М.: Юридическое бюро "Городец", 1996.
41. Трубников П.Я. Защита гражданских прав в суде: Практическое пособие. - М., 1990.
42. Хугыз М.О. Общие положения гражданского процесса. - М., 1979.
43. Шакарян М.С. Субъекты советского гражданского процессуального права. - М., 1970.
44. Щеглов В.Н. Иск о судебной защите гражданского права. Томск, 1987.

#### **Қосымша әдебиеттер:**

1. Адам құқын қорғау - ардың ісі // Тураби. - №1, 2000. - 40 бет.
2. Азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізудегі прокурордың талабы // Заң және Заман. - №4, 2000.
3. Койшыбаева А. Встречный иск как основное средство защиты интересов ответчика в гражданском процессе // Фемида. - 2005. - №6, №36-39.
4. Темирбаева А. К вопросу о возмещении судебных расходов // Заң, және заман. - 2005. - №2-3. - С.21-22.
5. Актуальные проблемы теории и практики гражданского процесса // Правоведение. - №1, 1999. - С.287.
6. Байекеулы Б. О правовом нигилизме и правовой реформе // Тураби. - №3, 2000. - С. 73.
7. Жумабекова Г. Бұйрық арқылы іс жүргізуді қозғау // Заң. - 2005. - №12. - 18-19-б.б.
8. Жумашов Г. Участие прокурора в гражданском процессе в суде первой инстанции // Заң және заман. - 2005. - №1. - С.22-23.
9. Нам Г. Судебный процесс: форма и содержание // Предприниматель и право. - №14. - 2000 (июль).
10. Громов Н.А., Николайченко В.В. О действии принципов публичности и диспозитивности при возобновлении уголовных и гражданских дел по вновь открывшимся обстоятельствам // Правоведение. - №1, 1999. - С.186.
11. Грось А.А. Защита гражданских прав: сравнительный анализ институтов римского права и действующего гражданского и процессуального права // Правоведение. - №4, 1999. - С.281.
12. Грось Л.А. Влияние норм материального права на определение надлежащих сторон в гражданском деле // Правоведение. - №4, 1999. - С.35.
13. Дәдебаев Д. Қаз дауысты Қазыбек бидің билік шешімдері туралы // Заң және заман. - 2005. - №5. - Б. 27.
14. Жабаев Д. - Атқарушы іс жүргізуші мен сот орындаушылары: олардың мәртебесін көтеру - бүгінгі күн талабы // Қазақстан Заңдар. - №9, 1999.
15. Темирова Е. Правило свободной оценки доказательств // Фемида. - 2005.

- №2. - С.16-18.

16.Егембердиев Е.О. Қазақстан Республикасында аралық соттардың даму перспективалары мен тенденциялары // Сб. докладов межвуз. конф. "Молодежь XXI века и развитие современной цивилизации". - Караганда: Болашак-Баспа, 2002. - 229-231 б.

17.Кернебай Г.С. Қазақстан Республикасында аралық, соттардың даму перспективалары мен тенденциялары. Сб. докладов межвуз. конф. "Молодежь XXI века и развитие современной цивилизации". - Караганда: Болашак-Баспа, 2002.-232-233б.

18.Комментарий к главе 13 ГПК РК – Приказное производство // Тураби. - №3, 2000. - С.8.

19.Компенсация морального вреда при защите чести и достоинства // Правоведение. - №1, 1999. - С.264.

20.Меншік құқығын қорғау //Тураби. - №2, 2000. -35 бет.

21.Одинцов А.В. Особенности договорного регулирования семейных имущественных отношений // Правоведение. - №4, 1999. - С.67.

22.Прокурордың басты сот талқылауына қатысуы //Тураби. - №3, 2000. - 11-бет.

23.Расторжение договора в одностороннем порядке. С.А. Соменков // Гос. и право. - №4, 2000. - С.42.

24.Оразалыұлы С. Азаматтық іс жүргізу бойынша сырттай іс жүргізу институты // Заң. - 2005. - №12. -31-32-беттер.

25.Сарина С. Международно-правовое регулирование коммерческого арбитража // Фемида. - 2005. - №11. -С.24-26.

26.Содержание и осуществление личных неимущественных прав граждан: проблемы теории и законодательства. М.Н.Малеина//Гос. и право.-№2, 2000.- С.16.

27.Судебное доказывание и усмотрение суда в гражданском процессе. О.А.Папкина // Гос. и право. - №2, 2000.-С.30.

28.Трудовой конфликт: разрешать на месте или идти в суд? // Мир закона. - №3, 2000. - С.21.

29.Цедрые установки гражданского судопроизводства и проблема судебной ошибки. Г.А.Жилин // Гос. и право. - №3, 2000. - С.51.

30.Шетелдік тұлғаларға қатысты іс жүргізу // Тураби' - №3, 2000. - 47-бет.

### **Студенттер білімдерін бақылау бойынша сұрақтар**

- Азаматтың процесс түсінігі және мәні.
- Азаматтық, қылмыстық және әкімшілік процестердің айырмашылығы және ұқсастығы.
- Азаматтық іс жүргізу сатыларының түсінігі, түрлері және міндеттері.
- Азаматтық сот ісін жүргізу түрлері.
- Азаматтық іс жүргізу құқық түсінігі, оның пәні және жүйесі.
- Азаматтың іс жүргізу құқығының қайнар көздері (бастаулары).
- Азаматтық іс жүргізу нормалардын уақыт жағынан, кеңестікте және

тұлғалар арасы бойынша қолдануы.

- Азаматтық-процессуалдық нормалар түсіндіру (түсінігі және түрлері).
- Азаматтық-процессуалдық нормалар (түсінігі және түрлері).
- Азаматтық іс жүргізу құқық нормалар құрылымы (элементтері және оның түрлері).
- Азаматтық-процессуалдық кепілдіктер.
- Азаматтық-процессуалдық нысан (түсінік және белгілері).
- Азаматтық іс жүргізу құқық ғылым ретінде.
- Азаматтық сот ісін жүргізудің принциптер түсінігі, жіктеу және олардың мәні.
- Азаматтық істер бойынша іс жүргізу барысында судьялар тәуелсіздігінің кепілдігі.
- Азаматтық процесте тараптардың айтысу принципі.
- Азаматтық процесте диспозитивтік принципі.
- Азаматтық процесте тікелеу қатысу принципі.
- Азаматтық іс жүргізу құқық қатынасының түсінігі, мәні және мазмұны (белгілері мен ерекшеліктері).
- Азаматтық іс жүргізу құқық қатынастарының объектілері.
- Азаматтық іс жүргізу құқық қатынастарының пайда болу негіздері.
- Азаматтық-процессуалдық құқық қабілеттілігі (түсінігі және басталу кезеңі).
- Азаматтық-процессуалдың әрекет қабілеттілігі (түсінігі және басталу кезеңі).
- Арнайы азаматтық-процессуалдық құқық және әрекет қабілеттілік (түсінігі және басталу кезеңі).
- Азаматтық іс жүргізу құқық қатынастарының субъективтік құрамы.
- Азаматтық іс жүргізу құқық қатынастарында соттың рөлі мен мәні.
- Іске қатысушы тұлғалар, оларды жіктеу, мәртебесі және белгілері.
- Сот төрелігін жүзеге асыруға жәрдемдесетін тұлғалар, оларды жіктеу, мәртебесі және белгілері.
- Азаматтық процесте тараптар ұғымы, олардың белгілері.
- Азаматтық процесте талап қоюшы, оның іс жүргізу құқықтары мен міндеттері.
- Азаматтық процесте жауапкер, оның іс жүргізу құқықтары мен міндеттері.
- Іс жүргізуге тең қатысушылық түсінігі мен түрлері.
- Азаматтық процесте тиісті және тиісті емес тараптар.
- Іс жүргізу құқық мирасқорлық түсінігі, түрлері және негізі.
- Азаматтың процесте үшінші тұлғалар
- Азаматтық процесте прокурор.
- Азаматтық процесте басқа тұлғалардың құқықтарын қорғайтын мемлекеттік органдар, ұйымдар және жеке тұлғалардың азаматтық процеске қатысу жағдайы, негізі және нысаны.
- Сотта өкілдік ету түсінігі, түрлері және міндеттері.

- Сотта өкілдік ету субъектілері, олардың өкілеттіктері.
- Іс жүргізу мерзімдерінің түсініп мен түрлері.
- Азаматтық істердің ведомстволық бағыныстылығы және соттылығы.
- Сот шығындарының түсінігі, мәні және құрамы.

#### Сот айыппұлы.

- Соттық дәлелдеу түсінігі, мақсаты және ерекшеліктері.
- Дәлелдеу субъектілері.
- Дәлелдеусіз анықталатын мән-жайлар, оларды анықтау тәртібі.
- Соттық дәлелдеу пәні (түсінігі, мазмұны және байланыстылығы).
- Азаматтың процесте дәлелдемелер түсінігі және белгілері.
- Соттың дәлелдемелер бағалау.
- Дәлелдемелерді қамтамасыз ету.
- Жалпыға мәлім фактілердің сипаты.
- Азаматтық процесте преюдиция түсінігі және сипаты.
- Даусыз фактілер.
- Куә айғақтарын алу тәртібі.
- Заттай дәлелдемелер қолдану.
- Сараптама тағайындау тәртібі.
- Талап қою бойынша іс жүргізу түсінігі және мәні.
- Талап түсінігі және мәні. Талаптар түрлері.
- Талап элементтері.
- Талапқа қарсы қорғанудың іс жүргізу әдістері.
- Талапты қамтамасыз ету.
- Құқықтар мен мүдделерді қорғауда талап әдістерін қолдану.
- Талап қою тәртібі.
- Істі сотта қарауға әзірлеу.
- Сотта іс қарау.
- Іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру.
- Іс бойынша іс жүргізуді қысқарту.
- Арызды қараусыз қалдыру.
- Сот актілердің, түсінігі және түрлері.
- Сырттай іс жүргізу.
- Бұйрық бойынша іс жүргізу түсінігі және мәні.
- Ерекше талап қою бойынша іс жүргізу түсінігі және мәні.
- Ерекше іс жүргізу түсінігі және мәні.
- Апелляциялық өндірісі: пәні, мақсаты, сот құрамы, қабылдайтын сот актісі.
- Қадағалау өндірісі: пәні, мақсаты, сот құрамы, қабылдайтын сот актісі.
- Жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша іс жүргізу.
- Атқарушылық өндірісі: түсінігі, әдістері, міндеттері, субъектілері.
- Халықаралық азаматтық процесс.

## **Бақылау жұмыстарының тақырыптамасы**

1. Іс жүргізу құжаттарын құрастыру:

- 1) талап;
- 2) талап арызы;
- 3) талап бойынша қарсылық ету;
- 4) қарсы талап арызы;
- 5) ерекше іс жүргізу тәртібі бойынша арыз;
- 6) азаматтық іс қозғау туралы сот ұйғарымы және оны іс қарауына алу;
- 7) арызды қабылдаудан бас тарту туралы сот ұйғарымы;
- 8) талап қайтару туралы сот ұйғарымы;
- 9) талапты қозғалыссыз қалдыру туралы ұйғарым;
- 10) сотта іс қарауға әзірлеу туралы ұйғарым;
- 11) сотта іс қарауға істі тағайындау туралы ұйғарым;
- 12) талапты қамтамасыз ету туралы ұйғарым;
- 13) іс бойынша іс жүргізуді қысқарту туралы ұйғарым;
- 14) талапты қараусыз қалдыру туралы ұйғарым;
- 15) сот шешімі;
- 16) сот отырысының хаттамасы.

2. Азаматтық істердің макеттерін құрастыру:

- 1) неке бұзу және алименттер өндіріп алу туралы;
- 2) мүлікті бөлу туралы;
- 3) зиянды өтеу туралы;
- 4) меншік құқығын тану туралы;
- 5) бөтеннің заңсыз иеленуінен мүлікті алу туралы;
- 6) мәмілені жарамсыз деп тану туралы;
- 7) әрекетке қабілетсіздігін тану туралы;
- 8) хабар-ошарсыз кетті (өлді) деп тану туралы;
- 9) тыйым салудан мүлікті босату туралы;
- 10) заң фактісін анықтау туралы;
- 11) үйден шығару туралы;
- 12) лауазымды тұлғаның әрекетіне шағым беру туралы.

Оқытушымен немесе Треушников М.К. "Практикум по гражданскому процессу" М., 2007 құралынан ұсынылатын есептер шешу

### **5. Тарау. Пән бойынша тест сұрақтары**

1 Қандай негіздерде сырттай шешім шығарылады:

- A) талапкердің арызы бойынша
- B) жауапкердің тұрағы белгісіз болса
